16-17 АҚПАН
ФЕВРАЛЯ
FEBRUARY
ASTANA / 2018

Международная научно-практическая конференция

«ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ И ПРИКЛАДНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ НАУКЕ»

УДК 001
ББК 72
И К22

Национальная Государственная
КНИЖНАЯ ПАЛАТА
Республики Казахстан
ОПИСАНО И ПРОВЕРЕНО
Подписи

Редакционная коллегия:

Батырбаева Н.К. (Председатель)
Алибаев Ерлан Акылжанович
Ләзиза Мырзантайқызы
Дагайқызы Жаннат,
Қарагұлова Айгерім

Ответственные за выпуск:
Алибаев Ерлан Акылжанович
Ләзиза Мырзантайқызы

К22 **Қазіргі ғылымдағы іргелі және қолданбалы зерттеулер:** Международная научно-практическая конференция **Сборник**. – Астана: РНПЦ «Білім Образование-Education», 2018.-,,,с

ISBN

Настоящий **Сборник** представляет собой итог проведенной Международной научно-практической конференции **«Қазіргі ғылымдағы іргелі және қолданбалы зерттеулер»,** в городе Астана.

Издание адресовано широкому кругу специалистов в области истории, археологии, этнографии, культурологии, философской антропологии и искусствознания и будет полезно преподавателям, студентам вузов, магистрантам и докторантам, а также всем интересующимся историей и культурой Казахстана.

ISBN 978-601-275-785-9

© РНПЦ «Білім-Образование-Education»

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

АБДУЖАББАРОВА Алия Абдухаликовна
«Алпамыс Батыр»бөбекжай-балабақшасы
тәрбиеші,ағылшын тілі маманы
ОҚО, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы
Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада ағылшын тілін үйрету тәсілдері және оның сөздік қордағы рөлі жайында қарастырылған.

Аннотация

В этой статье рассматриваютсяроль языка в развитии устной речи и методы обучения английскому языку.

Көптеген әйгілі концепциялармен қатар қазіргі таңда ағылшын тілін оқытуды алгоритмдеу, ақыл-ой қызметін жүйелі қалыптастыру, дамыта және жеке - бағдарлы оқытуды біз ауыз екі сөйлеуді дамыту және аудармасыз оқуды жетілдіру мақсатында тілді оқыту деп түсінеміз. Біз мұнда А.А.Миролюбовтың пікірін бөлісе түсеміз.

Көптеген шетел әдіскерлерінің пікірінше бұл әдіс қазірге дейін көптеген елдерде ағылшын тілін оқыту жүйесінде басым болып есептеледі. Осы тәсілге орай үйренушілер әртүрлі күрделіліктегі мәтіндерді оқуға, жаттығулар орындауға, тестер мен эсселер жазуға көп көңіл бөледі. Сөйлеу тілін дамытуда үйренушілер диалог-үлгілерді тыңдап, оларды қайталауға, жаттауға ыңғайланады.

Бәрімізге белгілі ағылшын тілін оқытудың дәстүрлі түрінде тілдің құрамдас бөліміне, дәлірек айтсақ, грамматикалық, лексикалық және фонетикалық құрамына көбірек тоқталамыз. Коммуникативті емес жаттығуларға - яғни өзгерту, ауыстыру, тілдік бірліктерді орнына қою сияқты шарттардағы жаттығуларға көбірек көңіл бөлінуде.

Тіл - өлі, статистикалық құбылыс емес. Тіл, біз білетіндей, тірі, үнемі өзгеріп, дамып отыратын құбылыс. Қоғам, ғылым, өнер және адам әрекетінің басқа өрістерінің дамуымен қатар тілде де үлкен өзгерістер болып отырады.

Оқытушының міндеті - үйренушіге тілдің тек белгілі, тұрақты бірліктеріне сүйеніп қана қоймай, жаңадан пайда болған, өзгерген жағдайларда өз бетінше әрекет етуге қалыптастыру болып табылады.

Тілдегі болып жатқан өзгерістерге сәйкес тілдік материалды оқыту да өзгерді. Ағылшын тілін оқытудың дәстүрлі түрлері аясында оны шетел тілі ретінде қарастыруда «контексті тәсілді» атауға болады. Мұнда барлық грамматикалық ережелер нақты контекстерден алынған – ауызша және жазбаша әртүрлі қызметтік түрлерде мысалдармен безендіріледі. Мысалдардан берілген тілдік құбылыс әртүрлі контексте, тіл иелерінің сәйкес

коммуникативті жағдайларда тіл бірліктерін қалай қолдануына байланысты алынғанын көруге болады. Бұл контекстер тіл үйренуші берілген форма қашан және қайда қолдануы туралы өзі қорытынды жасай алатындай таңдалуы тиіс.

Бұрын мысалдар көркем әдебиеттерден алынатын немесе құрастырылатын. Әрине, тілін үйреніп отырған елдердің білімді кісілеріосыдан ғасыр не 50 жыл бұрынғы олардың ата бабалары сөйлеп не жазғанындай қазір сөйлеп, жазбайды. Шын мәніндеағылшын тілін үйренуші шетелдік азаматтың осындай сөйлеу үлгілерімен сөйлегені ерсі көрінген болар еді. Д.Кристаллдыңескертуіндей шетелдік екпін **(**назар**)** фонетика төңірегінде емес, лексика мен грамматика төңірегінде сезіледі. Ағылшын тілін шетел тілі ретінде үйренуші сөйлеуде не жазуда ағылшын классиктерінің шығармаларынан үнемі үзінді келтіріп жүргендей жиіреқсөйлеп, жазады .

Лексика аймағында Майкл Левис пен Джимми Хиллдің пікірінше негізінен нақты коммуникацияға қажеттілексикалық тіркестерді қолдануға көңіл бөлу керек дейді. Мұнда сонымен қатар басқа да қолданыстардан аулақ болу керек: күнделікті, сөйлеудегі ағылшыннан, әсіресе ресми не жартылай ресми жағдайлардағы «сленг» тіркестерін қолданудан аулақ болу керек .

Дәстүрлі оқытудан кейін ілесе пайда болған «Коммуникативті оқыту» тәсілі ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытуда маңызды орын алады . Үйренушілерге тиімділігі жөнінен бұл тәсіл барлық сөйлеу әрекеті түрлерінде қатынас дағдыларын игеру туралы мақсатты көздейді. Білімді, ептілік пен дағдыны анықтауды, қалыптастыру әдістерін, бақылау мен бағалауды қамтиды. Шет тілдерін оқытудағы бұл жетілген жүйе бұрын да педагогикалық қоғамдастықпен қабылданған болатын және қазір де оның бір бөлігі болып саналады.

Ағылшын тілін үйретуде коммуникативті-бағдарлы оқыту тәсілін тәжірибеге енгізу қарқынды хабарламалармен алмасуға, ғылым мен техника саласындағы жаңа ойлар мен пікірлерді қарастыруға, мәдениет саласындағы үлкен жетістіктермен алмасуға әкелді. Әр түрлі іс-әрекет өрісіндегі мамандармен алмасу қарқыны өсті.

Осы жолдардың бірі бойынша, тіл үйренушілер қарым-қатынас жүргізуде белгілі коммуникативті міндеттерді орындау арқылы аталған тәсіл аясында оқытылады. Бұған қоса оқытушының түсіндіруі немесе әдеттегі практикалық жаттығулар барынша ықшамдалған. Бұл тәсілді “Strong Communicative Approach” деп атайды.

Екінші ұсыным бойынша, үйренушілер оқытушы түсіндірмесімен жүргізілетін әдеттегі жаттығулар мен тапсырмаларды орындайды. Оқыту процесінде қажетті тәсілді таңдау көбіне үйренушілердің оқу сатысы және үйрену деңгейі арқылы анықталатыны мәлім. Сөйтіп бастауыш топтар үшін тікелей тәсілді қолдану мүмкіндігі бар, яғни, сабақтарда бала өз ана тілін оқып үйренгенде қолданылатын тәсілдер мен қалыптасқан тіл қолданылады.

Басқа пікірлерге байланысты (Dr J.Asher),мұндай деңгейдегі үйренушілер сабақта оқытушының сілтемелерін мұқият тыңдап, көрнекіліктер

немесе оқытушының қимылы арқылы түсініп, осы нұсқауларды орындаулары керек. Мұндай сабақтар жеткілікті түрде көп уақыт алуы мүмкін, бірақ бірте-бірте оқытушы сілтемелері күрделенеді де оған бірнеше сөйлемдер немесе грамматикалық күрделі құрылымдар қосылады. Мұндай әдісте оқушыдан ауызша сөйлеу оның өзі қаламайынша немесе ол өзі дайын болғанша талап етілмейді.

Ағылшынтілін қарым-қатынас тілі ретінде барынша ерте қолдану "Community Language Learning" нұсқасында ұсынылады. Бұл тәсіл ағылшын тілін үйренуші ересек адамға тән барынша аз қобалжу мен тынышсыздықты туғызбай, кез келген тақырыпта қызығушылық тудыратын әңгіме жүргізуде қолданылады. Үйренушілер бір-біріне қарама-қарсы отырады да оқытушы олардың артында тұрады. Егер үйренушінің бірі бірнәрсе айтқысы келсе ол оқытушыға белгі беріп шақырады да оған өз ойы туралы ана тілінде жәй айтады. Оқытушы ол фразаны ағылшын тіліне аударып, сыбырлап айтады. Үйренуші фразаны бірнеше рет қайталайды да, оны дұрыс айтуға машықтанады. Аз уақыттан кейін, яғни сөйлем жеткілікті дұрыс айтылғанда, үйренуші оны дауыстап айтады. Бұл сөйлем бір уақытта, мысалы, таспаға жазылып отырады. Егер әңгімені жалғастыру керек болса осы үлгі қайталанады. Осылайша барлық талқылау жәй және біртіндеп құрастырылады да жазылып отырады. Араға аз уақыт салып талқылауға үзіліс жасалады да, осы диалогта кездесетін тілдік құбылыстарды түсіндіру басталады, оның ішінде грамматикалық ереже және құрылымдар, лексикалық бірліктер талданып, қарастырылады.

Коммуникативті- бағдарлы білімі жоғарырақ деңгейдегі үйренушілер үшін"Task-Based Learning" тәсілі қолданылады, яғни, күнделікті өмірге керек және қажетті ептілікті қамтитын жұмыс түрінің негізінде оқыту тәсілі алынуы мүмкін. Коммуникативті міндеттер осындай тапсырмаларға дайындық кезінде, оларды орындауда және оны жан-жақты талдауда шешіледі. Сырттай қарағанда бұл тәсіл жобалыәдістемені еске түсіреді, бірақ мұнда шешілетін міндеттер барынша қарапайым – мысалы, балалар мерекесін ұйымдастыру және т.б.

Жоғарыда келтірілген әдістемелерге шолу ағылшын тілін оқытудың тәсілдері толық және жеткілікті емес екендігін көрсетеді. Қазіргі уақытта ағылшын тілін оқытудың жобалы және әлеуметті - мәдениетті әдістері, құзырлылық әдістері қолданылып жүр. Дегенмен ағылшын тілін оқыту әдістемесінде білім мен қазіргі заманғы тенденцияларды қолдану оқытушы жұмысын қызықтырақ етіп, түрлендіре түседі.

Әдебиеттер:

1. Миролюбов А.А., История отечественной методики иностранным языкам. М: СТУПЕНИ, ИНФРА-М, 2002. -448р.

2. Scrivener J. Learning Teaching. A. Guidebook for English Language teachers, 2-nd.ed. – Macmillan Education, 2005. – 431p.

3. Aitken R. Teaching Tenses. – ELB, 2002.
4. Carter Ronald, Hughes Rebecca, McCarthy MichaelExploring Grammar in Context. – Cambridge University Press, 2000.
5. Crystal D. The English Language. 2-d edition, 2002.
6. Lewis M. and Hill J. The English Verb: an Exploration of Structureand Meaning. Language Teaching Publications. 1996.
7.Morgan J., Rinvolucri M., Vocabulary: Resource for Teachers. – Oxford University Press, 2004.

ТІЛ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

ЕРБАТЫР Б.Ө.,СӘБИТБЕКОВА М.М., УТАРГАЛИЕВА Ш.Ш.,МОЛДАШЕВА Л.Ж., ҚОЖАБЕКОВА Ж.Қ.

Западно-Казахстанский государственный медицинский университет имени Марата Оспанова
Старший преподаватель курса казахского языка кафедра языков
город Актобе, Казахстан

Аңдатпа

Бұл мақалада орыс бөліміне қазақ тілін оқытып жүрген оқытушылардың инновациялық іс-әрекеті, педагогикалық жетістіктері туралы жазылған. Сонымен қатар бұл оқытушылардың инновациялық іс-әрекетін жетілдірудеқойылатын талаптар мазмұны мен педагогикалық технологияның енгізілуі туралы.

Аннотация

В статье рассматриваются вопролсы формирования и совершенствования инновационной деятельности, педагогических достижений преподавателей казахского языка при обучении русскоязычной аудитории, таким образом, вопросы педагогических технологий и проблемы достижений инновационных методов обучения преподавателей.

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар: біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту» деп Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тіліміз бен ұлттық рухымыздың биік тұруы үшінболашаққа бағдар жасады. [1]

«Қазақтың ақылы – көзінде, қасиеті - сөзінде» деген ұғым, түсінігі халықтың сөзге берген бағасы және тіл байлығын орынды қолдануы туралы болса, қазіргі танда орыс бөлімінде оқитын студенттердің тілі

байлығындамыта отырып, тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті екенін түсіндіріп, әр сабақты жаңашыл әдіс – тәсілдермен өткізу өз жетістігін беруде.

Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: “Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады” - деген. Әр студентке тіл тазалығының сақталуы керектігін, оған көздіңқарашығындай қарауын және мемлекеттік тілдіңорынсыз шұбарлануын алғашқы сабақтан бастап үйретеміз.

«Инновация» — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Демек, мақсат пен нәтиже — жаңалыққа бет бұрудың кілті. Инновациялық үрдістің негізі — жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жеке оқытушы үшін ізденуді керек етеді, инновациялық оқытутехнологияларын енгізіп, ұжым сол меңгерілген әдістермен сабақ өткізіп, енгізу актісін методикалық бөлім арқылы алады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларынсауатты меңгермей, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық технологиялар студенттердіңшығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып жүрген инновациялық технологиялар мыналар:

«миға шабуыл» әдісі, проблемалық оқыту әдісі, рольдік ойындар,

TBL(Team Bazed Learning-командалы-бағдарланған оқыту әдісі) оқыту әдістемесі;

CBL(cased-based learning- нақты жағдай әдісі)) әдісі [2б:1,2,3,4,5].

Курс оқытушылары TBL, CBL инновациялық әдістері бойынша сабақтар жүргізіп, оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша 8 ендіру актісін алды. Қазақ тілі курсында «Жалпы медицина», «Стоматология», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Мейіргер ісі», «Әскери медицина» және «Фармация» мамандықтарының I курсына «Қазақ тілі», II-III курстарына «Кәсіби қазақ тілі» пәндері оқытылады. Бүгінгі жаңашыл оқыту бағытында сабақты TBL, CBLәдістерімен өткізуді ұйымдастыру оқытушы үшініздену мен жауапкершілікті бірдей жүреді. Сондай инновациялық педагогикалық технологиялардың біріне командалы-бағдарланаған оқыту әдісі немесе TBL (Team Bazed Learning) жатады. TBL (командалы-бағдарланған оқыту әдісі) – шағын топтарда оқыту әдісі, студенттерді командада жұмыс жасауға дағдылануынамүмкіндік береді. Команда – бұл ортақ мақсаттары бар, дағдылану мен білімді үйренуде бірін-бірі толықтыратын, соңғы нәтижегежоғары деңгейде жетуге өзара тәуелді және жауапкершілігі бар адамдар тобы. [2].

Ақпараттықтехнологиялардыңауқымының кеңдігікөптеген кәсібиміндеттерді, соның ішіндебілім беру саласындатіл үйретуді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Осы мүмкіндіктердібілімдітүрде пайдалана алу

шарттарының біріжоғарғы оқу орындарында студенттердіңқажетті білім мен тәжірибелік дағдыны алуы болып табылады, бұл жалпы медицина факультетінің 120 А,Б топтарында CBLәдісмен өткізілген«Ардагерлер – алтын тұғыр» атты сабақстуденттердің қазақ тілін қаншалықты меңгергенін мәтінмен жұмыс жасау қабілетін анықтап, өз ойларын жеткізуге мүмкіндік берді. Бұндайәдістерге case-study (нақты жағдай әдісі)ағылшын сөзінен алғанда case – оқиға,ситуация –нақтылыжағдайды шешу жолдарын оқытуға негізделген белсендімәселелік жағдайлық талдау әдістемесі (есепті шешу) немесеCBL (cased-based learning) әдісі [3 б:1,2,3,4,5]. Кейстің үш бөлімі болады. Мысалға бірін алайық.

Сабақ барысы:

1 – кезең. Топтық жұмыс.

1- қадам: пікірлесу.

Топ басшысын сайлау, бағалау парағын беру.

Рөлге бөлу: Тайм – менеджер.

Төраға. Репортер – хатшы. Әр бөлімдегі жағдайға байланысты спикер.

Кейстің 1 - бөлімі. [3-2].

Берілетін тапсырма:

43жылдың тамызы

1943 жылы Сталинградтан Ойылдағы Мавлюдовтар отбасына баласы Мәліктің «қаза тапқандығы» жөнінде қаралы қағаз келіпті. Соның алдында ғана 30-40 минуттай уақыт бұрын ұлдарының аман-есен елге оралғандығы жөнінде хабарлама алған әке-шеше есеңгіреп қалыпты.

Тапсырмалар:

1. Мәтінмен танысып, бұл жағдай туралы не ойлайтындарыңызды ақылдасыңыз, өз пікірлеріңізді айтыңыз.

2.“Қаралы қағаз” деген сөздің мағынасы туралы пікірлесу және түсіндіру.

3. Әке-шешенің жағдайы жөнінде не айтуға болды?

CBLәдісменоқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Сол себепті педагогикалық үрдісті технологияландыру мәселесі маңызды болып саналады. Инновацияның іс-әркетті басқару оны ұзақ уақыт бойы зерттеген жағдайда ғана табысты болады. Сол себепті инновация жайлы айта отырып, оны ең алдымен дұрыстап саралап алу қажет. Біз медициналық оқу орыны болғандықтан әр пәнді әр түрлі тәсілдерменжүргіземіз. Кәсіби қазақ тілі сабақтарында«миға шабуыл» әдісі, проблемалық оқыту әдісі, рольдік ойындар әдісі жиі қолданылады. Қорыта айтқанда, тіл үйрету үшін әр кез жаңашылдыққа ұмтылып отыру – оқытушылар үшін парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.«Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір 2017жыл

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // http:// adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118.

3. Д.м. н., зав. Жанаспаев М.А Кафедрой траматологии и профилактической медицины ГМУ//г. Семей .- 2012, 22-б. [2.б:1,2,3,4,5].

Методика проиедение занятий с использованием технологии TBLиCBL [Мастер-класс].

4. Омарова К.П., Ким С.В., Жармаханова Г.М. и др. Командно-ориентированный метод обучения (TBL – Team-Bazed Learning). – Актобе, 2011.

5. Юй Р.И., Мулькибаева Ш.Ш. Опыт внедрения TBL – командного метода обучения на кафедре гистологии КазНМУ // ҚазҰМУ хабаршысы. – 2011. – №2. – С.98-100.

«ОЗАТ ТӘЖІРИБЕ - ОРТАҚ ӘДІС»

АКБАЛАЕВА Мейрамкуль Жаксиликовна
МКҚК «Үлгілі» бөбекжай балабақшасы,
меңгеруші,
ОҚО, Мақтарал ауданы, А.Қалыбеков ауылы
Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі бала тәрбиесі жөнінде сөз болмақ. «Бала тәрбиесі -тал бесіктен» демекші, біз бұған бейжай қарай алмаймыз. Мен біздің балабақшадағы озат тәжірибелермен бөлісіп, шығармашылықты дамыту мақсатында осы тақырып аясында қалам сілтеп отырмын. Сондықтан да мақала тақырыбын «Озат тәжірибе - ортақ әдіс» деп алдым.

Аннотация

Эта статья в данное время является одним из актуальных проблем. Воспитание ребенка начинается с колыбели. Поэтому мы должны обращать большое внимание на воспитание детей. Поделившись передовыми опытами в настоящее время мы работаем над творческой работой «Передовой опыт-единый метод».

Бүгінгі күні мектепке дейінгі балалардың ақыл -ойының толық даму мен шығармашылық мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Шығармашыл бала берілген материалды тез қабылдайды, өзінің күшіне сенімді, әрі жаңа ортада өзін жақсы сезінеді. Сол себепті білім беру әрекетін ұйымдастыру барысында зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті, көз алдына елестету, сөздік қорын дамыту

және жаттықтыруға , шығармашылық жұмыстарға көбірек көңіл бөлуді талап етіп отырғаны айқын.

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты жан –жақты әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады.

Бүгінде қоғамдық дамыту факторы ретінде білім беру жүйесін қайта құру білім сапасын жақсарту мәселесі қолға алына бастады. Тіліміздің мәртебеге ие болуы, халқымыздың ұлттық мәдениетінің еркін дамуына септігін тигізуде. Бүгінгі жас ұрпақ- ертеңгі егемен еліміздің болашағы, халық тағдырын шешетін азамат.

Сондықтан да мектепке дейінгі шақтағы балалардың тілін дамытуда бүгінгі таңдағы озық технология элементтерін тиімді , ұтымды қолдану ол тәрбиешінің шеберлігін көздейді. Яғни балабақша тәрбиешісінің еншісіндегі әрекет пен дағды деп айтуға болады. Бүгінгі таңдағы білікті тәрбиешінің осы озық технологияны тиімді колданғанның нәтижесінде балалардың түсінігін кеңейтіп, сөздік қорын молайтып , дүниетанымын байыту мен қатар ойлау қабілетін арттыру , тілдерін ширатып ,өз бетімен жұмыс жүргізуін қалыптастыру мен сөз таптарын меңгертуі арқылы өз ойларын еркін жеткізеді.

Мектепке дейінгі шақ адамзат өміріндегі ең шешуші кезең болып келеді. Өйткені осы кезең баланың бойындағы бар табиғи дарындылықты жан жақты дамытуына ықпал ететін кезең. Сондықтан да осы шақтағы балалармен анағұрлым жан -жақты дамытушылық жұмыстар жүйелі жүргізілсе , соншалықты жұмыс нәтижелі болмақ. Міне осыған сәйкес «Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы» теориясы технологиясын қолданудың маңыздылығы зор. ӨТШТ авторы Генрих Саулович Альтшуллер. Бұл технология жеке тұлғаны қалыптастыруда ең тиімді құрал болып табылады. Кейбір психологтар шығармашылықты былай бағалайды: ол яғни алғырлық , білімпаздық , жүйелілік, түпнұсқалық . Ал өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясының мақсаты ойлау стилін жетілдіру, ереже жасау. Яғни адамның өмірге деген көзқарасынан шығармашылық туындайды, ол өмірлегі өзгерістерді дамуды санасына қабылдауына тікелей байланысты болады. Баланың шығармашылық потенциалының тұлға ретінде даму мәселелері білім мақсатының біріне жатады.

Балабақша жағдайында балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы түрлі бағыттағы қызметті болжайды. Бұл жұмыс бала мен тәрбиешінің бірлескен шығармашылық саласын және құрдастарымен араласуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар , ӨТШТ ақылдылардың , құрастырушылардың , ізденушілердің символы , яғни балалардың қаншалықты абстрактылы ойлауын , қиялдауын бақылағыштығын , зейіндерін ертерек дамытудың жолы.

Бала тілін дамытуда ӨТШТ технологиясын қолдану аса маңызды. Жүйелі қолдана білген әрбір тәрбиеші баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп, ойлау белсенділігін күшейтеді. Балалар шығармашылығы

өзін , өзінің мүмкіндіктері мен қоршаған ортаны танитын және оларға өзінің көзқарасын білдіретін ерекше әлем. Қазіргі таңда сурет салу әдістерінің түрлері көбейіп , уақытты үнемдеуге балалардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Сурет салу арқылы балаларды эстетикаға , этикаға , жинақылыққа тәрбиелейміз. Бейнелеу іс- әрекеті барысында тәрбиенің сенсорлық, ақыл -ой, эстетикалық, адамгершілік және еңбек пен дене тәрбиесінің алуан түрлі жақтары жүзеге асырылады. Бала ақыл- ой операцияларының негізінде өз жұмысының нәтижесін әуелі ойша елестетіп алып ,содан кейін әрекет тет бастайды. Сурет салу әдістерінің біздің балабақшада мынадай түрлерін кеңінен қолданамыз. Атап айтар болсақ, монотопия, кляксография және бастырма әдісі.

Монотопия әдісі гуаш пен акварель бояуларын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Белгілі бір сурет бетіне екінші сурет парағын басу арқылы орындалады. Шыққан суретке қарап балалар іңгіме құрастырады. Сонымен қатар, симметриялы суреттердің жарты бөлігін салып , қағазды ортасынан қайрып бүктеп бір біріне басса, суреттің екінші жарты бөлігі пайда болады, Мәселен, көбелектің суретін осылай салса да боады.

Кляксография үрлеу әдісі арқылы сурет салу әдісі болып табылады. Қағаз бетіне қылқалам көмегімен түрлі түсті тамшылар түсіріліп, осы тамшыларды айналдыра үрлейді. Бояу тамшыларынан пайда болған ерекше бейнелерді бір бейнеге ұқсастырып, өз шығармашылықтарын дамыта түседі.

Бастырма әдісі саусақ ,алақан, картон , жеміс -жидектер ,картоп, сәбіз арқылы жүзеге асырылады. Салынған суреттер көркем әдемі болып шығады.

Сонымен қатар Дамыта оқыту технологиясының да алар орны ерекше, (негізін салушылар мен зерттеушілер В Давидов,В.Занков, С.Эльконин, П.Эрдниев) бұл технология баланың жалпы жан дүниесіне және оның сезіміне әсер етіп, логикалық ойлауын дамытып, сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалдарын балаға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс –әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу,

Дамыта оқытудың нәтижесі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым –қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестікпен жоғарғы технологияның, ғылым мен білімнің заманы. Сондықтан оқыту процесінде жаңа педогогикалық технологияларды пайдалану әрбір тәрбиешінің міндеті.

Балабақшада саусақ ойындарын, сергіту жаттығуларын барлық ұйымдастырылған оқу қызметінде үнемі пайдаланса, нәтижесінде балалардың тілі, қимыл –қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамиды.

Бүгінгі таңда АКТ технологиясы терең элементтерін пайдалана отырып, ертегі терапиясын, құм терапиясын, никтаграфия әдісін, қол маторикасын дамыта отырып, Фребель әдісі арқылы түрлі ашық оқу қызметтерін, Лэпбук әдісі, бузиборт тақтайшаларын монтоссорий әдісі арқылы балаларды іздемпаздыққа және білімді өздігінен меңгеруге жағдай жасап, күнделікті өмірде қолдана алатындай дәрежеге жеткізуге атсалысып жатырмыз.

Тәуелсіз еліміздің ертеңгі жас ұрпақтың рухани байлығын , мәдениетін , саналы ұлттың ойлау қабілетін, білімін ұштастыра отыра , балабақшамызда жылдық жоспарға сәйкес бүлдіршіндерді шығармашылық бағытты ұстанатын тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән беруде.

«Еліміздің ертеңі -бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында» деп Н.Ә.Назарбаев айтқандай, заман талабы баланың отбасынан және балабақшадан алған тәрбиесінен бастау алады. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей , әу баста ұлтымыздың , тәуелсіз елеміздің ертеңі болашақ бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолында «Үлгілі» бөбекжай балабақшадағы тәрбиешілер өз үлестерін қосуда.

Балабақшада баланың таным процесін ізгілендіру мақсатында көптеген оқу тәрбие үдерістері жан –жақты ұйымдасырылып өткізіледі. Ақпараттық техникаларды пайдалану мен таным белсенділігін арттыру барысында біздің балабақша тәрбиешілері білім беру үрдісінде интерактивті құралдарды қолдану әдістемесі бойынша семинар, ашық есік күндері, тренингтерге қатысып, флипчарт сабақтарын өткізу бойынша біліктіліктерін арттырып , мадақтама сертификаттар алып келді. Балабақша уақыт талабына сай балаларға жас ерекшеліктеріне байланысты заманауи педагогикалық технологияларда білім беруде. Бүгінгі таңда АКТ технологиясы терең элементтерін пайдалана отырып, ертегі терапиясын, құм терапиясын никтография әдісін қол маторикасын дамыта отырып Фребель әдісі арқылы түрлі ашық оқу қызметтерінде балаларды ізденімпаздыққа, шығармашылыққа баулу арқылы жағдай жасап, біліктіліктерін жетілдірудеміз. Балалармен денсаулық сақтау технологиялар барысында «Тәй –тәй шоу» «Толағай» отбасылық сайысы, «Бақытың да, байлығында Денсаулық» атты іс –шаралар кең көлемде өткізілуде. Тәуелсіздігіміздің 25-жылдығына орай «Ұрпақ тәрбиесі –баршаға ортақ» кіші қызметкерлер арасында сайыс ұйымдастырылып, «Өнегелі отбасынан үлгілі ұрпақ өседі» ата –аналары мен бүлдіршіндерді үлгілі отбасын нығайту, балабақша мен ата-ана арасында тығыз қарым –қатынасты орнату аясында «Сүйіспеншілікпен қарсы аламыз, мақтанышпен шығарып саламыз» атты ашық есік күндері өтті. Балабақша ұжымының тынымсыз еңбегінің арқасында мектепке дейінгі ұйымдардың бірлігі мен білім беру үрдісінде ата- анамен бірлескен жұмыс түрлері тақырыбында аудандық семинар өтті.

Заманымыздың болашағы жас ұрпақтың ой -өрісін жоғарылату , тілдік ,шығармашылық, әлеуметтік, таным және денсаулық құзіреттіліктерін арттыру, рухани байлығын, тапқырлығын арттыру, проблемалық

мәселелерден шығу жолын өздеуде алған білімдерін қолдануға үйрету және оған бағыт- бағдар беру бүгінгі таңдағы әрбір тәрбиешінің міндеті деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Абдуллина Г.Т. Педагогикалық тапсырмалар.- Түркістан, 2012ж. 86-бет.
2.Ломова В.А. Азбука ТРИЗ. –Алматы «Жеті жарғы» 1997ж.
4. Мұғалім шеберханасы. №3 .2013ж. 2-5-беттер.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕН ЖИНАҚТАЛҒАН БАЙ ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ӨМІРГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ

АКИМБЕКОВ Бауыржан Тунгышбекович
Бөкейхан атындағы жалпы орта мектебі
Тарих пәнінің мұғалімі
ОҚО, Сайрам ауданы, Жібек жолы ауылы
Қазақстан

Аннотация

«Қазақ халқының ұлттық тәрбиеден жинақталған бай тәжірибелерінің өмірге қажеттілігі» тақырыбында жазылған мақалада ұлттық тәрбиеден жинақталған бай тәжірибелер көрсетілген.

Ата бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтап келген тәрбиенің қайнар көзі болған қасиетті салт-дәстүрлеріміз бен ырымдар мен тиымдар әрбір балаға саф ауадай, кәусар бұлақтай қажет.

Аннотация

В статье «Значение богатого опыта национального воспитания казахского народа в жизни обшества» передан богатый опыт национального воспитания.

Собранный нашими предками богатый опыт национального воспитания , знание обрядов и традиций казахского народа очень важно для каждого ученика как воздух и чистый родник

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне зиян келтіреді»
Әбу Насыр әл- Фараби

Жер бетіндегі әрбір халықтың ұрпақ тәрбиесінде өзіндік ұлттық моделі, яғни ұлттық ұстанымы бар. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын

ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы - өзінің ісі, өмірін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеу.

С.А.Назарбаеваның «Ұстаздан ұлағат» атты кітабында: «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту, сезімді тәрбиелеу-баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық –қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз»,- деп жазылған.

Қасиетті де қастерлі қазақ халқыныңда өз ұрпағын тәрбиелеуде өзіндікерекшелігі болған. Ата-бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтап келген, тәрбиенің қайнар бұлағы болған қасиетті дәстүрлерімізді дәріптемесек, болашақ ұрпақ тәрбиесінің мәні тым жайсыз күйге ұшырауы ғажап емес.

«Ел болам десең , бесігіңді түзе» демекші өскелең өркенге саналы тәрбие жас кезінен бастап беріледі. Мұны балғын бұтақты оңай июге болатынымен салыстыруға болады.

Толыққанды тәрбие жұмысы болғанымен көп жағдайда тек қана қағаз жүзінде екенін мойындауымыз керек. Егер олай болмаса, мектеп оқушылары арасындағы қарулы қанды қақтығыстар, ұлтымыздың ұяң мінезді деп есептелетін қыздары арасындағы кәнігі қылмыскерлерге бергісіз жан түршігерлік сорақылықтар , бүкшеңдеген қарияға көмек қолын созу былай тұрсын, жекіп, мазақ ету, тағы басқа таусылмастай болып көрінетін жан күйзелтерлік қоғамдағы көріністер неге жиілеп барады?

Осы біздер ата-бабамыздың ұрпақ тәрбиесінде салған сара жолынан ауытқып кеткендейміз. Балам деген жұрты болмаса , жұртым деген баланың болмайтынын ескеріп , әрбір балаға кәусар бұлақтай қарап , көзін аша білуіміз қажет. Осы жерде бізге сан- салалы салт- дәстүрге бай халқымыздың асыл , бай мұрасы көмекке келеді. Халқымыздың өткеніне үңілсек, ұлттық тәрбиеден бай тәжірибе жинақтағанын аңғаруға болады.

Ұлттық тәрбие дегеніміз сана- сезім менсенім қалыптастыру. Ал ұлттық тәрбиеге тікелей ықпал жасайтын білім ордасы, мектептер мен жоғары оқу орындары. Олар жас мамандармен ұстаздарға мемлекет пен халықтың мүддесін ойлайтын «елім, туып өскен жерім, мен Қазақстан Республикасының азаматымын» деп жүрегі соғатын ұрпақ тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін үйретуге міндетті.

Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу-үлкен міндет.

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екені даусыз. Сондықтан сол мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, рухани биік, адамгершілігі мол, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу үшін төмендегі қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі-тиым сөздерді тілге тиек етпекшімін.

Бұл сөздер есі кірген балаларға жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық теріс мінездерден сақтандырып отырған. Тізені құшақтау-жалғыз қалудың, қолды төбеге қою-ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу әдепсіздіктің,

асты төгу, ысыраптың белгісі деп танығаң және ондай істерге қатаң тиым салған.

Мысалы:
Дастарқанды, тамақты баспа.
Кісі міне күлме,
Малды, ыдысты, тамақты теппе.
Суды сапырма, суға дәретке отырма, суға түкірме
Көкті жұлма.
Үй айнала жүгірме.
Босағаны керме, құшақтама.
Табалдырықты баспа,отырма.
Малды басқа сабама.
Бетіңді баспа
Бүйіріңді таянба.
Есікті керме.
Суға қарай жүгірме.
Жұлдызды санама.
Отқа түкірме.
Есікті теппе.
Үйді айналма.
Бос бесікті тербетпе.
Дастарқаннан аттама.
Қолыңды тарақтама.
Кесені төңкерме.
Басқа ұрма.
Нанды төңкерме.
Түнде айнаға қарама.
Түнде тырнақ алма.
Табалдырықты баспа.
Үйде ысқырма.
Үйге қарай жүгірме.
Жағыңды таянба.
Таяққа сүйенбе.
Нанды бір қолыңмен үзбе.
Бейуақытта жылама.
Бейуақытта ұйықтама.
Көкті жұлма.
Жалғыз ағашты шаппа.
Бейітке қарап қолыңды шошайтпа.
Ақты төкпе.
Тұзды баспа.
Қолыңды төбеңе қойма.
Адамға қарап керілме.

Жатқан кісінің үстінен аттама.
Дастарханды қағазбен сүртпе.
Құранды жерге тастама.
Дастарханды пышақпен қырма.
Жер таянба.
Сыпырғымен баланы ұрма.
Жақын адамдарға мылтық, пышақ сыйлама.
Кісі ақысын жеме.
Аққуды атпайды.
Жұма күні кір жума.
Түнде далаға кір жайма.
Итке ожаумен ас құйма.
Қонаққа кетік кесемен шай құйма.
Бейітке қарап, түзге отырма.
Айға қарап дәрет сындырма.
Қазанды төңкерме.
Дастарқанды ашық тастама.
Аяқ қолыңды жіппен байлама.
Тісіңді қайрама.
Бас киіміңді босағаға ілме.
Киімнің жағасын баспа.
Ожаумен баланы ұрма.
Үш күн айтта кір жума.
Бөркіңді теріс қаратып киме.
Бейуақытта науқастың көңілін сұрама.
Күлді шашпа.
Отпен ойнама.
Нанды лақтырма.
Нанның үстіне басқа зат қойма.
Шапанды желбегей киме.
Бас киіммен ойнама.
Мал қораға дәрет сындырма.
Малды құр қол айдама.
Тізеңді құшақтама.
Айтып қолыңмен көрсетпе.
Шелектегі суға аузыңды батырма.
Адамға қарап түкірме.
Кемтар адамға күлме.
Кісіге қару кеземе.
Кісіге пышақ сұқтама.
Пышақты шалқасынан қойма.
Пышақтың жүзін жалама.
Таңдайыңды қақпа.

Ішегіңді тартпа.
Екі езуіңді керме.
Басыңды шайқама.
Тыйым сөздердің тәрбиелік мәні

Қазіргі қоғам дамуының үдерісіне қарай халықтың дәстүрі мен санасында айтулы өзгерістің жүзеге асып жатқаны мәлім. Өскелең өмірдің өсуімен салт пен сананың дамуы заңдылық, дей тұрғанмен, өркениеттер тоғысында ұлт тағдыры сынға түскен кезеңдегі күнделікті тіршілікте көзге түсіп жүрген кей жағдайлар алаңдаушылық туғызып, күнгейлі өмірдің көлеңкелі дағындай көрінетіні-шындық. Қазіргі адамдардың, әсіресе, жастардың бойындағы қаталдық, уыткерлікке берілушілік, ұятты мүшесіне қарамай жалаңаштану, бет-аузынан басқаның бәрін тұмшалап, сөленделеген киім кию, т.б. осындай халықтың дәстүр салтында жоқ келеңсіз көріністің көлбеңдеп қалмауы еріксіз ой салады. Сол ойдың ұшығы бодандық кезеңнің зардабынан көмескі тартқан ұлттық тәрбиеге барып тіреледі. Ежелгі халықтық тәрбиеге үрке қарап, кертартпа ескішіл үлгі деп бағалаудың салдарынан халықтық тәрбие қағидалары ұмыт бола бастады. Бүгінгі барлық ата-ана халықтық тәрбиені біле бермеуі де мүмкін. Екіншіден, ашық қоғам болғандықтан да жат жұрттық салт-сана иектеп, ел өміріне ентелей басып кіруде. Бұл – барлық өркениетті елдерге ортақ жағдай. Бұған қарсы тұратын ұлы күш бар, ол – ұлттық тәрбиені күшейту.Тәуелсіздік алғаннан бері ғана ұлттық тәрбиенің тамырына қан жүгіріп, енді бел алып келеді. Бірақ осы мәселені қолға алу ата-аналар тарапынан толық жүзеге асты деп айту қиын.Әр елдің өзінің ғасырлар бойы жасаған ұлттыққұндылықтары тарихтың қатал тезінен өтіп, ғасырлар өткелінде шыңдалып бүгінге жеткен асыл мұрасы. Асылы, халықтық тәрбие сол елдің тұрмыс-тіршілігіне, тарихи танымына, ой-санасына, дәстүріне сай қалыптасады.Бұл – атадан балаға қанымен беріліп, ес кірген шақта тәрбиемен шоқтанып, жас ұрпақтың жанына жалын беретін рухани ұлы күш. Мұны әр ата-ананың жүзеге асыруы қасиетті парызы екенін түсінгені жөн. Ұрпақтың жақсы- жаман болуы, алдымен, олардың бойына ата-ананың сіңірген үлгі - өнегесімен өлшенеді.

Халқымыз ғасырлардың небір талқысынан ұрпақтың бойына дарытқан рухани күшінің құдіретімен аман өтті. Осы тәрбиенің нәрімен қазақтың болмысынан өлмес рұхтың өрлігі есті. Ата – бабамыз ұрпағын ұлттық тәрбиенің тұнығынан қандыра отырып, талай тар кезеңде қазақтық бейнесін жоғалтпай, елдігі мен өрлігінкөрсете білген өмірлік жолы бұған куә. Қазіргі кезеңде біз үшін тәрбиенің кілті ұлттық сана мен ата дәстүрінадал сақтай отырып, халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан әрекет ете білуге ұрпақты үйретуде және адамзат қоғамы жасаған әлемдік адами құндылықтармен байыта отырып тәрбие мазмұнын жетілдіре түсуде.

Ұрпақ санасында ұлттық қасиеттерді қалыптастыру тіл мен дін, салт пен сана, ұлттық дәстүр арқылы жүзеге асады. Халқымыз ғасырлар бойы сайын даланың қатал табиғатымен бетпе-бет келгенде, шапқыншы жаумен

шайқасқанда, бейбіт өмірдің мамыражай тірлігінде жинақталған бай тәжірибесінен көрген – түйген қорытындысы ретіндегі ырымтыйым сөздердіңұрпақ тәрбиесінде қазір де мәні қойылған жоқ. Ізгілікті аңсаудан туған ырымдар , бәле –жала кесапаттан сақтандыратын тыйымдардың тәрбиелік мәні өте зор. Ырымдар мен тыйымдар халқымыздың әлеуметтік өмірінде, тұрмыс- тіршілігінде жас буын тарапынан бұлжамай орындалып отырған. Тыйым сөздерді заң ретінде қабылдаған. Егер осы мәселеге тереңірек көз салсақ,ырымдар мен тыйымдар құқықтық норма даңгейінде қолданылғанын аңғарамыз. Әлеуметтік өмірдегі түрліше қарым- қатынаста адамдардың әрекеті үстінде көрсететін мінез- құлқын анықтайтын, жалпыға міндетті ережелердің жиынтығы ретінде танылады. Міне, осындай деңгейде ырым- тыйым сөздерді халқымыз пайдаланып, баршаға бірдей, міндетті түрде орындатқан. Мұның өзі қоғамдағы үлгі- өнеге, әдептіліктің негізгі қағидасы болып қалыптасқан. Сондықтан қазіргі біздің ортамызда олқы соғып отырған имандылықтың, сұйылып бара жатқан адамгершіліктің негізі болып саналатын тыйым сөздер кесел мен кесапат аталуыдан, жүгенсіздік, тәртіпсіздік аталуыдан сақтандырушы қалқан, инабаттылық пен ізгіліктің қайнары еді.

Ырым мен тыйым сөздер бір бірімен сабақтас, өзектес болады. Халық ұғымындағы ырым ұрпаққа өнегесі, шапағаты тиетін, ізгі қасиеттер жұғысты болса екен деп қолданылатын ғұрыптың түрі.Ол негізінді жақсы ниет пен көңілге медеу, тілекке сүйеніш табу үшін қолданылады. Киелі , қасиетті ерекше бір рухтан сол арқылы медет тілейді. Ал кей әрекеттерден жамандық шақырады деп ырымдап, тыйым салады. Осы жерден біз осы екі ұғымның өзара байланысты қанаттас жүретінін аңғарамыз. Осы айтқанымыз сенімді болуы үшін мына мысалдарға назар аударыңыз: бүйіріңді таянба, үйге, ауылға қарай жүгірме, таңдайыңды қақпа, тізеңді құшақтама. Осы сөздерден жамандықшақырады деп ырымдап, тыйым салған. Ал дүбірлі ас пен тойдан сарқыт алу, үйге оң аяқпен кіру, отқа май құю үстіндегі жақсы тілек болашақтан күтер үкіліүмітпен ұштасып, сәттілік пен береке, ізгілік ұрпағыма болса екен деген қалау аңғарылады.

Тыйым сөздер жағымсыз , келеңсіз әрекетті тоқтатуға арналған. Жат пиғылдан, орынсыз қалықтан, теріс мінезден сақтандыруға бағыттала қолданылған. Адамдардың бойындағы адамгершілік , имандылық қасиеттеріниңөлшеміндей деңгейде пайдаланылған. Бұл тыйым сөздердің мән-мағынасының қаншалықты екенін аңғартса керек.

Ырымдарға қарағанда тыйым сөздердің айтылу мәнінде , қолданылу бағытында айырма бар. Ырымдар көңілге медеу, тілекке сүйеніш табу үшін қолданылғандықтан, ауқымды, кең ұғымда айтылып, үміт түрінде көрінсе, тыйымдарда ой қысқа қайырылып, нақты талап, бұйрықты мәнде жеткізіледі. Мысалы, күлді баспа, ақты төкпе, көкті жұлма, ұяны бұзба. Бұл сөздер жоғарыда айтқан ойымыздың толық дәлелі болады. Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылғандықтан ойы айқын, жас ерекшелігіне сай

түсінікті, нақты тұжырымдарды білдіреді. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырады. Есі жаңа кірген кезден басталып ержеткенге дейін құлағында жүріп жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейірімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қатқылдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол, нұрлы. Қысқа да нұсқа, айтылу екпіні де ерекше тіркестер шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойын ұсындырғандай. Өйткені ойлы , мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл. Бұл талдап , талқылауды қажет етпейтін, сөзсіз орындалуға тиісті өмірлік міндеттей мәнді тұжырымдар. Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған. Атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таюмен тең саналған.

Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген. Сондықтан әр жас ата салтынан аспай, айтқаны қалтқысыз орындалған. Міне, қазақы тәрбиенің құдіретті ерекшелігі осы жерден көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата- ана болмас.

Біздіңше , адам қоғамының барлық түрінде де тыйым сөздер қажет. Тіршілік болған соң күнгейі мен көлеңкесінсіз болмайды. Сол кереғарлықты реттеп отыру үшін нанымдық, сенімдік, моральдық- этикалық, құқықтық нормалар сияқты тыйым сөздер де әлеуметтік ортаныреттеп отырады. Қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап , адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамассызетуге мүмкіндік туады.

Ырым және тыйым сөздердіңмазмұнынан тәрбиенің бірнеше түрін көруге болады. Атап айтсақ , адамгершілік, әдептілік, имандылық, экологиялық, гигиеналық және тағы басқа түрлерге бөлуге болады.

Адамгершілік адам болмысы үшін басты көрсеткіш екені белгілі. Мұндай адами сезімдерді қалыптастыратын сөздердің қатары көп. Олрда адамды сыйлау, қайырымды болу, өтірік айтпау, еңбекті бағалау, т.б. тәрбиелік ұғымдар қамтылған. Мысалы: адамға қарап күлме, біреуді лдама, кісі ақысын жеме, үлкеннің бетінен алма, жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, кемтарға күлме, ұрлық қылма, зорлық жасама, арыңды сатпа, аманатқа қиянат жасама, әйелге күш көрсетпе, мақтанба, тәкаппар болма, өтірікке күәлік жасама, жалқау болма.

Әдептілік- адамдармен қарым- қатынаста көрінетін сыпайыгершілік , іземтілік таныту арқылы өз ортасында сүйкімді, жұғымды көрсететін ерекше қасиет. Ол адамгершілікпен, имандылықпен қанаттас жүретін ұғым. Біздің мұны ерекше бөліп көрсетуіміз бүгінгі қоғам үшін орны мен маңызы ерекше болғандығынан. Мұндай сөздерге: үлкеннің алдын кесіп өтпе, үлкенге әрқашан орын бер, үлкеннен бұрын сөйлеме, үлкеннен бұрын тамаққа қол созба, топта даурығып сөйлеме, адамды қорлама, орынсыз күлме, қолыңды білеп сөйлеме, кісінің көзінше қасынба, мұрныңды шұқыма, кісінің үстінен аттама, тосып сөйле, кісіге қарап түкірме, т.б. жатады.

Имандылық туралы баспасөз беттерінде аз айтылып жүрген жоқ. Адамгершілік, тәртіптілік, сыпайыгершілік ұғымдарының бәрін де қамтиды. Олар: әруақ аттама, дінді сатпа, құранды баспа, тәңірге, әруаққа, құранға тіл тигізбе, өлім үстінде жаман сөз айтпа, өлген адамды жамандама, намазды бұзба, қабірді баспа, жұма күні кір жума, т.б.

Экологиялық тәрбие- қоршаған ортаға қамқорлық, залал тигізбеу, тылсым құдіретін бағалауға арналған сөздер жатады. Олар- көкті жұлма, ұяны бұзба, суға

түкірме, ағын суға кір шайма, мал теппе, аққуды атпа, бұлақты бітеме, жәндікті өлтірме, суға зәр сындырма, құмырсқаның илеуін баспа, бұлақты бұлғама, ағашты кеспе, т.б

Тазалық тәрбиесінде жас ұрпақтың дені таза , тәні сау болып өсуі жеке бас тазалығын сақтауға арналған тыйын сөздердің орны ерекше. Олар: аяғыңды

жоғары көтерме, сыпырғышпен ұрма, шалбарыңды жастанба , дәрет суын аяқ асты төкпе, сыпырындыны, күлді шашпа, құдыққа түкірме, саусағыңды сорма, қолға жұққан суды сілкіме, тамақтың үстінен аттама.т.б.

Эстетикалық тәрбиеге қатысты адамның сыртқы көрінісінің жарасымдылығы мен жүріп- тұру әдебіне байланысты әр алуан сөздер бар. Олар: шашыңды жайма, тақымыңды көрсетпе, езуіңді керме, талтайып отырма, шаш тырнағыңды өсірме, бөркіңді теріс киме, кіндігіңді ашпа.

Белін таянбайды. Себебі жақын адамы қайтыс болғанда жоқтау айтып жылаған әйел ғана белін таянады.

Жақты таянбайды. Қайғы -қасіреттенәбден қажыған адам ғана жағын демеу етіп таянады.

Жер таянып отырмайды. Жақынынан айырылған адам ғана жер таянады.

Бетті басуға болмайды. Қайғы- қасіреттен қажыған адам ғана бетін басады.

Қолды тарақтауға , артқа қусырып жүруге болмайды. Бұл – қолы байланған тұтқынды еске салатын жаман ырым.

Белді босқа буынбайды. Өмірінде перзент көрмеген адам ғана белін босқа буынады.

Тізені ,табанды тартуға болмайды. Ауруға шалдыққанда ғана тізе мен табанды тартады.

Тізені құшақтамайды. Бұл «ұрпақсыз қалдым», «қу тіземнен басқа құшақтар қалмады», деген жаман ырымды білдіреді.

Жуған қолды сілкісе, ырыс- несібе кетеді.

Адамға қарап қолды шошайту әдепсіздік болып саналады.

Саусақты, қолды орынсыз ауызға салуға болмайды, бұл да әдепсіздік белгісі.

Аяқ-қолды жіппен байлауға болмайды. Себебі бұл қол-аяғы байланған тұтқынды еске салады.

Басты шайқауға, тісті қайрай беруге болмайды. Жүйке ауруына шалдыққан адам ғана осылай істейді.

Таңдай қағуға болмайды. Үй ішінде таңдай қаға беру – жаманшылық (өлім-жітім) шақыру белгісі.
Біреуге қарап ерін шығаруға, үлкен адам алдында аяқты созып отыруға, адамға қарай түшкіруге, түкіруге, үлкен кісінің жолын кесіп өтуге болмайды, бұл қылықтардың бәрі де әдепсіздік болып саналады.
Құран оқығанда күлуге, оны жерге тастауға болмайды. Өйткені ол – киелі кітап.
Кісіге қарап бей-берекет күлуге болмайды. Жүйке ауруына шалдыққан адам ғана бей-берекет күле береді.
Адамға қарап керілмейді, әдепсіздік болып саналады.

Жатқан кісінің үстінен аттамайды.
Кемтар адамға күлуге болмайды.

Екі езуді керуге болмайды, себебі бұл әдепсіздік болып саналады.

Құдайға тіл тигізуге болмайды.

Тырнақты тістесе, ырыс-несібе кетеді.Тырнақ пен бастың шашын бейсенбі мен жұмадан басқа күндері алады.

Сейсенбі күні үлкен іске кіріспейді, түнгі қонаққа мал сойылмайды, жаңа мекенге көшпейді, тіпті малды да санамайды. Қазақ халқында сәрсенбі сәтті күн болып есептеледі. Сондықтан барлық істі сәрсенбі күні бастайды.

Түнде айнаға қарамайды. Адам түнде айнаға қарағанда қатты шошынуы мүмкін.Итті, мысықты тебуге болмайды. Ер адам төрге қарап жүрелеп отырмайды, өйткені ол қырық адамның жолын бөгейді. Егер әйел жүрелеп отырса, онда қырық адамның жолын оңғарады.

Ауылға атпен шауып келуге, үйге жүгіріп кіруге болмайды. Бұл қауіп-қатер не адам шығынынан хабар деген жаман ырымға саналады. Егер сүйінші хабар болса, шауып келуге болады. Бірақ «сүйінші, сүйінші!»,- деп айқайлап келу керек.

Қайғылы, қазалы хабарды естірткенде немесе жаназаға шақырғанда атпен шауып келіп, шеткі үйге ғана хабарлайды. Ол үйдің иесі басқаларға хабарлауға болмайды.

Кісі ақысын жеуге болмайды. Кісі ақысын жеген адам одүниеде тозаққа барады.

Жақын адамға мысық берме, аралары суып кетеді. Құлаған үйдің, мал қораның ішінде Адам дәретке отырмайды, киесі ұрады.

Жақын адамдарға пышақ сыйламайды.Күн батар алдында ұйықтауға болмайды.Батар күнмен жарысып ұйықтау жаман ырымсаналады.

Түн ішінде тырнақ алмайды. Өйткені қол кесіліп немесе тамаққа тырнақ ұшып түсуі мүмкін. Тырнақ пен шашты баспайды, отқа тастамайды, оларды адам баспайтын жерге көмеді.Кірдің суын басуға болмайды. Барлық жаманшылық кірдің суымен кетеді, оны басу сол жаманшылықты үйіңе әкелгенмен бірдей. Басты маңдайдан бастап жауады. Өйткені жақсылықтың

бәрі адамның маңдайына жазылады.Таяққа сүйенуге болмайды. Өйткені жақынықайтыс болған адам ғана таяққа сүйенген.

Бейіт тұсынан өтуге, бейітке қарап қолды шошайтуға, оған қарап түзге отыруға болмайды. Өтірік жылауға болмайды. Бұл – қайғы-қасірет шақыратын жаман ырым.

Дәретке кіргенде сөйлеуге, күлуге болмайды. Дәретханаға сол аяқпен кіріп , оң аяқпен шығу керек.Бойымдағыауыртпалық дәретханада қалсын деп, сол аяқпен кіріп, жақсылықтың бәрі алдымнан жолықсын деп, оң аяқпен шығу жақсы ырым саналады.Тағамдарға қатысты Тойға немесе асқа қымыз әкелген сабаны біржолата сарқып босатпайды, түбінде міндетті түрде бір ожау болса да қымыз қалуы керек. Жерге төгілген ақты (сүт, айран) басуға болмайды. Сүт төгілген жерге тұз себеді. Іркітті ашық далада піспейді, құты кетіп қалады. Сауылған сүттің бетін ашып қоюға болмайды. Беті ашық қалса , шаң – тозан немесе улы жәндіктер түсіп кетсе, сүтті бүлдіреді.Сүтті үрлеп ішпейді, майлығы азаяды. Сүттін жасалған тағамдарды жерге төгіп тастауға болмайды.Сүт тағамдарын жерге төгіп тастау күнә болып саналады.Сүт сауатын шекелекті су басына апармайды, құты кетіп қалады.Ақтың жуындысын адам жүретін жерге төгуге болмайды.Малдың бірінші сауымынан алынған майды асқа қолданбайды, онымен босағаны, табалдырықтың жоғарғы бөлігін майлайды. Нанды шашуға, жерге тастауға, басуға, рәсуа етуге болмайды. Нан – дәм басы, онсыз өмір жоқ . Сондықтанда дастарқанға алдымен нан қойылады. Таңертең нан ауыз тимей үйден шығуға болмайды. «Асығыспын, нан ауыз тиейін», «Ең құрыса, нан ауыз ти»,- деген сөздер бекер айтылмаған. Нанды төңкеріп қоюға болмайды. Нан – қасиетті дәм.Онымен ойнауға болмайды. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды. Кемтар адам ғанананды бір қолымен сындырады.

«Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»- деп ұлы Абай Құнанбаев айтқандай егемен елдің ертеңі болар бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, туған Отанының патриоты етіп тәрбиелеу баршаға ортақ міндет.

Менің айтпағым ұлтымыздың асыл қазынасы тыйым сөздерді пайдалана отырып қазіргі ұрпақ бойындағы жамандық атаулыдан құтылудың қамын жасауды ата- аналар мен жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаздарға ұсынғым келеді. Ата салтын пайдалана отырып, айтқанын ұрпағына орындатар есті ата- ананың назарын ырым –тыйым сөздерге аударғым келеді. Ата дәстүріне иек артпай тәрбиенің көсегесі көгермейтінін баса айтқым келеді.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Сейіт Кенжеахметұлы «Жеті қазына».Алматы 2011
2. Әбубәкір Диваев «Тарту». Алматы «Ана тілі» 1992
3. «Той» құрастырғандар: БейбітСапаралы Жақау Дәуренбеков Алматы «Өнер» 1993

4. «Мектеп» Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалықжурналы №11,122009
5. Үсен Қарасай ұлы «Ата салты- асыл мұра» (жинақ) Шымкент қаласы 1995

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

АЛМАГАМБЕТОВА Хатира Арубаевна
«Алпамыс Батыр»бөбекжай-балабақшасы,
меңгеруші,
ОҚО, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы
Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп қарастырылып отыр.

Аннотация

В этой статье рассматриваютсянастоятельная проблема возрождения сознания, национальной идентичности, национального кодекса, координации его ценностей с мировыми ценностями и целями на благо Казахстана.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу

“Инновация” ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген.[3, 56] Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді. Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. ” Масырова Р., Линчевская Т. – “Жаңару” дегенімізді былай деп түсіндіреді: “Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес,

ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын)[4, 58].

Сондықтан да қазіргі қоғамымызда әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды жаңа әдіс-тәсілдердідер кезінде қабылдап дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар мектептегі оқу-тәрбие жүйесі, мұғалім-оқушы арасындағы қарым-қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?» деген пікірімен бала өміріндегі ойынның маңыздылығына көз жеткізуге болады.

Ойын дегеніміз – баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Ойын элементтерін пайдалану оқушылардың ой - өрісін, танымдық белсенділігін арттырады, алғырлықты, тапқырлықты, логикалық ойды дамытады. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабақтарында ойын түрлерін қолдану – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, сабаққа белсенділігін арттырады.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі түрі, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Ол сабақ барысында пайдаланатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады.

Ойын технологиясының мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау.

Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында өткен тақырыпты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында көңіл - күйін сергітеді, ерік - жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ұлы педагог В.А. Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе», – деп М. Жұмабаев атап көрсеткендей, оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі сабағында орынды қолданылған ойын элементтері оқушылардың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді [5, 45].

Қазақ тілі сабақтарында қолданылған дидактикалық ойындарды сабақтың мақсатына қарай мынадай түрлерге бөліп қарастырады: тапқырлық ойындар, ізденімдік ойындар, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар [6,78].

1. Тапқырлық ойындар – оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастырады. Мысалы: асық ойыны,

«Қоржында не бар?» ойыны, «Дыбыстық ойыны»,«Әліпбиді білесің бе?» ойыны.

«Қоржында не бар?» ойыны (қоржында жатқан әріптерден сөз құрастыру керек) .

«Дыбыстық ойыны» (1 минут ішінде 1 - қатар «А» дыбысына, 2 -қатар «Ұ» дыбысына, 3 - қатар «Ө» дыбысына сөз құрастыруы керек) .

«Әліпбиді білесің бе?» ойынының шарты: қазақ әліпбиіндегі әріптердің реттік санын білу, сол бойынша жасырынған сөздерді, мақал-мәтелдерді шешу:

1 24 24
1 25 1 24 37
1 25 1 17 8 14 8 18
18 1 18

2. Ізденімдік ойындар – оқушыларды өздігінен ойлауға үйретеді. Мысалы: «Баламасын тап» ойыны, «Қандай сөздер жасырынған ?» ойыны, «Буынды тез тап» ойыны, «Бинго» ойыны.

«Баламасын тап» ойыны (1 - қатардағы сөздерге 2 - қатардан баламасын табу керек)

Жалқы – Жалпы –
Деректі – Туынды –
Дара – Жанды –
Дерексіз – Күрделі –
Негізгі – Жансыз –

«Қандай сөздер жасырынған?» ойыны:

РАЖАҚЫРЫЙД – жарқырайды
ІРЕИД – ериді
ПҰШЫ КЕДІЛЕ – ұшып келеді
ҮЛГДІДЕЙ – гүлдейді
БЫРЖАҢ УАДЫЖА – жаңбыр жауады
ДЫҚАЗА – қазады
ҚҰДЫЯ – құяды
ЗҰДАРАЫ – ұзарады
ДЫНАОЯ – оянады
ДІКЕЛ – келді

«Буынды тез тап» ойыны («қар» буынынан басталатын сөздерді жазу керек. Мысалы: қарлығаш, қарға, т. б.)

3. Рөлдік ойындар – оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға арналған ойындар.

4. Іскерлік ойындар – оқушылардың түрлі жағдайда дұрыс сөйлеуін қалыптастыратын, диалогтік және монологтік үлгілерін жетілдіретін ойын түрі.

«Дос тақырыбына сөз тіркестерін құра» ойыны: (1 - сөз сын есімнен 2 - сөз зат есімнен болу керек). Мысалы: Жақсы дос

Сын есім + зат есім

Сан есім + зат есім

Зат есім + зат есім

Есімдік + зат есім

Зат есім + етістік

Сабақта дидактикалық ойын түрлерін пайдалануда бала білімінің деңгейін, біліктілік сапасын көтеретіндей, ұлттық санаға, салт - дәстүрге, тәрбиеге сай болуын ескеруіміз керек. Мысалы: жамбы ату, асық ойыны. Жазушылардың суреттерін көрсетіп, сол сурет туралы әңгіме құратуға, олардың шығармаларының атын атап, сипаттама бергізуге болады.

«Тез ойлан» ойыны – үш буыны да ашық дауысты, үш дауыссыз дыбыс қайталансын. Ол қай сөз? – кереге, терезе.

Үш дыбысты сөз ойла. Оның дауыстысы жуан, ашық, еріндік болсын. Мысалы: қол, жол, мол. Сынып оқушылары ішінен аты үндіден басталып, ашық, жуан, езулік дауысты дыбысқа аяқталсын. Мысалы: Роза, Лара, Майра.

Түрлі ойындарды өткізу сөзсіз сабақты жандандырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Ойын – әрекет және белсенділік. Балалар шаршаған мезетте сергіту, бой жазу жаттығулары өте пайдалы. Сергіту ойындары балалардың сабақта зейін қойып тыңдауына, ақыл - ой бір нәрсеге тұрақтандырып, саналы түрде білуге септігін тигізеді.

Ойын элементтерін оқу үдерісін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланумен қатар, ұйымдастыру кезеңінде пайдалану тиімді. Ойын технологиясы арқылы оқыту әсіресе бастауыш буын мен орта буында аса қажет және маңызды роль атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
2. Аймауытұлы Ж. Таңдамалы шығармалар. Алматы 1991
3. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
4. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
5. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.А.1995
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А. 1992

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ МЕН «ОТ» ЛЕКСИКАСЫНЫҢ КОНЦЕПТІЛІК СИПАТЫ

ЕРЖІГІТ Айзада Нұржанқызы
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты
Ақтау қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақалада әлемнің тілдік бейнесі мен «От» лексикасының концептілік сипаты қарастырылады. Әлемнің тілдік бейнесіндегі қазақ халқына тән «отқа» байланысты әдет-ғұрыптар зерттеледі.Ғаламның тілдік бейнесінде мәдени ықпал басты орынға шығады, сол себепті әлемді мәдени-ұлттық сипаттағы халық жинақтаған тәжірибеден танитынымыз сөз болады. Осыны дәлелдеу мақсатында құндылықтар, «от» лексикасының концептісі қарастырылады.

Аннотация

В этой научной статье обсуждается концептуальная природа лингвистической картины мира и лексики «Огонь». Лингвистический образ мира изучается обычаями казахского народа. В лингвистическом образе космоса на первый план выходят культурные влияния, и мы осознаем этот огромный мир из опыта, накопленного культурно-национальным характером. Чтобы доказать это, значения, понятие «огневой» лексики.

Әлемнің тілдік бейнесіне бейнелер емес, бейнеленгендер енеді. Ол субъективті тәжірибе жемісі. Осыған орай А.Вежбицкая әр тіл о бастан өз иелеріне белгілі бір әлем бейнесін беретіндігін айтады: «Нельзя на естественном языке описать «мир как он и есть»: язык изначально задает своим носителям определенную картину мира, причем каждый данный язык – свою...Языковое значение – это интерпретация мира человеком, и никакие операции над «сущностями реального мира» не приближают к пониманию того, как устроено это значение» [1, 5-6б].

И.А.Стернин әлем туралы білімді сол не басқа затқа қатысты білім жиынтығы деп түсінеді және әлем туралы білімді ғылыми тұрмыстық энциклопедиялық білім ретінде қарастырады. Оның ойынша, әлем туралы тілдік білім тілдік емес білімге қарсы тұрады. Тілдік білім сөз мағынасында дербес семантикалық компоненті ретінде көрінсе, тілдік емес білім сөз мағынасында қандай да бір компоненттерді жасайды. Тілдік емес білім адам санасында нақты, көрнекі, сезімдік түрде сақталады және жан-жануарлармен адамның ортақ ойлауының нәтижесі екенін айтады [2, 20-32б].

Е.М.Абақан «Тілдің мәдени философиясы» еңбегінде: «Тіл білімінде «әлемнің бейнесі», «әлемнің ұлттық бейнесі» сияқты термин ретінде қолданылып жүрген сөйлемдерде әлем бейнесінің жасалуы жеке адамға, я болмаса, бүкіл адамзатқа тән құбылыс ретінде қарастырылады. Оның когнитивтік (санаға қатысты), гносеологиялық (танымдық) сипаты адам ойында пайда болады. Бірақ «әлемнің тілдік бейнесі» қоршаған ортаның тікелей, тура бейнесі бола алмайды екен. Себебі, болмыс пен тіл арасында адамның санасы тұрады» [3, 75б],– деген пікір айтады.

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым М.О.Әуезов қазақ халқының ескі наным-сенімдері жайлы былай жазады: «Қазақтың ескі діні дүниені көп ие билейді деген сеніммен басталады. Сол себепті аспанға (тәңірге) табыну, жер үстінің күштісі деп отқа табыну, дүниенің жасырын сыры – пері, жын сияқтыларына, бақсыларына табыну туады. Кейбір мифтерде отты алғаш рет әйел, одан кейінірек еркек иеленген делінеді. Мифтердің мұндай нұсқасы өмірдегі шындықпен жанасады, өйткені барлық ежелгі халықтарда үй ошағының сақшысы әйел деп есептелген. Грек мифологиясында құдайлар отты адамдарға бермей, тек өздерінің игіліктері үшін ғана қызғана қорғаштаса, адамдардың досы әрі қорғаушысы Прометей Олимптен отты ұрлап әкеледі.

От алғашқы қауым адамдарының санасында кейіптелген сипатқа ие болған. Бұл жөнінде мәдениеттанушы ғалым М.И.Шахнович: «Ежелгі адам санасында от туралы ұғым оған «жану процесін» емес, тірі жан «от қожайыны» кейіпінде көрген. Европа мен Азияда табылған ориньян дәуірінің скульптурасына жататын жалаңаш әйелдің статуэткалары үй ошағы мен «от қожайыны» бейнелерімен жақындастырып қарау бар. От қожайынын бейнелеген әйел статуэткалары амут және эскимостарға белгілі. Коряктарда отты тұтандыратын құралдың өзі «от-әйел» де аталған, - десе, С.А.Токарев ойынша, Сібір халықтарының «от-ана»туралы ұғымдары палеолит дәуірінің, ана культінің туу, ошақты әйел ұғымымен байланыстыра кейіптеу дәуірінің кейбір ұшқындары [4, 150-164бб].

Ш.Уалиханов: «көшпенділердің отқа табынуы ертеден-ақ дәлелденген. Отқа табыну ертедегі ирандықтар мен ертедегі көшпенділер арасында бірдей пайда болып, бірдей әрқайсысы өзінше дамыған. Шамандық салттың ішінде отқа табыну өз күшінде. Қазақтар отты әулие санайды, осы әулие атаулармен мұсылман тақуаларын да атайды.

Сонымен бірге жаңа түскен келіннің жұмсақ, биязы болуын тілеп, отқа май құйып, еңкейтіп, тағзым еткізеді; жас нәресте дүниеге келгенде, баланы отқа жақыдатып, жалбарынады; отты тазалаушылық қасиет бар деп, аластайды. Отпен анттасып, өшіп қалған от болса да оған түкіртпейді. Халық отқа табынып, ал басқалар болса, жын-перілермен қоса мұсылмандардың періштелерін де шақырып, Алланы мадақтайды. Осылай екі дінді араластыра табыну «ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстаған» дейді өзінің «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында.

Зеттеу еңбектерге қарағанда тек қана Ұмай анаға табыну XIX-ғасырдағы үйлену салтында айқын көрінеді. Ұлы ағартушы ғалым ЫБырай Алтынсарин

келін алғаш рет ата-ене үйінің босағасын аттағанда отқа май құйып, көне дәстүрді атқаратынын жазған. Жаңа түскен келіншекті әйелдер атасының үйіне алып келеді. Есіктен кіре бере ол бүгіп сәлем береді. Келіншектің от басына төселген жұмсақ теріге отырғызады, ондағысы терідей жұмсақ болсын дегені. Одан кейін отқа май құйып, бірнеше рет отқа бас иіп, «от-ана, май ана, жарылқа!» - деп жалбарынып, тілек тілеген. Кейде, «от-ана, май ана,жарылқа!» деген тілек орнына «от әулие, май әулие,жарылқа!» деп те айтатын болған. Мысалы, келіншек табалдырықтан аттаған бойдан, ошаққа жеткенше, тізесін бүгіп 3 рет сәлем етеді, содан кейін үй ортасында жанып тұрған отқа бі бақыраш май құяды. Лапылдап жанған майдың жалынына кемпірлер қолдарын тосын: «от әулие, май әулие» деп беттерін сипайды. Отқа май құю рәсімі тек келіндер жағында ғана емес, күйеулер жағынан да атқарылатын салт болған. Бұл кәде күйеу жігіт алғаш рет қайын жұртына барғанда, қайын атасының табалдырығын аттағанда істелген. Халқымызда бұл дәстүр «отқа құяр» деп аталған. Бұл дәстүр бойынша «күйеу келіп табалдырықтан аттай бергенде оған 3 рет тәжім еткізеді де, үй ортасында жанып тұрған отқа алып келіп, қолына сұйық май құйылған темір бақыр береді».

Жоғарыда айтылғандардан, оттың тазалаушы қасиетімен бірге ол – отбасының, ошақтың символдық бейнесін жасаған. «От жаққан жерім», «түтін түтеткен қара орманым» деген тіркестер отбасының туған жермен байланыстығын көрсетеді. «От өшті», «түтін түтетері қалмады» деген сөздер киелі ұғым қарашаңырақтың иесіз қалуын, бір отбасының құруын, ұрпағының үзілуін бейнелейді. «От соқсын», «от аттаған» деген қарғыс түрлері мен «ошағыңның оты өшпесін» деген бата мәнді сөздердің негізі де мифтік ойлау.

Қазақ, қырғыздар отқа табынып, оны барлық жаманшылықтан сақтаушы, тазартушы ретінде құдірет тұтады. Анимистік наным бойынша өлген адамның жаны оттан, от жарығы шырақтан қорқады. От адамға қамқорлық етумен бірге, ол оның жауы да болады. Өйткені ол мылқау, мейірімсіз, тілсіз жау. От адамдарға үрей, қорқыныш сезімін тудырады. Сондықтан, өлген адамның жаны үйіне қайта оралмасын деген ниетпен оның басына шырақ қойылып, түні бойы күзетілетін болған. «40 күнге дейін өлген адамның тәні бұзылмайды» деп білген ата-бабаларымыз «жатқан жері жарық болсын!» деген мақсатпен де қырық күнге дейін күн сайын шырақ жаққан. Бұл салт отқа табыну ғұрпы мен оның жылтқыш, тазартқыш қасиетіне сенуге байланысты болған[5].

От ыстық, оттық температурасы жоғары болады, сондықтан өзімен жанасқан микроорганизмдерді, бактерияларды жойып жіберу қасиеті бар. Мысалы, хирургтар инструментті жоғары температурада суды оттың көмегімен қайнатып, хирургиялық инструменттерді дизенфекция жасайды. Жұқпалы аурумен ауырған адамдардың киімдерін немесе жұқпалы аурумен ауырған малдарды, құстарды жағып жіберу дәстүрі осы күнгі медицинада қолданылады. Яғни, оттың тазартқыш қасиетін осы заманғы медициналық ғылымның өзі мойындаған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. Москва: Русские словари, 1996
2. Стернин И.А. Лексическое значение слова в речи. –Воронеж, 1985
3. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. –Алматы: Айкос, 2002
4. Қасқабасов С. Қазақ мифі мен әлемдік мифология//. – 1998. - №12 – 150-164бб.
5. Рысбаева Г.Қ. Түркі тілдеріндегі культтік фразеологизмдердің танымдық және этнолингвистикалық сипаты. Монография. –Алматы: ЖШС «Жания-Полиграф», 2014-336 б.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІ БАРЫСЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

ЖУМАНОВА Айшолпан Кенжебековна
«Алпамыс Батыр»бөбекжай-балабақшасы
тәрбиеші
ОҚО, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы

Аңдатпа

Бұл мақалада ұйымдастырылған оқу қызметі барысында ойын технологиясының әдіс-тәсілдерін қолданумүмкіндіктері қарастырылған

Аннотация

В этой статье расматриваются возможности использования игровых технологий во время организованнойобразовательной деятельности

Бүгінгі таңда оқыту процесінде педагогтардәстүрлі емес әдістерге, соның ішінде ойын әдістеріне көбірек назар аударуда. Балалардың белсенділігіне бағытталған оқытуды, соған сәйкес мазмұн мен технологияларды талап ететін білімнің жаңа міндеттері қалыптасуда.

Оқу қызметін үйрету кезінде ойын элементтерінпайдалану балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, жаңа тақырыпты жақсы түсінуіне әсер етеді. Ойын арқылы балаларжеңіл қарым-қатынас жасай алады және ойын кезінде балалар шаршағандарын сезбей, әсерлене, қызыға отырыптез үйренеді.

Егер педагог ойынды тек балаларды көңілдендіруге, демалдыру үшін ойнатса, одан пайда болмайды. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп ойналған кезде ғана нәтижелі болады.

Елбасы жолдауында кез – келгенбалалардың ең жоғарғы деңгейдегі оқуды оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз керек делінген. Қазақстан Республикасындағы ең бірінші кезекте тұрған тіл саясаты туралы басты мәселе мемлекеттік тілді еркін меңгерту,шет тілін меңгертудегі басты мақсат – білім алушылардың сапасын халықаралық стандартқа сай көтеру. Бұл үшін жетілдірілген әдіс шетел ғалымдарының іс-тәжірибелерімен танысу қажет екендігі ешбір дау туғызбайтыны белгілі.

12 жылдық білім беру мазмұнының негізгі мақсаты қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір суруге икемді,білімді,қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру,оның болашақ кәсіби бағдарын айқындауына игі ықпал ету болып табылады.

Бүгінгі күні елімізде 12 жылдық білім беруге көшу қызу пікірталас туғызуда,оқытудың жаңа жүйесіне көшу-әлемдік білім кеңістігіне енуді көздейтін заман талабынан туындаған мәселе.12 жылдық оқу мерзімінде оқытуда жалпы орта білім беру мазмұнында қазіргі білім беру салалары сақталады: тіл мен әдебиет.

Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп өтуі жағдайында тілдердіоқытудың рөлі артады. Ойын элементтері оқытудың бір түрі болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі балалардың белсенділігін пәнге деген қызығушылығын,

ынтасын арттыруында болып табылады.

Таңдап алынған ойындар балалардың сөз байлығына, тіл қорына сай болу керек. Педагогкез-келген ойынды өткізу үшін алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Сонымен бірге педагог ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарын біліп орындауы тиіс.

Ол әдістемелік тұрғыдан алғанда мынадай бөліктерден тұрады:

1.Ойынның өтілетін оқу қызметінемазмұны мен тақырыбына сай болуы.
2.Ойынға берілген уақытты нақты белгілеу.
3.Ойынның ойналу түрі топ болып ойнау.
4.Ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы.
5.Қолданылған сөздер,сөз тіркестері,өлең таңдау
6.Ойындардың өту барысының жоспарын жасау.

Педагог алдымен балалардың оқуға қызығушылығын ояту қажет. Баланыңқызығу жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді пайдаланылған ойын түрлері педагогтіңтүсіндіріп отырған материалын балалардыңзор ынтамен тыңдап берік меңгеруіне көмектеседі.

Ойындар балалардыңтанымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі.

Ойындар балалардың танымын, ақыл–ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама

материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта – ықылыас қоюына баулиды және балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, және тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады.

Ойын ұғымына түсінік берсек, бұл баланың мінез –құлқына өзі басқарумен қатар топпен жұмыс жүргізе білу әрекеті, ол баланың бір-біріне көмектесу, тез ойлау қабілетін, алға ұмтылу ісін дамытады. Сондықтан бағдарлама бойынша бекітілген оқыту үрдісінде ойын түрлерін сабақ үрдісінде үнемі пайдаланып отыру керек.

Ойын түрлері өзінің даму барысында көптеген ғалымдардың тарапынан түрліше жіктеледі. Мысалы, педагог П.П. Блонскийдіңпайымдауынша ойындар төмендегідей жіктеледі:

- Құрастыру ойыны
- Еліктеу ойыны
- Драма
- Қозғалыс ойыны
- Интеллектуалды

Ал, психолог Строниннның ойынша ойындар:

- Физикалық
- Интеллектуалдық
- Еңбек ойыны
- Әлеуметтік
- Психологиялық
- Педагогикалық

Негізінен педагогика саласында ойындар төмендегідей жіктеледі:

- Оқыту, даярлау, бақылау, жинақтау ойындары;
- Танымдық, тәрбиелік, дамыту ойындары;
- Шығармашылық ойындар;
- Коммуникативті, диагностикалық және психотехникалық.

Ойындар оқыту әдістемесінде бес негізгі түрге бөлінеді:

1) Стол үсті ойындары;
2) Дидактикалық ойындар;
3) Қозғалыс ойындары;
4) Іскерлік ойындар;
5) Интеллектуалдық ойындар.

Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы: мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз

атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатындығын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін дамытады. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде сабақта пайдаланылатын танымдық ойындар, сөздік ойындар жан-жақты дамытып білімді толық игеруіне көмектеседі.

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес келсе, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардыңсабаққа ынтасы мен қызығушылығы артады.

Сабақта ойын технологияларының балалардың тұлғасына әсер ету тетігін зерттеу үшін жүре алынған, әлеуметтік, сондай-ақ, тұқым қуалаушылық қасиеттері үйлесетін тұлғаның сапалық құрылымын қарастырамыз . олардың арақатынасы бойынша тұлғаның құрылымында құрылымшалардың төрт иерархиялық деңгейі көрініс табады. Олардың төмендегідей шартты атаулары бар.

1. Қызуқандылық деңгейі негізінен тұқым қуалаушылыққа байланысты қасиеттерден тұрады. Олар ұлттық, жас мөлшеріне сай ерекшеліктерге, жүйке жүйесінің даралық ерекшеліктеріне байланысты.
2. Психикалық үрдістер ерекшеліктерінің деңгейі – даралық сезінулердің, қабылдаудың, еліктеудің, назар аударудың, еске сақтаудың, ойлаудың, еріктің сипаты.ойға құрылған қисынды операциялар – талдау, салыстыру, қауымдастыру, синтездеу және тағы басқалар оқыту әрекетерінде үлкен рөл атқарады және ойлы әрекеттердің тәсілдері деп аталады.
3. Тұлғалылық тәжірибесінің деңгейі. Бұған білім, икемділік, дағдылар, әдеттер сияқты сапалық көрсеткіштер енеді. Олар екі топқа бөлінеді: мектеп пәндерін оқу үрдісінде қалыптасатын қасиеттер (білім, икемділік, дағдылар) және іс жүзіндегі әрекеттер барысында пайда болған қасиеттер (іс жүзіндегі әрекетті сала).
4. Тұлғаның бағыттылық деңгейі оның әлемге қатынасын анықтайтын, мазмұны бойынша әлеуметтік болып табылатын қасиеттерді: мүдделер, көзқарастар, әлеуметтік ұстанымдар, құндылық бейімделулерді біріктіреді. Бағыттылық («Мендік» - тұжырымдар мен қажеттіліктер қосындысы) тлғаның өзін-өзі басқару тетігінің негізін құрастырады. Моральдық –этикалық және эстетикалық көзқарастар білімнің , икемділік пен дағдының нақтыланған кешенімен бірге эстетикалық және адамгершілік қасиеттер саласын білдіреді

Әр оқу қызметін баланыңқабілетіне,психологиялық ерекшелігіне сай жоспарлау қажет. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады. Оқушыны жалықтырмайды.

Қызығудытуғызуүшінойынтүрлерінпайдаланудыңорныбөлек.

Тиімдіпайдаланылғанойын түрлері педагогтыңтүсіндіріпотырған материалынбалалардың зор ынтаментыңдапберікмеңгеруінекөмектеседі.

Қызықтыойын түрінен кейінолар тезсерігіп тапсырманы ықыластана әрі сапалыорындайтынболады. Ойындар барлық топтарда қолданылады.

Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы: мазмұндық, рольдік ойындар баланың зейінін есін, ойлауын, қиялын қалыптастырудазор маңыз атқарады. Ойын әсеріарқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатындығын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ойойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырылығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін дамытады. Ойын түрлері өте көп. Ойынтүрлеріңіңматериалдарыұйымдастырылған оқу қызметіңіңтақырыбыменмазмұнынанеғұрлымсәйкескелсе,оныңтанымдық,тәрбиелік маңызыартатүседі.Онытиімдіпайдалануда:

-Баланың қисынды ой- қабілеті дамиды;
- Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- Сөздік қоры байиды, тілі дамиды
- Зейіні қалыптасады
- Байқампаздығы қалыптасады
- Өзара сыйластыққа үйренеді
- Бірі – біріне деген балалардың сенімі артады
- Білімге деген қызығушылығы, ынтасы артады.

Қорыта келе балалардың оқу қызметінмеңгерту үшін тиімді әдістің бірі ойын технологиясыныңзор екендігін байқауға болады. Ұйымдастырылған оқу қызметін тартымды өтуі,ойын түрлерін жаңашаландырып ұтымдықолдана білу педагогтанізденісті талап етеді. Бұл дегеніміз - бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару педагогтың қажымас ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңарған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасауы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шәріпжанова ҒалияҒабдоллақызы қазақ тілі морфологиясы жөніндегі ілімдердіңқалыптасуы мен дамуы
2. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында». Астана. 2006. 43 б.
3. Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. Алматы,1988. 44 б.
4. Богомолова Л. И. Сравнительный анализ двух педагогических технологий 20-х годов // История педагогической технологии / Под ред. М.Г. Плохова, Ф.А. Фрадкина. — М., 1992. 46 б.
5. Богуславский М.В., Корнетов Г.Б. О педагогических парадигмах // Магистр. 1992. № 5. 48 б.
6. Беспалько В. П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. — М., 1995. 50 б.

7. Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. Алматы, Білім.2001. 52 б.

ОТ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЙ КУЛЬТУРЫ ПЕДАГОГА К ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОМУ ВОСПИТАНИЮ ЛИЧНОСТИ

ЗЕЙНЕЛОВА Айгуль Ерденовна
Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» «ИПК ПР по Акмолинской области»
Зав.кафедрой инновационных технологий и методики преподавания
естественнонаучных (гуманитарных) дисциплин
город Кокшетау, Казахстан

СУЮНДЫКОВА Баян Сабитовна
Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» «ИПК ПР по Акмолинской области»
Старший преподаватель кафедры инновационных технологий и методики преподавания
естественнонаучных (гуманитарных) дисциплин
город Кокшетау, Казахстан

АЛЬКЕНОВА Ботагоз Камзовна
Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» «ИПК ПР по Акмолинской области»
Старший преподаватель кафедры инновационных технологий и методики преподавания
естественнонаучных (гуманитарных) дисциплин
город Кокшетау, Казахстан

Аңдатпа

Мақалада «Мәңгілік Ел» және «Рухани жанғыру»идеясының жалпыұлттық бағыттары, педагогтің рухани-адамгершілік тұлғасының оқушыларға әсер ету мәселелері қарастырылған. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында мұғалім оқу-тәрбие жұмыстары арқылы рухани-адамгершілік тәрбие, мәдени құндылықтар, патриоттықбағыттарынжүзеге асырады. Сондықтан мұғалімнің өзіне рухани-адамгершілік тұлға болып қалыптасуы маңызды.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы влияния нравственного облика педагога на ученика в образовательном процессе в условиях реализации направлений общенациональной идеи «Мәңгілік Ел», программы «Рухани жанғыру». Врамках обновления содержания образования учитель такие направления, как патриотическое, духовно-нравственное воспитание, культурные ценности, претворяет через все виды учебно-воспитательной

работы. Поэтому важно самому учителю быть духовно-нравственной личностью.

В основе программы «Рухани жанғыру» лежит модернизация общественного сознания, являющаяся ядром политического и экономического развития страны. Нам необходимо научиться прогрессивно мыслить, что, несомненно, будет способствовать приумножению благосостояния государства. Не наличие природных ресурсов, а культурное и духовное воспитание - путь к развитию страны, отмечает Глава государства [1]. Поэтому одной из приоритетных задач развития современного казахстанского образования, да и общества в целом, является создание условий для воспитанияу подрастающего поколения общечеловеческих и национальных духовно-нравственных ценностей, норм гуманизма.Для этого, в первую очередь, сам педагог должен быть духовно богатым, культурным, воспитанным, потому что именно он является проводником идей духовной модернизации в сознание детей.

Более высокие требования к учителю, к его интеллектуальному, нравственному, профессиональному развитию, уровню его общей культуры предъявляют преобразования, происходящие в республике, в области экономики, политики, культуры, образования.К сожалению, на практике встречаются учителя, духовно-нравственная культура которых, (настоящая, не показная) на недостаточно высоком уровне. Редко, но имеет место, когда о передовых учителях, профессионалах своего дела, говорят, как о грубых, высокомерных личностях. Поэтому, считаем, что на сегодняшний день наряду с обновлением содержания образования актуальным становиться вопрос о духовно-нравственной культуре педагога.

«Прежде, чем воспитывать людей, воспитай себя», - говорил Ы.Алтынсарин. А К.Ушинский писал, что любой метод воспитания, который не перешел в убеждения воспитателя «останется мертвой буквой, не имеющей никакой силы в действительности…», что все зависит от личности педагога, работающего с воспитанником: «влияние личности воспитателя на молодую душу составляет ту воспитательную силу, которой нельзя заменить ни учебниками, ни моральными сентенциями, ни системой наказаний и поощрений. Многое, конечно, значит дух заведения; но этот дух живет не в стенах, не на бумаге, но в характере большинства воспитателей и оттуда уже переходит в характер воспитанников» [2].

О влиянии нравственного облика педагога на ученика в педагогике говорили во все времена. Если взглянуть в историю, то увидим, что в каждом историческом социуме перед педагогикой помимо профессионально-образовательных всегда ставились задачи нравственные, которые тесно связаны с духовными качествами. Вот и сейчас в условиях обновления содержания образования этот вопрос, на наш взгляд, становится все болееактуальным.Только высоконравственный, духовно богатый, культурный, во всех смыслах этого слова, педагог может стать двигателем

ценностей духовно-нравственного возрождения, являющихся частью обновления содержания образования. Это претворение в жизнь направлений общенациональной идеи «Мәңгілік Ел», лежащих в основе программы «Рухани жанғыру», которые проходят через все виды учебно-воспитательной работы, разделы и главы учебных предметов, цели обучения и упражнения.Во всех обновленных программах наряду с целями обучения ставятся задачи привития ценностей, в том числе, патриотизма, духовной нравственности, национального самосознания, национального духа, гражданственности и социальной активности.

Не случайно одним из главных подходов преподавания и учения по обновленным программам является ценностно-ориентированный подход, который подразумевает способ организации и выполнения учебной деятельности, получения и использования ее результатов с позиций определенных ценностей. Ценностно-ориентированный подход предполагает реализацию возможностей для формирования казахстанского патриотизма, толерантного сознания, уважения к историческому прошлому своей страны, культуре и традициям предков. Учащиеся приходят к пониманию, что народ Казахстана в процессе исторического развития внес свой уникальный и весомый вклад в прогресс человечества [3].

Само формулирование разделов и тем учебных программ указывает на воспитательную направленность занятий. Рассмотрим это на примере учебной программы по русскому языку:

Таблица 1. Разделы учебных программ 5-9 классов

5 класс	6 класс	7 класс	8 класс	9 класс
Культура: язык и общение	Путешествия и достопримеча-тельности	Обычаи и традиции	Семья: права и обязанности	Конфликты и миротворчество
Жизненные ценности	Образ жизни и культура: древние цивилизации	Знания: мир и изучение иностранных языков	Развлечения и спорт	Традиции и культура
Мир профессий	Структура семьи и семейные ценности	Молодежная культура: Интернет и социальные сети	Разнообразие форм жизни	Ресурсы планеты «Земля»
Мир фантазий	Выдающиеся личности народа Казахстана	День Победы	Музыка в современном обществе	Подросток в современном мире
Живые организмы: растения и др.	Казахстан в будущем: изобретения и энергия и др.	Если бы я правил миром…и др.	Научные открытия и технологии и др.	Дилеммы и выбор и др.

В само содержание учебного материала обновленных программ заложен огромный воспитывающий и развивающий потенциал. Средствами разных предметов в детях воспитывается благородное отношение к своей стране, своему народу, языку, духовным, природным и культурным ценностям. Рассмотрим на примере, как реализуются эти ценности через содержание образования на уроках русского языка. При изучении раздела «Язык и культура» в 7 классе учащиеся создают эссе, сочинения, письма и другие тексты по темам: история, язык, культура, обычаи казахского народа, - выражая при этом свою нравственную позицию. При изучении раздела «День Победы» через чтение и анализ текстов, выполнение творческих заданий на уроках идет процесс воспитания у учащихся высоких нравственных качеств, формирование патриотизма, активной гражданской позиции.

Таким образом, духовно-нравственное развитие и воспитание личности выдвигается на первый план и в наше время становится наиболее значимой для современного общества. И надо всегда помнить, чтоникакие программы, учебники не будут эффективны, если педагог не будет для школьников главным примером нравственного и гражданского личностного поведения. Мы не должны забывать известную истину, что подобное воспитывается подобным.

1. Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Астана, 2017.
2. Ушинский К.Д. Об учебно-воспитательной работе. М., 1939, с.15-16.
3. Руководство для учителя. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

ИБРАГИМКЫЗЫ.Ш.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университет
Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасы
Қазақстан

Аннотация

Қазіргі таңда жоғары білім мен ғылымды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру өзекті бола түсуде.Осыған орайҚР-да білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданып оның басты мақсаты -экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бүкіл қазақстандық білім

беру жүйесінің жаңа мазмұндық тетігін құру. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Қазір педагогтық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізудің ауқымды міндеттері тұр. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, ғылыми шығармашылық әлеуеті жоғары және кәсіби білікті, ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады», -деп көрсетілген.

Ключевые слова: білім беру жүйесі, міндеттері, білім беру бағдарламасы.

Аннотация

В настоящее время актуальным является соответствие высшего образования и науки международным стандартам. В связи с этим в РК была принята государственная программа развития образования на 2011-2020 годы, основной целью которой является-повышение конкуренто способности образования, развитие человеческого капитала путем обеспечения доступности качественного образования для устойчивого роста экономики; формирование государственно-общественной системы управления образованием. А также, в заключении программы развития образования Республики Казахстан поставлены следующие задачи: «В настоящее время перед педагогическим сообществом поставлена масштабная задача формирования и испытания новой модели образования. Нынешной целью образования является не только получение образования, достижение знания и навыков, но и на их основе быть персональным, с высшим науно-творческим потенциалом и профессионально квалифицированным, искать информацию самостоятельно, уметь ее анализировать и эффективно использовать, жить и работать в ногу со временем».

Annotation

In this article the author analyses that Currently relevant is compliance with the Higher Education and Research with international standards. In this regard, Kazakhstan has adopted a State program of education development for 2011-2020, the main aim of which is to increase the competitive ability, education, human capital development by providing access to quality education for sustainable economic growth; the formation of public-public education management system. And also, in the conclusion of the program of education development of the Republic of Kazakhstan the following tasks: "At present, the educational community staged a large-scale task of forming and testing a new model of education. The current goal of education is not only to education, achievement of knowledge and skills, but also based on them to be personal, with the highest-nauno creativity and professionally qualified, to seek information on their own, to know how to analyze and effectively use, live and work in step with the times ".

Қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды саяси-экономикалық элементтердің біріне айналып отыр. Дүние жүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет.

Қазақстан өз тарихында күрделі бетбұрыс кезеңін бастан кешіріп отыр. Республика тәуелсіздік алып дүниежүзілік қоғамдастықтанып, егеменді мемлекетке айналды. Еліміздегі жаһандық өзгерістерге байланысты әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу жеке тұлғалардың жан-жақты дамуымен және олардың болашақ маман ретінде кәсіптік жағынан қалыптасуымен тікелей байланысты. Нарық экономикасына көшу, құқықтық мемлекет құру және азаматтық қорғау талаптарын қаматамасыз ету, білім беру жағдайында үлкен өзгерістер енгізуді кезек күттірмес мәселе етіп отыр.Мұндай маңызды да күрделі мәселелерді шешу үшін, адамзаттың білім мен тәрбие тағылымдарының үлгілі тәжірибесіне сүйенудің қажетті-курса лігі айқындалуда. Осы тұрғыдан қарағанда, еліміздің білім беру ісінің тарихында диалектикасы жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да жаңа кезең басталып өркендеу үстінде.

Қазіргі таңда жоғары білім мен ғылымды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру өзекті бола түсуде. Осыған орайҚР-да білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданып оның басты мақсаты-экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру,бүкіл қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа мазмұндық тетігін құру. Бұл Болондық үдеріске енген қазақстандық жоғары білім беру саласының алдына бірнеше міндеттер қояды.[1]

Ол біріншіден, Еуропалық білімнің бәсекелестікке қабілеттілігін және тартымдылығын жоғарлату; екіншіден, ұлттық білім жүйелерін жақындастыру; үшіншіден, жоғары білімнің ұлттық жүйесін реформалауды қарастыратын жоғары білімнің құрылымдық қайта құрылу үдерісі, көп дәрежелі жоғары білімді енгізу;төртіншіден, академиялық кредиттер жүйесін қабылдау; бесіншіден, білім сапасын бақылау– осының бәрі Болон үдерісі шеңберіндегі басты ұстанымдарға жатады.

Қазіргі кезеңдегі білімнің мазмұнын айқындауға қойылатын басты бағдарлардың бірі — мемлекеттік стандарт**,** яғни мемлекеттік жүйедегі бірыңғай норма мен талапты жүзеге асыру міндетін оңтайлы шешу болып табылады. Өткен тарих болып қалған кеңестік кезеңдегі жоғары мектептер біртекті, бірыңғай жүйеде болды да, жоғарыдан жасалған оқу жоспары мен пән бағдарламалары негізінде оқытылатын. Онда аймақтық, жергілікті, ұлттық ерекшеліктер мен болашақ мамандардың тұлғалық өзгешеліктеріне мән берілмей эмпириялық жүйе жүзеге асырылғаны белгілі.

Қазақстан Республикасында жеке пәндерді теориялық және қолданбалы жағынан тереңдете оқытуға арналған типтік оқу жоспарының бірнеше түрі

1993 -1994 оқу жылынан бастап жасалды. Ал оны тереңдету оқу орнының материалдық-техникалық жағдайына, ұстанған бағдарына байланысты өріс алатыны белгілі.

Жоғары білім беруді стандарттау терең ғылыми және практикалық білім мен жоғары деңгейдегі кәсіптік мәдениетті талап ететін қазіргі уақыт пен жаңа әлеуметтік экономикалық жағдайлардың сұраныстарына сай мамандарды дайындау қажеттігінен шығып отыр. Аталған стандартта жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары өз кезегінде, оқыту бағдарламаларын өзгертуді сондай-ақ, болашақ мамандардың алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларыненгізуді көздейді, - деп көрсетілген .[2]

Сонымен қатар, ҚР МЖМБС (7.09.126-2010) 6М 010300- Педагогика және психология мамандығы бойынша магистрлік бағдарламаның негізгі міндеттері анықталған.

Мәселен ол, ***бейіндік даярлық жағдайында:***

- педагогика мен психология саласы бойынша құзіретті мамандарды тәрбиелеу;
- нарықтық қатынастар жағдайында кәсібибейім маманды қалыптастыру;
- магистрантты интеллектуалды тұрғыда дамыту;
- магистранттың кәсіби міндетті орындаудағы теориялық және тәжірибелік дайындығы;
- негізгі, базалық және арнайы құзырларды меңгеру;

Ғылыми және педагогикалық даярлық жағдайында:

- кәсіби даярлық бағыты бойынша терең білімдерді меңгеруді қамтамасыз ету;
- магистранттың әдіснамалық мәдениетін, педагогикалық және психологиялық мәселелері бойыншағылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізудің дағдыларын қалыптастыру;
- педагогика және психология саласы бойынша ғылыми жобаларға (қолданбалы және іргелі) қатысу дағдыларының қалыптасуына жағдай жасау;
-педагогика мен психологияның болашақ мамандарының педагогикалық жүйеде шығармашылықпен қызмет атқаруға дайындығын қалыптастыру;
- жылдам дамитын ортада өмір сүре алатын және өзінің де қоғамның да мүддесі үшін өзін-өзі жүзеге асыруға дайын білімді тұлғаны қалыптастыру және дамыту.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда кәсіптік білім беру бағдаламаларына қойылатын жалпы талаптар да бар екендігі баршаға мәлім. Онда кәсіптік білім берудің негізгі білім бағдарламалары болашақ мамандардың оқып үйрену үшін міндетті пәндерді ұсынған. Жалпы кәсібибілім берудің негізгі кәсіби білімдік бағдарламалары міндетті әрі магистранттардың қалауы бойынша таңдалған элективті пәндерді де қамту керек,- делінген.[3]

Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау. Жалпы кәсіптік білім беретін жоғары оқу орындарына арналған педагогика және психология мемлекеттік білім беру стандарты да осы мәселені көздейді.

Ал стандарт осы пәнді жоғарғы оқу орындары үшін үздіксіз білім беру тұжырымдамасына негізделіп жасалынған. Тұжырымдама білім беру жүйесін демократияландыру принциптерін жүзеге асыруға бағытталып құрылған. Мұнда, болашақ маман шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған өздігінен ғылыми зерттеушілік іс-әрекет жасап, дами алатын субьект болса, оқытушы осы іс-әрекеттердің тиімді ұйымдастырылуына, нәтижелі болуына жауап беретін, өзіде шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға болуы талап етілуде.

Берілетін білімді жүзеге асыратын оқу орнының ерекшеліктеріне сай тұлғаның мемлекет алдында, ал мемлекеттің тұлға алдында жауапкершілігі қатаң сақталып, білімнің терең де тиянақты болуы және оқу жүктемесінің нормалық талап деңгейіне сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, - деп көрсетілген.

Бұл салада әрбір пәннің мазмұндық жүйесі базалық негізгі білім беру деңгейімен қиысады да, тиісті ұғым-танымдық шеңберде аяқталып отырады. Оқу пәндерін таңдауы бойынша зерделеу үшін оқу жоспарының вариативтік бөлігі кеңейтіледі.

Кәсіби білім беру бағдарламасы жеке тұлғаның және жеке әлеуметтік топтардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қоғам мен еңбек рыногы талабына қызмет ете алатындай жоғары білікті маман кадрлары мен мамандыққа деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталады.

Ал орта білімнен кейін, жоғары білім болып саналмайтын кәсіби білім ЮНЕСКО-ның ұсынысына сәйкес білікті маман даярлау бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Педагогикалық және психологиялық мамандықтар бойынша жалпы кәсіби педагогикалық білім мен қатар болашақ педагог-психологмамандардыңпедагогикалық шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған ғылыми зерттеушілік іс-әрекеттерге даярлауда негізгі пән ретінде«Жоғары мектеп педагогикасы», «Педагогикалық зерттеулердің әдістері және әдістемесі» және т.б. оқу пәндері арқылы берілетін білім мазмұны түзіледі. Әрбір арнайы оқу пәні - әрбір оқу бағдарламасы бойынша, меңгерілугетиісті кәсіби білімнің, шығармашылық шеберлік пен ғылыми зерттеушілік іс-әрекет дағдыларының мазмұны мен көлемін де айқындайтын құжат[4]. Бағдарламада сол пән бойынша оқытылатын тақырыптардың деңгейі мен оның мазмұны, оқылатын мазмұндық көлем мөлшері сипатталады. Осы пәндерді оқу барысында болашақ мамандардың алатын білімі, білігі, шығармашылық шеберлік деңгейін қалыптастырушығылыми зерттеушілік іс-әрекеттер дағды деңгейі де қамтылады. Сондай-ақ оқылатын пәнге байланысты қолданылатын құралдар мен оған жасалатын бақылау, әдістемелік кеңес нұсқаулар көрсетіледі.

Бағдарлама —университеттегі пән оқытушысының басшылыққа алатын негізгі құжаты.

Бағдарламаға қатысты материалдарды орналастыруда, негізінен, үш принцип ұсталады: 1) бірыңғай бірізділікке негізделген жүйе; 2) шоғырлану; 3) спиралдық жүйе. Бұларды педагогикалық тұрғыдан таратып айтқанда былай болып шығады: бірыңғай бірізділікте оқылатын материал қайталанбай бір бағдарда дамиды. Ал, шоғырлану жүйедегі бағдарламада тиісті материал тақырып арасына үзіліс салып, жаңа деректермен толықтырылып, оқыту барысында қайталанып отырады. Ал спиралдық бағдарламада бір жүйелілік сақталып, бірыңғайлық мәнде бір әуенмен жетілдіру ескеріледі. Демек, шиыршықталған, спиралдық жүйеде дамиды.

Оқу пәні— білімдік мақсатқа жету жолында дидактикалық тұрғыдан жан-жақты сұрыпталған белгілі саладағы ғылымның негізі. Мұндағы басты мақсат — тиісті ғылым, ақпарат,іс-әрекет туралы болашақ маманға тиянақты мағлұмат беріп, оның теориялық-әдіснамалық және қолданбалы негіздерін танытып игерту.

Әрине, ғылымның топтаса тоғысқан салалары шартты түрде педагогика-психология, қоғамдық-гуманитарлық, көркемөнер, дене тәрбиесі, өндірістік еңбек тәрбиесі деп жіктеледі. Олардың әрқайсысының өзіне тән атқаратын қызметі, шұғылданатын мәселелерінің ерекшеліктері бар. Соған орай берілетін білім, білік, түсінікті және қойылған мақсатты шешетін оқу пәні болғандықтан, болашақ маман оны меңгеру үшін тиісті сағат мөлшері белгіленеді. Оқылатын пәннің сағат саны оқу жоспарында айқындалады.

Ал тиісті пәнге байланысты берілетін білімнің мазмұны университетке арналғанокулықтарда беріледі. Сондықтан болашақ маман меңгеруге тиісті білімнің мән-мағыналық негізіне саналады және онда пәнаралық байланысқа орай табиғат, адам, қоғам туралы әр жақты мағлұматтар алудың қайнар көзі деп саналады. Оқулықтардан алған білім негіздері бойынша болашақ маман ізденіп, оны тереңдетіп, өздігінен шұғылдануға мүмкіндік кеңейіп жол ашылады.

Қазіргі таңда қалыптасып қалған білім, білік, дағдыға негізделген білім берудің нәтижелері мен жаңа әлеуметтік экономикалық қоғам қажеттіліктері деңгейі арасындағы қайшылықтар айқын байқалуда. Өйткені, заман талабы жаңа білім нәтижелері ретіндегі маманның құзыреттілік сапалары мен құндылық бағдарларын нарықтық экономика мен қоғамның жаңа құрылымына сәйкестендіріп белгілеп отыр.[5]

Білім алушының білім, білік, дағдыларымен қоса, соған негізделген құзыреттілік сапаларының болуын қажет ететін бағдар қазіргі заманның білімге баса назар аударып келе жатқанын көрсетеді. Соған сай білім үдерісінде «білім беруден – білім алуға», «оқытудан – оқуға» көшіруді қалыптастыру парадигмасы білім ресурстарының қайта қаралуын қажет етеді:

*бірінш*і – стандарттар мен бағдарламаларда білім беру мақсатының, білім нәтижелерінің нақтылануы;

екінші – оқытушының рөлі өзгеруіне сай әдістер мен технологиялардың өзгертілуі;

үшінші – білім беруді ұйымдастыру, басқару үдерісінің өзгеруі.

Нәтижеге бағытталған білім беру тұжырымдамасын негізге алу дегеніміз, білім беру ұйымының немесебілім беру жүйесінің нәтижелерін нақтылай белгілей отырып, әр адамның нәтижеге жетуі үшін жауапкершілікті белгілеп алу дегенді білдіреді. Сондықтан, нәтижеге бағытталған білім беру стандарттарға, бағдарламаларға, білім беру үдерісіне және білім нәтижелерін бағалауға түбегейлі өзгерістер ендіруді қажет етеді.

Таким образом, изучениевозникновения и семантики топонимов имеет как научное, так и воспитательное значение, т.к. вызывает интерес к истории родного края и своего народа. Изучение топонимов имеет также

большое познавательное значение, при этом для обществаособенно важна их адресная функция. Помимо воспитательной, образовательной функции, топонимы выполняют и функции политические, в частности, они служат одним из средств утверждения государственного суверенитета, национального приоритета страны.

Литература:

1.Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Апрель, 2017.

2.Мурзаев Э.М. Очерки топонимики.- М., 1974.

3.Поспелов Е.М. Географические названия мира. Топонимический словарь .2-е изд. — М.: Русские словари: Астрель: АСТ, 2002. — 512 с.

БАЛАБАҚШАДАРУХАНИ-ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ИСАХОВА Несібелі Есиркеповна
«Алпамыс Батыр»бөбекжай-балабақшасы
жоғары санатты тәрбиеші
ОҚО, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы
Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада балабақшадағы рухани-тәрбиенің маңыздылығы қарастырылған.

Аннотация

В этой статье рассматриваются важность духовного воспитания в детском саду.

Қазақ халқы қай уақытта болмасын ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне аса көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, жүзеге асыру әрбір ұжымның тапқырлығы мен іскерлігін, ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап етеді.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидің тұжырымдамасын әрбір ұстаз, ата-ана қағида ретінде ұстанса нұр үстіне нұр болар еді. Оқу мен тәрбие – егіз іспеттес, бір-бірінен ажырамайтын күрделі процесс. Тәуелсіз еліміздің ұстаздары осы екі үрдісті теңестіріп алып жүріп, өздерінің шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру,

мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Адамның моральдық сапа негіздері мектепке дейінгі балалық шақта қалыптасады. Мектепке дейінгі уақытта бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың батапқы тәжірибесіне ие болады, қоғамның моральдық нормасын игереді.

Психология ғылымы да баланың айналадағы болмысты дұрыс түсінуі мектеп жасына дейін қалыптасатын, олар өз айналасындағы адамдардың көзқарасы мен талпынысынан, мұраттарынан жастайынан-ақ үлгі алатынын дәлелдеді. Бірақ бұл өзгерістердің бәрі де өзінен-өзі немесе жүйкенің туа біткен заңдылық күші арқылы емес, әдейі мақсат көздеп ұйымдастырылған оқу-тәрбие үстінде іске асады.

Адамгершілік тәрбие мазмұнына баланың Отанға, адамдарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу жатады. Ол үшін алдымен балалардың ата-анасына, үйіне, туған жеріне, оның табиғатына, өз ауылына, қаласына, туған-туысқандарына, дос-құрбыларына, балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу қажет.

Елге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің пәрменді құралы – халықтың тілі, мәдениеті мен көркемөнері. Ана тілі – халықтың тілі, мәдениеті, көркемөнері. Ана тілі – халықтың тарихы, халықтың ең зор ақылшысы, ұстазы деп бағалаған. Осы орайда, дана Абай: «Өнер алды – қызыл тіл», - деп толғаса, Ғ.Мүсірепов: «Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ», - деп тілдің құдіретін ерекше бағалаған. Ал кемел жазушы М.Әуезов: «Кімде – кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды», - деген. Ендеше, ерте сәбилік кезеңнен бастап баланы ана тілінде сөйлеуге үйрету, ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындату ең маңызды мәселе. Бала әдеби шығармаларды: өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің байлығы мен әсемдігін меңгерумен қатар, оны сүюді үйренеді. Балаларды халықтың қолөнерімен, қазіргі композитордың сан түрлі азаматтық тақырыптарға арналған әндерімен таныстыру балалардың қуанышын, көңілді сезімін дамытып, еліне, туған жеріне, Отанға, т.б. сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына балаларды интернационалдық рухта тәрбиелеу де жатады, өйткені ол адамгершілік тәрбиесінің негіздерінің бірін құрайды. Балабақшада көптеген ұлттың балалары бар, олардың бәрі бірдей тәрбиеленіп, бірдей қамқорлыққа бөленеді.. осының өзі-ақ балалардың бір-біріне жолдастық, достық сезімін тәрбиелеудің ең қолайлы жағдайы.

Балабақшада балаларды жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Тәрбиеші бағдарламада көрсетілген сюжетті-рөлдік, қимыл – қозғалысты, дидактикалық және басқа да ойын түрлерін пайдалана отырып, топтағы

баланың ойын әрекетін ұйымдастыра білуі тиіс. Ойын барысында балалардың айналадағы дүние жайында таным белсенділігі артып, игерген білім – машықтарының негізінде бір сюжетке орай басты кейіпкерлерге еліктеу, ойын ойнауға қасына серік тауып алуы, онымен шынайы қарым-қатынас орната отырып, таңдап алған рөлдеріне деген жауапкершілігі арта түседі.

Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Адамгершілік тәрбиесі тәрбиенің басқа да салалармен тығыз байланысты. Адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқынан да әдемілік, сұлулық көрініс таппайынша, адамгершілік парасат тәрбиесі көздеген мұратына жете алмайды. Адамгершілікке баулу жұмысының ережесі балабақшадан бастап нақтылы мақсатты көздеуі шарт. Тәрбиеші балалардың орынды іс-әрекеттерін мақұлдай отырып, азды-көпті жіберген кемшіліктерін өздері түсініп, түзетуге бағыттай білуге тиіс. Әр балаға өз ісі мен қылығына жауапкершілікпен қарап, ұялу, кешірім сұрау сияқты әдеттерді үйрену керек.

Балалардың рухани дүниесін байыта отырып, талғамдарын арттыруға ат салысу, жаңа, озық тәжірбиені дер кезінде насихаттап, өмірге енгізу – барша қауым, тәрбиешілер бірлесе атқаратын абырайлы міндет. Жас ұрпаққа адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру тұжырымдамасында былай делінген: «Балабақшадан бастап жан-жақты және толық жетілген тұлғалы адам тәрбиелеуге жәрдемдесетін эстетикалық мұраттар, талғам мен талап тілектер қалыптастыру, түптеп келгенде тәрбиенің барлық қыры мен, сырын өз бойына сіңіреді». Бала ойын ойнағанда өмірде көрген-білгенің өзіне ұнаған адамның іс-әрекетіне еліктеп отырып бейнелейді. Бала үшін өзіне ұнаған адамнан артық ештеңе жоқ, оған барлық жағынан ұқсағысы келеді. Жалпы бала табиғаты өзін бірнеше есе үлкен ғып көрсетуге бейім. Тез есейгісі келіп бәрін өзім істеймін деп талпынады. Баланың осы талпынысын мақұлдап, сен үлкенсің, мен көмектесіп жіберем, бәрін де өзін істей аласың деп, сенім білдіре тәрбиелеу ұтымды әдіс. Ізеттілік, ізгілік, инабатталық әдептілік – бір күнде қалыптаса қалатын қасиет емес. Бұл балабақшадан бастау алып, өмір баспалдақтарында шыңдалып, біртіндеп қалыптасатын қасиет.Тәрбиеші бұл мақсатта көркем әдебиет шығармаларын кеңінен пайдаланады. Солай еткенде бала өздігінен ойын ойнағанда тәрбиешінің, ата-аналарының оқыған шығармаларынан өздеріне ұнаған басты кейіпкерлерін бейнелейді. Осы орайда күнделікті өмірде балаларға түсінікті әзіл-қалжың шығармаларды пайдалану топта балалалардың көңіл-күйін көтеріп, олардың қайырымдылығын ізгі сезімін, бір-біріне мейірімділігін тәрбиелеуге күшті әсер ететінін атап өту қажет.

Адамгершілік тәрбиесіне қарапайымдылыққа тәрбиелеу де жатады. Балаларды жөнсіз көп мақтау, артық бағалау зиянды ықпал етеді. Бұл кейде балалардың мақтаншақ, өркөкірек, жалқау болуына әкеп тірейді, әсіресе қабілетті балалардың іс-әрекетін әділ мадақтай отырып, оларға талап пен тапсырманы күшейте түскен жөн. қарапайымдылыққа тәрбиелеудің негізі – баланың адамгершілік қасиетін дұрыс, әділ бағалау.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың мінез-құлқын тәрбиелеу жатады. Мінез-құлық дегеніміз – адамдардың өзін қоршаған ортаға, қоғамға,

басқа адамдарға деген қарым-қатынасынан көрініс табатын тұрақты психикалық ерекшелігінің жиынтығы.

Бұл ерекшеліктердің ең бастысы – сана мен ерік. Мінез-құлық өте ерте жастан бастап қалыптасады және саналы, ақылды ұйымдастырылған тәрбие ісіне бағынады.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшелігін ескере отырып, мектепке дейінгі педагогика төмендегі әдістерді белгіледі:

- Тәрбиеші мен ата-ананың үлгісі, күнделікті өмірден үлгі – мысалдар келтіру;
- Балаларға жақсы мінез-құлық пен адамгершілік ережелерін үйрету, соған сай балалардың іс-әркеттерін ұйымдастыру;
- Сендіру, түсіндіру;
- Мадақтау, кінәлау, айыптау, жазалау;
- Бағалау.

Үлгі ету – адамгершілік тәрбиесінің негізгі әдісі. Тәрбиеші мен ата-ананың үлгісі адамгершілікке тәрбиелеудің әдісі ретінде басқа әдістермен бірлікте елеулі рөл атқарады. Үлгінің тәрбиелік күші баланың еліктегіштігіне негізделеді. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларға үлгі ерекше сенімді ықпал етеді, өйткені олар өзін қоршаған құбылыстарға, адамдардың іс-әрекетіне сын көзбен қарауды білмейді.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде сөзбен түсіндіру, сендіру, үйрету қажет. Тәрбиеші балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді түсіндіріп, жаман іс-әрекеттерге қарсы тұра білу қабілетін тәрбиелейді.

Түсіндіру – балалардың тәртібіне қойылатын талаптарды, олардың қажеттігінің себебін, оны орындаудың жолдарын ұғындырады.

Сендіру – баланың санасына, сезіміне, еркіне мақсат көздей отырып әсер ету арқылы жағымды әрекеттерге, моральдық қасиеттерге баулиды.

Ескерту – баланың жасаған кемшілігінің оңай жөндеуге болатын кезде қолданылады.

Балаларды адамгершіліке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік- адамның рухани арқауы.

Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрініс болып табылады.

«Еліміздің күші- патшада, сәбидің күші- жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз- адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшіносы үш қасиетті бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж , № 4 2008 ж
2. «Өзіндік таным» № 2 2007 № 5-6 2006 ж
3. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші Орынбор, 1924.
4. Сатыбаев С Халық әдебиетінің тарихы негіздері - Алматы: 1992
5. Баймұратова. Б. Отбасындағы баланы мектепке дайындау - Алматы: Шартарап, - 2000 ж
6. «Біліктілікті арттыру жүйесіндегі инновациялық стратегиялар – даму кепілі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы- Шымкент 2017ж.

ӘӨЖ 004.9:[612.087.1:378.147]

БИОСТАТИСТИКА ПӘНІНКОМАНДАЛЫҚ БАҒДАРЛАУ ӘДІСПЕН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕМІЗДЕН

КАЛИЕВА Жаныл Ахметовна
«Астана медицина университеті» АҚ
Старший преподаватель
город Астана,Казахстан

АЛТАЕВА Айгуль Умурзаковна
«Астана медицина университеті» АҚ
Старший преподаватель
город Астана,Казахстан

Аңдатпа

Мақалада биостатистика пәні бойынша «Таңдама жиынтық» дәрісінің тақырыбына TBL технологиясын қолдануында өзекті мәселелерін қарастырылады. Білім алушылардың өзара және командамен жұмыс жасау іскерліктерін дамыту.

Кілттік сөздер: TBL технологиясы,биостатистика, таңдама жиынтық, командалық атсалысу, кері байланыс, тест тапсырмалары.

Аннотация

В статье освещается актуалные вопросы практического применения TBL технологии на лекции по дисциплине биостатистика на тему «Выборочный метод». Данный метод способствует обучающихся взаимодействию и развитию навыков работы в команде.

Annotation

The article highlights the practical application aktualnyh TVL technology lectures on the discipline of biostatistics on "Vybrochny method". This method helps students interact and develop skills in teamwork.

Өзектілігі. Оқыту үрдісінде инновациялық білім беру технологиясын медициналық жоғары оқу орындарында ендіруі өзектілі. Замануи инновациялық білім беру әдісінің біріне TBL (Team Based Learning) технологиясы - командалық бағдарлау оқыту болып табылады.

Командалық бағдарлау оқыту (Team Based Learning) технологиясын 1970 жылы Оклахомск Университетінің профессоры, доктор Ларри К.Мичельсен өңдеген болатын [1,2].

Білім алушыға сапалы білім беру мақсатында оқытушы студенттің сол тақырып бойынша біліміндегі алғашқы кемшіліктерін жоюға бар күшін салып, студентті әрі қарай талпындыруға, қызығушылығын оятуға атсалысады.Осы

сабақтың тиімділігін бағалау TBL технологиясын қолдана отырып білім алушының білімін тестілеу, талқылау жәнеқорытындылау.

TBL – студенттердің топтары аудитория ішінде жеке команда ретінде өзара пікірлеседі, тақырып бойынша жеңіл және қиын сұрақтарға командалық атсалысу арқылы оқытушыдан кері байланыс алады, сол пән бойынша сарапшы болуды үйренеді.

Қазақстан республикасындағы медициналық жоғары оқу орындарында TBL технологиясын аналогтарына жатқызуға болады Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университеті «Ғылыми-Жаратылыстану пәндері» кафедрасы. «Информатика» пәні бойыншаTBL технологиясын практикалық сабақтарда қолдану.Тіркеу № 193. 23.11. 2012ж., «Астана медицина университеті» АҚ «Жалпы медицина факультетінің студенттеріне Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері пәнін оқытуда TBL технологиясын қолдану» ИТ және ОСМ бөлімінде тіркелген. Тіркеу №122 02.01.2015ж. және Семей қаласының Мемлекеттік медицина университеті клиникалық пәндерде дәрістер курсында командалық бағдарлау оқыту «Эффективность командно-ориентированного метода обучения (TBL) в лекционном курсе клинической дисциплины. articlekz.com».

Мақсаты. «Жалпы медицина» факультетінің 3 курс студенттеріне «Биостатистика» пәні бойынша дәрісте TBL технологиясын қолдану». Білім алушының практика барысында өзінің қабілетін тұрақты түрде дамытуына мүмкіндік жасау. Студенттердің практикалық сабақтарға қатысу ынтасын арттыру. Студенттердің білімдерін тапсырмаларды орындауда қолдануларына мүмкіндік беру. Когнитивті іскерліктерін, коммуникативті дағдыларын дамыту.

Матриалдар мен әдістері . Биостатистика курсымен информатика, математика кафедрасында өткізілетін жалпы медицина мамандығына оқитын 3 курс (1,6 ағымдар) студенттеріне «Биостатистика» пәнінен «Таңдама жиынтық» дәрісінің тақырыбына арналған нұсқау. Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік өңдеу, тест тапсырмалары, оқытушының әдістемелік нұсқаулығы, өткізілген сабаққа және әдістемеге қанағаттану бағасы бойынша студентке берілетін сауалнамалар нәтижесі, студенттердің үлгерім көрсеткіштері.

Нәтижелердіталқылау.

Дәрістің мазмұны: Командалық бағдарлау оқу процесі циклдік 6 кезеңнен тұрады [3]. Олар:

1 кезең: Алдын ала тапсырманы тарату. Аудиториядан тыс және жеке студенттер дәрісте және сабақта қарастырылатын сұрақтарға дайындықпен келу.

2 кезең: Жеке бақыланатын тест беру.

Аудиторлық және жеке дайындықты бақылау: әрбір студент бір жауабы бар бірнеше сұрақтарға (12 сұрақтан, 5/6 нұсқа) жауап береді.

3 кезең: Командамен бақыланатын тест беру.

Аудиторлық/командалық: жеке тесттегі сұрақтарды қайтадан команда студенттері бірлесе отырып талқылап дұрыс нұсқаларын таңдайды.

4 кезең: Оқытушының түсіндіруімен болатын қосымша сұрақтар (аппеляция). Аудиторлық/оқытушымен: командамен бақыланатын тестті шешу барысында студенттердің қиналған сұрақтарына оқытушы түсінік береді, кері байланыс жасалады. Осындай түсіндіруден кейін студент келесі практикалық тапсырманы шешуге сенімді болуы тиіс.

5 кезең: Командалық практикалық тапсырма (ТАРР).

Аудиторлық/командалық: ең маңызды кезең. Студенттерге кәсіби қызметтерінде кездесуі мүмкін мәселелер бойынша ситуациялық тапсырмалар беріледі. Студенттерден талап етіледі: тапсырмаларға интерпретация беру, болжамдау, талдау, синтездеу, бір жауапты таңдау арқылы сұрақты тұжырымдау. Сабақ/дәріс барысында пәннің ұстанымдарын қолдану: шағын командаларға тапсырмалар берілуі барысында студенттер жиі және бірден кері байланыс алады.

6 кезең: Оқытушымен аудиториядан тыс/командалық кері байланыс алу.

Командалар дұрыс болған жауаптан басқа сәйкес келетін өз жауаптары туралы оқытушыдан қарастыруын сұрай алады. Командалар сұрақты дұрыс қоя біліп және өз жауаптарын логикалы түрде негіздеулері керек.

Жалпы медицина факультетінің студенттерімен «Таңдама жиынтық» тақырыбында өтілген дәріс барысындааталған тақырыптың материалдарын пайдалану және тақырып бойынша тест тапсырмаларын орындау студенттер арасында жеке командалар ұйымдастыруға және аудиторияда өзара қызу талқылаулар мен байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді. Студенттер әуелі аудиториядан тыс дайындығын жеке (IRAT) және командалық тест тапсырмаларын (TRAT) орындау барысында көрсетеді. TRAT пен аппеляциялық кезеңнің студенттерге берер пайдасы өте маңызды. Себебі командалық тест тапсырмаларын орындағандакоманда құрамы бір бірімен ақылдаса, пікірлесе отырып жауап береді, ал аппеляцияда студенттер жіберген қателіктері болса немесе түсініксіз мағлұмат туралы оқытушыдан қосымша мәліметтер алады. Бұндай кері байланыс жіберілген қателіктерін қайтып қайталамауға, алған мағлұматты ұзақырақ есте сақтауына жақсы көмектеседі [4].

Студенттер тақырып бойынша ситуациялық тест тапсырмаларын талқылау барысында әріптестерімен, оқытушымен өзара талқылау тәжірибесін үйренеді. Оқытушы студенттерді алдын ала командаға бөледі, тақырыппен және TBL бойынша сабақ өткізу ережелерімен таныстырады. Студенттер дәстүрлі сабаққақарағанда әрдайым дайындықта болу қажеттігін ұғынады, команданың пікірін дұрыс жеткізе білуге үйренеді. Әрбір команданың жетістікке жетуі өзара тығыз байланыста ғана емес, сонымен қатар әрбір студенттің жеке қосқан үлесі де айтарлықтай маңызды.

Сабақты бағалау келесі кезеңдері тұрады:

1. Дайындықты бақылау тесті (IRAT және TRAT) – жеке және командамен жазатын тесттерді бағалайды.
2. Аппеляция және командаға тапсырма (tapp) кері байланыстар арқылы бағаланады.
3. Команданың әрбір кезеңдегі бағасы қосылы отырып қорытынды баға алынады, яғни IRAT+TRAT+Аппеляция+Тапсырма= қорытынды баға.

TBL 4 ұстанымынан тұрады:

1. Басқарылатын және дұрыс топтастырылған командалар құру.
2. Студенттің аудиториядан тыс дайындығын және командалық жұмысын бағалау.
3. Студенттің оқуға ынтасын арттыратын, команданың дамуына және өзара байланысына үлес қосатын тапсырмалар беру.
4. RAT (дайындықтарын бақылау тесті) және командаларға тапсырмалар беру арқылы жиі және бірден кері байланыс алуды қамтамасыз ету.

Дәрісті бағалау:

1. Дайындықты бақылау тесті (IRAT және TRAT) – жеке және командамен жазатын тесттерді бағалайды.
2. Аппеляция және командаға тапсырма (tapp) кері байланыстар арқылы бағаланады.
3. Команданың әрбір кезеңдегі бағасы қосылы отырып қорытынды баға алынады, яғни **IRAT+TRAT+Аппеляция+Тапсырма= қорытынды баға.**

Жалпы медицина факультетінің 3 курс 301, 302, 303, 304, 305, 327, 328, 329, 330, 331, 337 топтарының студенттеріне өткізілген дәрісті бағалауда жеке тесттерді шешуге 30%, командалық тесттерді шешуге 20%, командалық тапсырмаға 40% бағалау алынды. Аппеляция немесе оқытушының көмегін қажет ететін тапсырма үшін 10% берілді. Жалпы бағалау төмендегі кестеге толтырылады.

Білімді бағалау критериі

Аты-жөні	IRAT 30% (0,3)	TRAT 20% (0,2)	Аппеляция 10% (0,1)	Тапсырма 40% (0,4)	Баға

Сабақты қорытындылау

Сабақты барлық критерилері және жекелеген студенттердің көрсеткен белсенділіктері бойынша қорытындылау:өздеріне тиісті алған бағаларын жариялау, педагогикалық журналға бағаларды қою, келесі сабақтың тақырыбын айтып үй тапсырмасын беру.

Өткізілген сабақта қолданылған технологияға қанағаттану бағасы бойынша студентке берілетін сауалнама сұрақтары мен нәтижелері

№1 Сауалнама сұрақтары

№	Сұрақтар	Толығымен келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толығымен келісемін
1	Командамен жұмыс істеу мен үшін тәжірибе болды				28	72
2	Өз бетімен дайындыққа қарағандакоманда маған материалды меңгеруіме көп көмек тигізді				37	63
3	Командадағы барлық мүшелер нәтиже үшін бірдей үлес қосты				20	80
4	Командамен жұмыс жасау оқу уақытын қолданудың ыңғайлы тәсілі болып табылады				16	84
5	Білімді тәуелсіз бағалау оқу материалын оқуға үлкен талпыныс береді				24	76
6	Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін команда өзара тығыз байланыс жасайды				25	75
7	Командада көшбасшы болу үшін қосымша ғылыми әдебиет оқимын	1	2	1	20	76
8	Дәстүрлі сабаққа қарағанда көп дайындықты қажет етеді		2	1	43	54
9	Командамен жұмыс жасау менің көшбасшылық қабілетімді ашып ынталандырды				35	65
10	Командамен жұмыс істеу менің клиникалық ойлау қабілетімді жақсартты				38	62



Салаунамаға тұжырым:

Сауалнама нәтижесінде TBL технологиясын қолдану бойынша қойылған 10 сұрақтарға студенттердің басым бөлігі келісемін және толығымен келісемін деген нұсқаларды таңдаған. «Командадағы барлық мүшелер нәтиже үшін бірдей үлес қосты» деген сұраққа бір-бірғана студент, яғни 2% «Жауап беруге қиналған». «Білімді тәуелсіз бағалау оқу материалын оқуға үлкен талпыныс береді», «Командада көшбасшы болу үшін қосымша ғылыми әдебиет оқимын» деген сұраққа бір-бір ғана студент, яғни 1% «Келіспеймін» деп жауап берген, ал «Дәстүрлі сабаққа қарағанда көп дайындықты қажет етеді» деген сұраққа 2 студент, яғни 2% «Келіспеймін» деп жауап берген. «Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін команда өзара тығыз байланыс жасайды». Қорытындылай келе, бұл технологияны сабақтың сапасын жақсарту, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсаттарында қолдану айтарлықтай тиімді нәтиже беретіндігін көруге болады.

Өткізілген сабаққа қанағаттану бағасы бойынша студентке берілетін сауалнама сұрақтары мен нәтижелері

Сіздің мамандығыңыз, курс: _____
Пәннің атауы_____
Күні _____

№	Бағалау критериі	1 мен 10 аралығындағы баға	Бағалауға пікір білдіру
1	Өткізілген сабаққақанағаттану (өзектілігі, жаңашылдығы, ауқымдылығы)	100%	Толығмен қолдаған
2	Сабақ тақырыбына қанағаттану	97% - ия 3% - жоқ	
3	TBLбойыншаоқыту сапасына қанағаттану	94% - ия 2%- жоқ	
4	Инновациялық оқыту әдістерін қолдану маңыздылығы	100% -ия	Толығымен қолдаған

5	Алған білімді қолдану мүмкіндігі?	100%- ия	
6	Өткізілген практикалық сабақтыңпайдалылығы	100%- ия	

Сабақты (дәрісті) өткізуді жақсарту үшін Сіздің ұсынысыңыз?
-Осындай әдістермен көбірек өтілсе

Салаунамаға тұжырым:

Сауалнамаға қатысқан білім алушылар толығымен, яғни100% сабаққа қанағаттанғанын және инновациялық оқыту әдістерін қолданудыңмаңыздылығын көрсеткен.96%-ысабақ тақырыбына қанағаттанғанын,94%-ы TBL бойынша оқытушының оқыту сапасына қанағаттанған. Алған білімді қолдану мүмкіндігі мен сабақтың пайдалылығын студенттердің 94%-ықолдаған. Қорытындылай келе, бұл технологияны практикалық сабақтың сапасын жақсартуда қолдану айтарлықтай тиімді нәтиже беретіндігін көруге болады.

Қорытынды. 2016-2017 оқу жылында TBL технологиясын қолдану арқылы«Таңдама жиынтық» тақырыбында өткізілген «Жалпы медицина» факультетінің 3 курс студенттердің білім деңгейінің орташа балы95% болса, 2015-2016 оқу жылында дәстүрлі түрде өткізілген сабақта студенттердің білім деңгейінің орташа балы 90%-ды көрсетті. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану білім алушылардың білім сапасын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады.

Өткізілген сабақта қолданылған технологияға қанағаттану бағасы бойынша студентке берілетін сауалнама нәтижелерінде 37% келісемін және 63% толығымен келісемін деген нұсқаларды таңдаған. Осыдан TBL технологиясын қолдану пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсаттарында қолдану айтарлықтай тиімді нәтиже беретіндігін көруге болады.

Дәрістіөту процесі бойынша тиімді баға алынды, білім алушылардың сабаққадайындалуға деген ынталары артты, тақырыпты меңгеру нәтижелері жоғарылады. Әрі қарай биостатистика пәні бойынша жалпы медицина факультетінің студенттерінде қолданылған TBL технологиясын басқа факультеттердің студенттері арсында да дәрістерде кеңінен пайдалану ұсынылады.

Ұсынылып отырған TBL технологиясын биостатистика сабағындаәрі қарай басқа факультеттер студенттері арасында кеңінен қолдану. Аталмыш әдіс білім алушылардың коммуникативті дағдысын жетілдіреді, сабақты жаңа технологиялар әдістерімен өткізу студенттің оқу барысындағы талабын қанағаттандыруға септігін тигізеді, ал оқытушы үшін сабақты өткізу сапасынының артуына және жоғары нәтижеге қол жеткізуіне үлес қосады.

Пән бойынша дәрістің сапасын жақсарту үшін осы инновациялық технология әдісін әрі қарай басқа факультеттердің орыс, шет тілі және қазақ бөлімдері студенттерімен кеңінен қолдану.

Әдебиеттер

1. TBLсообщество, публичный сайт разработанный для преподавателей как ресурс по TBL, www.tlcollaborative.org
2. Baylor College of Medicine, Team-Based Learning в медицинском образовании www.bcm.tmc.edu/fac-ed/team_learning
3. Team-Based Learning, University of Oklahoma www.ou.edu/idp/teamlearning
4. Team-Based Learning Resources, Wright State University School of Medicine Faculty Development site, www.med.wright.edu/aa/facdev/TBL.

РӨЛДІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНДА ТЕЖЕЛУІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

КАРИПБАЕВА Шынар Тоқтарқызы
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
Семей қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, балаларды мүмкіндіктеріне қарай дамыту, оларға сеніммен қарап, жеке тұлға ретінде өмірге бейімдеу, оқытудың тиімді тәсілдерін іздестіру, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі жұмыстар атқарылатыны көрсетілген.

Аннотация

В статье излагаются различные мероприятия, направленные на улучшение возможностей детей, доверие к ним, адаптацию к жизни как отдельных лиц, поиск эффективных методов обучения и повышение их интереса к предмету на основе особенностей детей с умственной отсталостью.

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады
ойынсыз ақыл - ойдың қалыптасуы мүмкін емес».
(В. А. Сухомлинский)

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни саналы халықтық мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын, бәсекеге қабілетті, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты өсіріп, дамытатын мектеп болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр. Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс.

Жалпы орта білім беретін мектептерде үлгерімі төмен оқушылардың елу пайызы психикалық дамуы тежелген /ПДТ/ балалардың құрайтындығы бүгінгі күні ғылыми түрде дәлелденіп отыр. К. С. Лебединская, В. И. Лубовской, т. б дефектологтар зерттеулерінде балалардың жас мөлшері бірдей болғанымен, психикалық дамуы әртүрлі, яғни интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмейтіндігін ерекше атап көрсетілген.

Д. Эльконин бала психикасының дамуында ойынды «Жетекші іс–әрекет» сөз тіркесімен сипаттайды. Д. Эльконин еңбектерібалалар ойынының әлеуметтіктабиғатын ерекше мәдени құрылым ретінде түсіндіреді, ол ойынды ересектердің қоғамдық өмірін бейнелеу деп анықтайды.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Оның негізгі белгілері: сабаққа белсенділігі байқалмайды, берілген тапсырмаларды үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды, сыныптастарымен аз араласады, өз ойын ашық айта алмайды, оқу мен жазу, есептеулерде көп қателер жібереді, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз болады өз өзін төмен бағалауы; қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарауы; өз күшіне деген сенімсіздігі. Қазіргі таңда елімізде арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы мектептер мен жалпы мектептердің ішінен арнайы сыныптар ашылуда.

Білім беру мекемесінде оқитын психикасының дамуы тежелген балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Сонымен бірге әр баланың физиологиялық, психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, сынып жетекшісі, психолог, логопед, дефектолог және ата - ана тығыз байланыста болып, түзету жұмыстары тиімді жүргізілген жағдайда жұмысымыз нәтижелі болады. Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, балаларды мүмкіндіктеріне қарай дамыту, оларға сеніммен қарап, жеке тұлға ретінде өмірге бейімдеу, оқытудың тиімді тәсілдерін іздестіру, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі жұмыстар атқарылады.

Қазіргі озық технология заманында психикалық дамуы тежелген балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбеққор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ, жұмыс жасап жүрген әрбір ұстазды шығармашылық жұмыстар мен

иновациялық технология әдіс — тәсілдерін іздеуге итермелейді.Сабақта ойын әдіс-тәсілдерін қолданып, мүмкіндігі шектеулі балалалармен көбінесе ойын арқылы жұмыс жасаған тиімді. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады.

Соның ішіндегі ең бір маңызды да қолайлы тәсіл – рөлдік ойындар арқылы психологиялық дамуында тежелуі бар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Рөлдік ойын -бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдықжақтарынмеңгеруниетіндеалдын-алабөлінгенрөлдерарқылықатысушы топтардың сахналап ойнауы. Ойынға қатысушы оқушылар мұғалімдермен өзара қарым-қатынастарын көтереді, әрі өздерінің қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады, сонымен қатар ұйымдастыру қабілеттерін арта отырып сабақ кезінде қуаныш сезімін оятады.

Баланы оқуға қызықтыру және дамыту мақсатында, қоршаған ортамен байланысын нығайту үшін күнделікті сабақ алдында ашықтық, сенімділік деңгейін, эмоционалдық еркіндігін және ұжымда бірауыздылық орнатуға жағдай жасайтын жұмыстар жүргізген жөн.

Оқу үрдісінде тиімді ойындардың бірі төмендегідей:

1.Рөлдікойындар.

2.Іскерлікойындар.

А)Іскерлік оқу ойындары: саяхат ойындары; блиц ойындары.

Ә) Өндірістік ойындар.

Рөлдік ойындар - интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі.

Рөлдік ойындар екіге бөлінеді:

1.Әрбір оқушы рөлде ойнайды.

2.Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды.

Рөлдік ойындар шағын топтарда (3 - 5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тақтада, қағаз парақтарда және т. б.) тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа ұсынады (көрсетеді). Оқытушы балалардың мінез - құлқын ескере отырып рөлді өздері бөледі.

Танымдық ойындардың да түрлері көп. Мысалы, сөз жұмбақ, сөз тізбек, кроссворд, викторина, психологиялық жаттығулар, логикалық есептер, тренинг, тест, т. б. Танымдық ойындар жас ерекшеліктеріне қарай күрделене түседі. Адам бойындағы қызығушылығын, қабілеттерін арттыруға, білімін шыңдауда танымдық ойындардың алар орны ерекше. Адамның танымы биіктеген сайын, дүниеге көзқарасы да кеңейе түседі.

Саусақ ойыны - ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойынын ойнай отырып,

балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды, ағаштарды т. б көптеген бейнелерді бейнелей алады.

Қорыта келгенде, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудағы жаңа технологияларды қолдану: біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. ҚР білім беруді дамыту 2015 тұжырымдамасы.
2. Білім беру бағдарламасы 2010 жыл.
3.«Мектептегі психология» журналы №10, 2013жыл.

ОСНОВНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ СТРУКТУРЫ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ШКОЛЬНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

ӘМЕТ Айдын Жеңісұлы
СОШ № 4
Учитель физической культуры
город Караганда, Казахстан

КАРЫНБАЕВА Маржан Жайлубаевна
Карагандинский Государственный Университет им.Е.А.Букетова
Старий преподаватель физической культуры
город Караганда, Казахстан

Андатпа

Мақалада кіші жас тобының оқушыларна тән «тұлғаның дене тәрбиесінің» құрамы мен мазмұны ұғымдарымен байланысты мәселелер қозғалған. Мектепте оқушылардың дене тәрбиесі нормаларын орындауға және оған дайындығын «қалыптастырылу» сұрақтары қарастырылған.

Аннотация

В статье затронуты проблемы выявления структур и содержания понятия «физическая культура личности», характерная именно для школьников младшей возрастной группы. Рассмотрены вопросы «сформированности» и готовности учащихся к выполнению норм физического воспитания в школе.

Изменения в содержании образования приобретают особое значение в контексте становления личности учащегося. Из множества наиболее значимых стратегий становления личности, будущей интеллектуальной элиты общества на современном этапе выделяется единство телесных и духовных

составляющих человека, социокультурных начал деятельности личности и в целом общества.

В этой связи необходимая интеграция культур в образовательном процессе современной школы становится важным условием становления внутренних (духовных) и внешних (телесных) начал личности школьника [3,с.57].

Среди многих явлений культуры особо выделяется культура физическая, благотворно влияющая на сознание, личностные качества (воззрения) подрастающего человека (школьника), и особенно в младшем возрасте. Феномен физической культуры чрезвычайно многогранен в воздействии на телесно-духовную сферу личности. Физическая культура — это не только то, что «произвел» человек и человечество в процессе становления, сколько то, что в лучшей мере воспроизводит его самого; обеспечивает единство в преобразовании биосоциальных «начал» личности.

Таким образом, физическая культура — вид общесоциальной культуры социума; специфическая, творчески-преобразовательная деятельность по развитию системы двигательных и личностных потребностей и способностей обеспечивающих качество социализации личности.

Физическая культура личности — специфическая сфера общей культуры человека; интегрированное, специфическое и динамичное личностное состояние, отражающее сформированность ценностных ориентации, системы двигательных и личностных потребностей и способностей, определяющих эффективность социализации, общесоциальной и физкультурно-спортивной деятельности [5].

В этой связи актуализируется проблема выявления структуры и содержания понятия «физическая культура личности», характерная именно для школьников младшей возрастной группы.

На основе анализа научно-педагогических исследований (С.С. Коровин, В.К. Бальсевич, В.А. Сластенин), понятие физической культуры личности означенной возрастной группы, которое может быть представлено следующим образом (рис.1):

- физический компонент (физическое развитие, физическая работоспособность, двигательная подготовленность);
- когнитивный компонент (сформированность знаний в сфере физической культуры; качество основных психических процессов; ценностные ориентации в сфере физической культуры);
- физкультурно-деятельностный (сформированность потребностно-мотивационной сферы; «включенность» в физическую культуру).

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА ЛИЧНОСТИ	1. Физический компонент	1. Физическое развитие
		2. Физическая работоспособность
		3. Двигательная подготовленность (физическая, техническая)
	2. Когнитивный компонент	1. Сформированность знаний в сфере физической культуры
		2. Качество основных психических процессов
		3. Ценностные ориентации личности в сфере физической культуры

	3. Физкультурно-деятельностный компонент	1. Сформированность потребностно-мотивационной сферы
		2. «Включенность» в физическую культуру

Рис. 1. Содержание и структура физической культуры личности

Сформированность физического компонента физической культуры личности, по сути, отражает качественно-количественные показатели физического развития, работоспособности, физической и технической подготовленности (т. е. унаследованные морфофункциональные признаки, индивидуальные особенности, двигательные способности личности).

Физическая работоспособность[2,с.180] — возможность выполнять физическую деятельность без снижения уровня функционирования организма (прежде всего, сердечно-сосудистой и дыхательной систем). В свою очередь, уровень физической работоспособности школьников — некая мера морфо-функциональных, метаболических и биохимических показателей физической культуры личности школьника.

Двигательная подготовленность школьников есть интегральное состояние, отражающее уровень сформированности двигательных умений и навыков (технические действия) и степень развития физических (двигательных) качеств (физических способностей). Физическая подготовленность — состояниеразвития двигательных (физических) качеств. Уровень физической подготовленности обуславливает физические кондиции (физические качества) школьников: общая выносливость отражает приспособительные реакции организма младших школьников к продолжительной работе.

Тем не менее, у детей младшего школьного возраста в состоянии технической подготовленности(качество сформированности двигательных умений и навыков) судят по показателям: объема освоенных технических действий (общее количество); эффективности освоенных технических действий (их соответствие с показателями и индивидуальными особенностями); стабильности действий и приемов (способность качественно исполнять их в различных условиях (в том числе и помехоустойчивость); вариативности (способность к коррекции двигательных, действий в конкретных условиях).

Целью становления когнитивного компонента физической культуры личности является приобретение учащимися физкультурных знаний и умений их практического использования в образовательном процессе, самосовершенствования для обеспечения успеха в личностном становлении, а также для сохранения и укрепления индивидуального здоровья [1].

Знания основ теории и методики физической культуры определяют овладение ее ценностями и формируют правильное и сознательное отношение личности к своему здоровью, развитию физических качеств, личной и общественной гигиены, поведению [4,с.27].

Сформированность комплекса широких, глубоких, гибких и прочных знаний в сфере физической культуры, теоретических положений здорового

образа жизни и спортивного поведения является основой в становлении когнитивного компонента физической культуры школьников в образовательном процессе.

Показателями сформированности ценностных ориентаций школьника в сфере физической культуры являются: знание ценностей общесоциальной и физической культуры; умение распознать и выделить ценности физической культуры, а также знать их роль для «себя» и общества.

В обосновании физкультурно-деятельностного компонента физической культуры личности следует отметить, что сформированность потребностно-мотивационной сферы отражает:

• установление учащимися взаимодействия и взаимоотношений с другими участниками физкультурно-спортивной деятельности;

• улучшение (модернизация) условий повседневной жизни и деятельности за счет одобрения его стороны окружения, признания, имеющихся знаний, авторитета;

• возможность преобразовывать поступающую информацию (создание новых ценностей физической культуры к окончанию начальной школы);

В свою очередь «включенность» школьников в физическую культуру как необходимая характеристика физкультурно-деятельностного компонента физической культуры школьников интегрирует в себе:

а) участие школьника в процессе трансляции ценностей физической культуры (в быту, семье, учебе), выражающаяся в количественных показателях (количество раз, дней);

б) деятельность по вовлечению других людей в физкультурно-спортивную деятельность по освоению физической культуры (личный пример; убеждение);

в) знание правил, способов организации соревнований (судейская подготовленность).

Разработанная структура физической культуры младшего школьника, как динамическое состояние (в частности ее показатели) в нашем исследовании изменились в качественную сторону в опытной группе школьников, в окончании педагогического эксперимента.

Таким образом, проблема формирования физической культуры личности младшего школьника требует теоретико-методологического и методического обоснования использования ценностей физической культуры в образовательном процессе в отношении становления данного личностного состояния. Признавая важность решения заявленной проблемы, отметим, что теоретическая значимость исследования заключается в уточнении содержания понятия и структурных компонентов физической культуры личности школьника младшего возраста, отражающие его психофизиологические и двигательные особенности и обосновании образовательного процесса в начальной школе, направленного на становление физической культуры личности.

Литература:

1. Андреев, В.И. Педагогика: учебник [Текст] / В.И. Андреев. — Казань: Центр инновационных технологий, 2000. — 608 с.

2. Бундзен, П.В. Современные технологии укрепления психофизического состояния и психосоциального здоровья населения [Текст] / П.В. Бундзен, О.М. Евдокимов, Л.Э. Унесталь // Теория и практика физической культуры. 1996. № 8. С.57.

3. Визитей, Н.Н. Физическая культура личности [Текст] / Н.Н. Визитей. — Кишинев: Штиница, 1989.- 110 с.

4. Кукушкин, В.С. Общие основы педагогики: учеб. пособие для студ. пед. вузов [Текст] / В.С. Кукушкин. — Ростов-на-Дону: Март, 2002. — 224 с.

5. Коровин, С.С. Введение в теорию и дидактические основания физической культуры [Текст] / С.С. Коровин. — Оренбург: Изд-во ОГПУ, 2006.- 132 с.: ил. С.29

ӘОЖ: 159.923

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КЕНЖЕГАЛИЕВА Айдана Женисовна
М.Өтемісов ат.Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Педагогика және психология мамндығының I курс магистранты
Орал қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада жасөспірімдік шақтағы жетекші әрекет – қарым-қатынас,жасөспірімдердің құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынас ерекшелігі қарастырылады.

Аннотация

В статье рассматривается основы межличностного общения подростков и как в подростковом возрасте проявляется стремление к общению с товарищами, стремление к жизни в коллективе сверстников.

Еліміздің рухани жаңғыруға, өркениетті нарыққа бет бұрған кезеңінде әлеуметтік, экономикалық, адамгершілік жағдайда тұлғаның қалыптасуына, қалыпты өмірін қамтамасыз етуге, қоғамдық өмірге бейімделуіне ықпал жасайтынфакторлардың бірі – қарым-қатынас. Қарым-қатынас адамды толық түсінуге, оның руханиқасиеттерін, жеке психологиялық ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді.

Қарым-қатынас – адамдар арасындағы бірлескен іс-әрекеттегі қажеттіліктен туындайтынақпарат алмасу, байланыс орнату және оны дамытудың жоспарлы үрдісі.

Көптеген ғалымдар (А.А.Леонтьев, В.Н.Панферов, Л.С.Выготский, Л.И.Анцыферова,т.б.) қарым-қатынас ұғымын терең зерттей келе, бұл ұғымға өзіндік анықтама берген [1, 11 б.].

Қарым-қатынастың мағынасын, оның тұлғаның дамуына тигізетін ықпалын анықтауда отандық ғалымдардың да (С.Б.Бабаев, А.Құдиярова, Н.Қ.Тоқсанбаева, т.б.) еңбектерінің алатын орны ерекше.

Баланың ең алғашқы әрекетінің бірі – қарым-қатынас жасау әрекеті. Қарым-қатынас адамның бүкіл өмірінде дамып отырады. Адамның жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдармен қарым-қатынас жасау мазмұны өзгеріп отырады.

Қарым-қатынас – тұлғаның өмір сүруі мен әлеуметтенудегі қажетті алғышарты (Б.Д.Парыгин) [1] екендігін ескерсек, жасөспірімдерді өздерін әлеуметтің бір мүшесі екендігін сездіру, әлеуметтік ортаға бейімдеуде олардың тұлғааралық қарым-қатынасын дамытудың маңыздылығы жоғары.

Жасөспірімдік шақ адамның 11 жастан 15 жасқа дейінгі даму сатысы. Сонымен қатар бұл кезеңді «өтпелі», «қиын» кезең деп те атайды. Себебі бұл кезеңде балалықтан ересектікке өту кезеңі болады. Жасөспірімдік шақ

психикалық үрдістердің, оқушы әрекетінің өзгеруімен, қайта құрылуымен байланысты, сондықтан ересектер тарапынан іс-әрекетті ұйымдастыруда, қарым-қатынас формаларында үлкен өзгерістерді талап етеді. Жасөспірімдер психологиясы көптеген зерттеушілерді қызықтырып, көптеген еңбектер де жазылған.

С.Холл жасөспірімдік шақты дамудың дағдарыстық кезеңі ретінде қарастырады [2, 239 б.].

Бұл туралы В.А.Сухомлинский де «Балаға жүрек жылуы» атты еңбегінде былай деп жазады: «Балалардың адамгершілік және рухани жағынан қиын жас – ересек жасқа (жасөспірімдік шақ) әзір болуын маңызды деп есептедім. Бастауыш сыныптарда мен балалардың балалық шақтан жасөспірімдік шаққа өтуге жақындайтын уақыттарын ойладым. Кейбіреулер бұл шаққа кірді де. Бұл жастың қиындықтары шын мәнінде 4-сыныпта басталды» [3, 322 б.]. Бұдан жасөспірімдік шақтың 4-сыныпта немесе баланың 10-11 жасында басталатындығын байқаймыз.

Жасөспірімнің ішкі әлеміндегі өзгерістердің басталуы өмірлік міндеттердің шешілуінің негізгі шарты ретінде өзіне бағдарлану болып саналады. Жасөспірім алдында тұрған осындай міндеттердің бірі – басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу міндеті. Осы жасөспірімдік шақтың басында қарқынды қарым-қатынас, басқа адамдарға өз қатынастарымен әрекет жасау жүреді, яғни дос іздеу, өзара қатынастарын ретке келтіру, т.б.

Тұлғааралық қарым-қатынас – өзара қарым-қатынас жасау барысында адамдар арасындағы табиғатта және өзара әсер ету жолында объективті түрде көрінетін субъективті тәжірибелі қарым-қатынас. Адамдардың бір-бірін қабылдаған және бағалайтын көзқарастары, бағдарлары, үміттері, стереотиптері және басқа да көзқарастарының жүйесі [4].

Кіші мектеп жасындағы оқушыларға қарағанда жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиелеу қиын болып саналады. Өйткені бала жастан ересектікке өту үрдісінің өзі қиын, ол психиканың қайта құрылуымен, адамдармен қарым-қатынастың белгіленген формаларына, өмір сүру жағдайлары мен әрекетінің өзгеруіне байланысты. А.Г.Ковалев бұл жерде бала жасының дағдарысын емес, жасөспірімдер мен ересектер арасындағы қарым-қатынас дағдарысын атап көрсетеді. Әрбір жас кезеңі өзіне деген ерекше қарым-қатынасты талап етеді [5, 73 б.].

Жасөспірімдердің ата-ана, мұғалім және басқа да үлкендермен қарым-қатынасы ересектік сезімінің пайда болуына байланысты қалыптаса бастайды. Бұған дейін орындап келген үлкендердің талаптарына қарсылық таныта бастайды, үлкендердің өздеріне деген шағымдарын шектеуге тырысады. Ересектерге деген қарсылықтарына қарамастан, жасөспірімдер бәрібір қолдауды қажетсінеді. Жасөспірімдер үшін үлкендердің өздерімен достық қатынаста болуы маңызды. Бұл жағдайда ересектер жасөспірімге жаңа, қалыптасып келе жатқан әрекетте өз орнын табуға, өзінің қабілеті мен мүмкіндіктерін бағалай білуге, өзін дұрыс тануына көмектеседі [6, 362 б.].

Д.Б.Эльконинның тұжырымдауынша жасөспірімдік шақтағы жетекші іс-әрекет құрдастарымен қарым-қатынас жасау болып саналады [2, 250 б.].

Жасөспірім тәртібіндегі жетекші уәжі құрбы-құрдастарының арасынан өз орнын табуға тырысу болып табылады. Мұндай мүмкіндіктердің болмауы әлеуметтік бейімделе алмаушылыққа, құқықбұзушылыққа әкеліп соқтыруы мүмкін (Л.И.Божович). Бұл кезеңде жолдастарының берген бағасы ұстаздары мен ересектердің берген бағасынан маңыздырақ болады. Қарым-қатынас барысында әлеуметтік ережелерді меңгеру, құндылықтарды бағалау жүзеге асады [7, 122 б.].

Жасөспірімдердің достық және жолдастық қарым-қатынасын И.В.Страхов терең зерттеді. Ол жасөспірімдердің тұлға болып қалыптасуының маңызды факторы болып саналатын өзара қатынасының негізгі үш формасын ұсынды: көпшілдік, жолдастық және достық.

Көпшілдік бұл ортақ істерді бірлесе орындау, оқу және еңбек әрекетіндегі, бос уақыттағы байланыстар, әр түрдегі өзара көмек кезіндегі қарым-қатынас. Мұның бәрі қарым-қатынастың ерекше эмоционалдық атмосферасымен бірге жүреді.

Жолдастық – күрделі құбылыс. Оның психологиялық негізі ұжымдастық сезімі, әртүрлі мәселелер бойынша пікірдің бірлігі, жолдастық ынтымақтастықтың ахуалы, зияткерлік байланыс, бір-біріне үйренісу, өзара түсінушілік сезімі болып табылады.

Достық қарым-қатынасы аса таңдаулы, жасөспірімдердің жақындығын, психологиялық байланысын, қатынастардың сенімділігін көрсететін неғұрлым жақын қарым-қатынас. Жасөспірімдердің арасындағы достық қажеттіліктері мен қызығушылықтарының, мақсаттары мен мүдделерінің бірлігіне, әртүрлі мәселелерді түсінудің ортақтығына негізделеді.

Президент Н.А. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласы шыққан сәттен бастап қоғамдық сананың модернизация мәселелері қаралды. Бұл инновациялық тұрғыда қоғам өзі сындарлы моделі коммуникацияның төзімді стильде қарым-қатынас және оң психологиялық қондырғылармен болып табылады. Бүгінгі таңда мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі білім беру процесі субъектілерінің ендік білгірлігін, икемділік, ойлау белсенділігі мен ұмтылысын, шығармашылық қарым-қатынас, қабілеті талдау және самоанализу технологиялық процестердің дайындығы, жаңа мінез-құлық үлгілері талап етеді.

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы модернизации общественного сознания с момента выхода стратегической статьи Президента Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Известно, что в инновационном плане казахстанскоесообщество само является конструктивной моделью процессакоммуникации с толерантными стилями общения и с положительными психологическими установками на внешний мир.

На сегодня конкурентоспособность государства требует от субъектов образовательного процесса широты эрудиции, гибкости мышления, активности и стремления к творческому общению, способности к анализу и самоанализу коммуникационных процессов, готовности к новым типам поведения.

О «Модернизации общественного сознания» говорят с момента выхода стратегической статьи Президента Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Программа «Рухани жаңғыру» -это новый подход к решению социально – культурных,профессиональных и учебно - образовательных задач в успешном развитии молодого поколения. И этоттактический ход долженначатьсяприемлемогоиспользованияинтернет - коммуникации в современной жизни, изучение новых коммуникационных технологий.

Вопрос модернизации общественного сознания касается в первую очередь оптимизации сознательно выбранныхмежличностных отношений в казахстанском сообществе, достижений взаимопонимания на разных уровнях взаимодействии в процессе коммуникацииустановления системы

взаимодоверия,положительныхсвязейдля лучшей реализации мотивов коммуникации.

В инновационном плане, на наш взгляд,профессиональное сообщество само должноявляется конструктивноймодельюкоммуникации, образцомтолерантногостилями общения с положительными психологическими установками [2].

Актуальность проблемы обновления системы образования на сегодня претерпевает целый ряд изменений, что выражается в проявлении альтернативных типов коммуникаций.

Иэта ситуациятребует от субъектовобразовательного процесса широты эрудиции, гибкости мышления, активности и стремления к творческому общению, способности к анализу и самоанализу коммуникационных процессов, готовности к новым типам поведения.

Однако анализ коммуникативных типов общения показывает, что в наших условиях она не отвечает требованиям, предъявляемым к инновационной деятельности на современном уровне, поскольку коммуниканты не имеет навыков моделирования структуры общения, недостаточно сформирована готовностьмолодежи к изменениям стилей коммуникации [3].

Этико – культурный, нравственно – духовный стиль коммуникации есть динамическая характеристика личности коммуникантов, характеризующая их психологическую устойчивость в системе формирования оценочных отношений к себе и к другим.

И в этом случае, только сам коммуникант со сформированным профессиональным стилем общения способен активно проявляться в процесс становления и взаимодействия в плане личностного роста [4]. Коммуникационные технологии являются эффективными в том случае, если знания передаются в условиях общение на «новом» уровне с проявлением новых ощущений при социализации молодого поколения.

Современное профессиональноеобщество с многообразием межличностныхкоммуникаций, при усиливающейся конкуренциитребует от современногочеловекаразвитие социально - коммуникативных навыков с проявлением психологически положительнойактивности, ориентированную на успешную социальную интеграцию и адаптацию[5].

Одним из условий развития социальных и коммуникативных компетенций являетсякак учебная, так и общественная деятельность личности. Компетенция действует как формальное динамическое свойство.В связинеобходимо учитывать уровень личностной психологической активности коммуникантовв стратегии формирования коммуникативных способностей как основы социальных и коммуникативных компетенций.

Таким образом, обнаруживается противоречие между необходимостью повышения эффективности работы по формированию социально-коммуникативных компетенций у молодежи и недостаточной

технологической проработкой процесса самосознания в условиях системы образования.

Обществозаинтересовано вформированиеспособности коммуникаторов в психологических и социальных аспектах, отражающие понятия и явления современногомира.Для практико – ориентированного изучения коммуникационного процесса важно выявить социальные и психологические факторы, которые способствуют влиянию общения на социальные и психологические навыки коммуникантов в учебной деятельности.

Социальная коммуникация «пронизывает» все формы академической образовательной жизни, ее функция очень похожа на процессы управления жизненными навыками, поскольку общение - это будущее для поддержания равновесия в любой другойсистемежизни сообщества.

Таким образом, теория социальной коммуникации вписывается в обновлённую систему образования как научно – практический комплекс, который объединяет знания и навыки коммуникационных процессов в психологическом характере природы человека. Законы теории коммуникации и модернизация сознания определяет технологические аспекты учебно-воспитательного процесса, его предметные и информационные связи между характером коммуникантов и процессами коммуникации в бкдкшем. Они заключаются в следующем:

- образовательная коммуникация - это социально-психологическое взаимодействие, характеризующееся не только обменом информацией, но и чувствами и психологическим характером;

- образовательная коммуникация как информационное взаимодействие основывается на принципе осознанной обратной связи, который является необходимым условием для осуществления коммуникативного акта («закон обратной связи»),

- образовательная коммуникация - знак (понимание).

Основной проблематикой современной молодежиявляетсяобучениекоммуникантовправилах процесса понимания требований и характеристик к процессам коммуникации. Таким образом, общение связано с обменом информацией, которая существует между коммуникантами в совместной деятельности и общей коммуникации.

Коммуникация - это действие и процесс установления контакта между сущностями, взаимодействующими через здравый смысл и передающими воспринимаемую информацию. Коммуникативная компетентность - означает некоторую систему для индивидуальных требований, связанных с процессом коммуникации: грамотная речь, знание методов публичных выступлений, способность продемонстрировать индивидуальный подход к собеседнику и тд.

Поэтому существует общая точка зрения, что коммуникативная компетентность (а также любая другая компетенция) представляет собой систему требований к формированию коммуникативной компетенции как степень индивидуальных требований к членам системы коммуникаций.

Коммуникативная компетентность может включать в себя множество компонентов. В развитие вопроса компетенции имеется в виду разработка системы требований с определенными компонентами (Таб. 1):

Таблица – 1 Система требований к формированию коммуникативной компетенции

Компоненты системы коммуникаций	Содержательная компетенция
компонент - 1	умение соблюдать школьную этику и этикет общения
компонент - 2	владение коммуникативными тактиками, владение коммуникативными стратегиями
компонент - 3	способность гасить конфликты в зародыше, не конфликтогенность, ассертивность (уверенность);
компонент - 4	владение навыками активного слушания, владение ораторским искусством
компонент - 5	умение организовывать и вести деловые встречи
компонент - 6	эмпатия, умение проникнуться интересами партнера по общению

Факторы социального и коммуникативного общения имеют многогранный процесс, необходимый для организации контактов между коммуникантами в совместном предприятии. В этом контексте семантическая связь в общениисоотносится к формам материальных явлений.

Нов процессеобщения всем участникам приходится делиться мыслями, намерениями, идеями, опытом,психо - эмоциональнымсостоянием, что и являетсяпродуктамопределения модернизации сознаниякак результат образовательногоуровня коммуникаетов. Следовательно, осознанная связь может облегчитьпроцессыпередачи и обмена опытом жизни, совершенные координационные сущности понимания, существующие в индивидууме в формепредставления с целью восприятиякоммуникационныхдействий.

Противоположныевзглядына систему коммуникациивыражаются А.В. Соколовым.Их позиция заключается в том, что процесс общения - это форма коммуникационныхне только процессов, но идействий. В основе этих форм могут быть как целевые коммуникантыпо установке процесса общения, так и постановка коммуникационных задач. Таким образом, существует три варианта отношений участников коммуникации (Таб. 2).

Таблица – 2 Структура отношений участников коммуникации

Структура	Отношение участников коммуникации
субъектно - субъектные отношения	в виде диалоговой речи партнеров

субъектно-объектные отношения	свойственные коммуникационным действиям в форме управления, когда коммуникаторы рассматривают реципиентов как объекты коммуникативных воздействий, средствами достижения своих целей
объектно - субъектные отношения	свойственные коммуникационным действиям в форме подражаний, когда реципиенты целенаправленно выбирают коммуникаторов в качестве образцов для подражания, а последний при этом может даже не осознавать своего участия в коммуникационном акте

Функциякоммуникации разнообразна и есть возможность использовать данные типы для формирования общественного сознанияиопределитьформывлияния на поведение ипсихологическую составляющуюкоммуникантов в положительном плане.

Намипризнано, что информационный обмен есть глобальное явлениевжизнедеятельности казахстанского сообщества на современном этапе, выходящеекак всистему международногопространства, так и в простое общение между людьми.

Специфика межличностных информационных обменов определяет наличие процесса психологической обратной связи, сустранением коммуникативныхбарьеров, споявлением феноменамежличностного влияния на существования различных уровней передачи информации.

Коммуникативные способности - это сложное многоуровневое личностноеобразование, набор коммуникативных характеристикиндивида, а также жесоциально-перцептивныеи оперативно – техническиезнания, которыесмогут обеспечить идентификацию человека и общества,буквально обозначающий отождествление себя с другими процессами, выражающиеустановленный эмпирическийфакт, что одним из самых простых способов пониманияявлений современной политики государства. В этом плане идентификация выступает в качестве одного из механизмов познания и пониманияфакторовсобытийностииосознанного отношения к происходящим событиям.

Все структурныекомпоненты коммуникативных способностей действуют в неразрывном единстве и в комплексесмогут обеспечить регулированиепроцессамодернизации сознаниякакмногофакторнойкоммуникационной системы.

Литература:

1. Кульшарипова З.К., Жилбаев Ж.О., Сырымбетова Л.С., Каирбекова Б.Д. Глобальное будущее -главный вызов на пути к «новому» образованию Вестник карагандинского Университета, серия педагогика, № 4(88) /2017. С. 82-89.

2. Кульшарипова З.К., Шарип Е.Ш., Дворниченко Л.Н. Кризис индивидуального сознания: формирование научного творческого начала и развитие профессионального сотрудничества //Қазақ ғылыми

психологиясының 100 жылдығына арналған «психологиялық ғылым мен тәжірибенің қазіргі кездегі даму үрдістері және болашағы» атты VII халықаралық ғылыми -әдістемелік конференция және Қазақ психологиялық қоғамының I құрылтай съезінің материалдары. 7желтоқсан, Алматы қ. – Алматы: Қазақ университеті , 2017. – б. 292- 294.

3. Кульшарипова З.К., Гаврилова Т.В, Шевчик О.А. Современный взгляд на становление психологической науки: Развитие компетенции педагогической направленности в казахстанской системе образования // Қазақ ғылыми психологиясының 100 жылдығына арналған «Психологиялық ғылым мен тәжірибенің қазіргі кездегі даму үрдістері және болашағы»атты VII халықаралық ғылыми -әдістемелік конференция және Қазақ психологиялық қоғамының I құрылтай съезінің материалдары. 7желтоқсан, Алматы қ. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – б. 208- 211.

4. Кульшарипова З.К., Жантлесова А.Б. Generative education and its functional relevance in higher education//«Вестник ПГУ», серия педагогическая. Павлодар–2016.–№ 4. – С.147-152 ККСОН

5. Кульшарипова З.К., Тайлакова А., Астанов Р., Жакиянова Ж.Г. Образовательная кинезиология: проблемы оптимизации высшей профессиональной школы.//Международная научно-практическая конференция магистрантов, докторантов (phd), молодых ученых «Наука и современность» 2017 ж. 19 сәуір- апрель. – Семей: ҚИУ, 2017. –С 74 – 78 ISBN 978-601-7096-40-3

6. Кульшарипова З.К., Исабеков Ж. Б.,Махметова Н. К., Сергазина Ж. Ж Лингвистическая позиция и экономическаяоценка эффективности инновации в образовательных процессах//«Вестник ПГУ», серия педагогическая. Павлодар–2016.–№ 4. – С.101-108 ККСОН

ҚАЗІРГІ МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУДЕГІ МУЗЕЙДІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

ҚҰРБАНӘЛІ Жазира
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі
Ғылыми қызметкер
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,
Рахат ауылдық округі, Өрікті ауылы
Қазақстан

Аннотация

Мақалада автор қазіргі мәдени-білім берудегі музейдің атқаратын қызметі туралы тоқталады, сондай-ақ «Есік» қорық-музейінің мектеп оқушыларына арнайы дайындаған бағдарламалары мен іс-

шараларыдыұйымдастыру арқылы оқушылардың өз тарихына, мәдениетіне қызығушылықтарынарттыру мәселесін қарастырды.

Аннотация

В статье автор рассматриваетроль Музея в современной культурно-образовательной парадигме. Акцентирует внимание на проблеме формирования интереса учащихся к своей истории и культуре. Описывает решения проблемы посредством организации образовательных программ и мероприятий, специально созданных для школьников сотрудниками заповедника-музея «Иссык».

Соңғы жылдары мектеп бағдарламаларына музейлік сабақтардың енгізілуі туралы мәселелердің жиі көтерілуінің өзі қазіргі кезеңде музейге деген көзқарастың өзгеруінің, музейдің болашақ ұрпақты тәрбилеуде рөлінің артқандығының айғағы болса керек. Елбасының «Ұлт жоспары 100 нақты қадам» бағдарламасы бойынша бекітілген «Ұрпақ» мәдени-білім беру жобасы да осы мәселе көтеріп отыр. Бұл жобаның нақты мақсатына келер болсақ, – өскелең ұрпақты тарих, археология және мәдениет салаларына тартып, қазақтың тарихы мен мәдениетін терең танып білуіне жол ашу болып табылады.

Музей – көненің көзіне айналған мұраларды сақтайтын орын ғана емес, ол ұлттың тарихы мен мәдениетіне қатысты білімді ұрпақтан-ұрпаққа мирас ететін мәдени ошақ [1]. Бастысы музей ғылыми ағартушылық ісімен айналысатын білім мекемесі екендігі баршаға мәлім. «Есік» мемлекеттік-тарихи-мәдени қорық-музейі де құрылған күннен бастап қоғам талабына сай ұрпақ тәрбиесіне үлес қосуды басты міндеттеріне алып отыр.

«Есік» қорық-музейінің мәден-білім беру қызметімектептермен жүйелі түрде жұмыс жасай отырып музей қабырғасында музейлік бағдарламаларды, іс шараларды ұйымдастыру арқылыжас ұрпақтыңөз тарихына, мәдениетіне қызығушылықты арттыру.

Осы орайда музей қызметкерлері мен мектеп ұстаздарының бірлесіп қызмет жасауы алдыңғы шарттардың бірі. Себебі, балалармен жұмыс жасау музейдің негізгі бағыттарының бірі болса, оқушыларды ұйымдастырып, бір аудиторияға жинаушы ол мектеп ұстаздары, бұл бағыттың дәстүрге айналуы қажет.

Қазақстан музейлерінің бүгінгі таңдағы басты мәселесінің бірі музейге бір рет келген оқушы екінші рет қайта келе бермейтінін атап айту жөн. Өйткені музейдегі экспозиция әр үш жыл сайын ауыстырып отырады. Бұл мәселелердің шешу жолдарын қорық-музей қызметкерлері түрлі іс-шаралар төңірегінде ізденістер жасады. Осы орайда, «Есік» қорық-музейінің мәдени-білім беру жұмыстарына тоқталып кетсек, қорық-музейге келушілерге, олардың ішінде мектеп оқушыларына арналған түрлі тақырыптық және шолу экскурсиялар, циклдік сабақтар мен көшпелі дәрістер, балалармен жасөспірімдерге арналған топтық (командалық) квест ойынын және т. б. түрлі интерактивті ойындар, әртүрлі сайыстар және байқаулар ұйымдастырады.

Сонымен қатар, жыл сайын 1-маусым «Халықаралық балаларды қорғау күні», 4-маусым «ҚР Рәміздер күніне» орайластырылған мерекелік шаралар ұйымдастырылып, мәдени-білім беру түрлерін кеңінен пайдаланады. Музей қызметкерле білім беру бағдарламасын, мәдени-білім беру жобасын, сондай-ақ, бүгінде жұртшылыққа аса танымал болған «Мұражай түні» акциясын әзірлеп, жұртшылыққа ұсынып келеді.

Қорық-музейінің мәдени-білім қызметінің кез келген түрінің негізгі принципі – келушілердің (оқушы) өз қызығушылығымен айналысуға мүмкіндік беру және тұлға ретінде өзін дамытуға, қалыптасуға жағдай жасау. Бұл жерде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру маңызды болып табылады. Жұмыстың тиімділігі музейдің мектеппен өзара қарым-қатынасына, мектеп және музей педагогикасы интеграциясына байланысты.

"Есік" қорық-музейі әр бір мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге ерекше көңіл бөлінеді, осыған орай музей экспозициясы бойынша тақырыптық және шолу экскурсиялар мен дәрістер жүргізіледі. Экскурсия жүргізуде оқушылардың жасын, қызығушылығын және білімдерін ескеру керек. Музейдегі жәдігерлер балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, байланыстырып сөйлеу мәнері қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар музейдегі экспонаттар арқылы балалардың танымын одан ары артыруға болады, себебі оқушыға көп мағлұматты ауызша жеткізгеннен, бір нәрсені көзбен көрсету көкейге қонымдырақ болатыны педагогика ғылымында дәлелденген [3]. Ал квест ойыны мен түрлі интерактивті ойындары балалармен жасөспірімдердің мәдени объективті әлемді сезіну қабілетін арттырады, мәдени мұра құндылықтарын бағалауды үйретеді, музей мәдениетін қалыптастырып, қатысушыларды топта жұмыс жасауға, ғылымға жетелейді. Қорық-музейінде өткізілетін түрлі сайыстар мен байқаулар арқылы оқушылардың алған білім нәтижесін бағалай отырып, өздерінің нақты білім деңгейін анықтайды. Сонымен қатар, музейде өткізілетін мерекелік іс-шаралар балаларды музейге яғни тарихқа деген қызығушылығын оятып, отан сүйгіштікке тәрбиелейді. Сондықтанда музей мен мектеп өзара тығыз қарым-қатынас деңгейінде жұмыс атқарып, бірін-бірі толықтырып отыруы керек деп ойлаймыз [4].

Жоғарыда аталған бағдарламалармен толық қанды хабардар ету мақсатында қорық-музейі тарапынан ақпараттық парақшасы дайындалып, мектеп өкілдеріне шамамен 100-ден астам данасы таратылды. Парақшада музей туралы қысқаша анықтамалар, қызмет түрлері мен балаларға арналған интерактивті қызмет түрлері көрсетілген, атап айтатын болсақ: деректі фильм тамашалау, алтыбақан тебу, «Алтын адам» макетіне фото түсірілім жасау, оқушыларға арналған «археологиялық қазба» жұмысы, әртүрлі ұлттық ойын түрлеріне қатысу, балалармен жасөспірімдерге арналған жолнұсқаулықтар сынды қосымша ақылы қызмет түрлері нақты көрсетілген. Жоғарыда айтылған бағдарламалар тек балаларға ғана емес, олардың ата-аналары мен музей педагогтарына да берері көп.

Музей бағдарламалары арасында қазіргі кезде музей сабақтары ерекше сұранысқа ие. Бұл музей сабақтары мектептің оқу бағдарламалары бойынша оқушылардың білімдерін тереңдету мақсатында музей қабырғасында өтеді. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі Рахат ауылдық округі № 1 орта мектебімен тығыз байланыс орнатты, музейде оқушыларға арналған түрлі тақырыптағы музей сабақтары биылғы 2017–2018 оқу жылынан бастап жүзеге асыра бастады. Мәселен, «Сақ пен үйсін мәдениетіне саяхат», «Алтын адам тарихы және тәуелсіздік символы», «Абыз ата – Бекмұхамбет Нұрмұхамбетов», «Музей Есік ашады» атты музей сабақтары жүргізіліп, ары қарай жалғасын табады. Сабаққа аталмыш оқу орынның 7 «а» сынып оқушылары белсене қатысып, өздерінің тарихқа яғни музейге деген қызығушылығын арттыра түсті. Бұл сабақтарды музейдің ғылыми қызметкерлері мен экскурсоводтары тақырыптың ерекшеліктеріне байланысты түрлі ойындар мен логикалық сұрақтар, интерактивті ойындар қолданады, осылайша балалардың танымын арттыратын түрлі бағытта, әдістемелер пайдаланып сабақты жоғары сапада өткізуде. Осы сабақтар оқушылардың белгілі бір тақырыптар бойынша алған білімдерін бекітуге және тереңдетуге бағытталған. Оның басты ерекшелігі мектеп тапсырмаларын музейдің көрнекі білім беру ортасында жүзеге асыру болып табылады.

Музей мен мектеп ажырамас мәдени білім беру мекемесі екенін «Есік» қорық-музейінің мәдени-білім беру орталығының қызметкерлері жүргізген статистикалық мәліметтер нәтижесі айғақтайды. 2017 жылы қорық-музейге жалпы саны 7222 мектеп оқушысы келген, оларға 253 экскурсия жүргізіліп, 15 көшпелі дәрістер оқылған, Алматы қаласы және Алматы облыс төңірегінде жалпы 52 оқу орыны музейге келіп тамашалап қайтты. Қорық-музейі Алматы қаласы және қала маңындағы мектеп, гимназиялармен ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс істеді.Сондай-ақ музей орналасқан Есік қаласындағы бір неше мектептермен де тығыз қарым-қатынас орнатып, оқушыларды музейге тақырыптық және шолу экскурсиялар тыңдауға, музей сабақтарын жүргізуге және басқа іс-шараларға белсене қатысты. Жүргізілген статистикалық мәліметтерді өткен жылдарымен салыстырсақ, «Есік» қорық-музейіне келушілер саны жылсайын артуда. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында оқушыларды музейлерге және мәдени орындарды аралауға, сонымен қатар, киелі орындар жөнінде жан-жақты ақпарат алуға үлкен мүмкіндік туды. Жоғарыдакелтірілген көрсеткіштер көрсеткіштер «Есік» қорық-музейінің мәдени-білім және экспозициялық-көрме қызметінің табысты жүзеге асырылып келе жатқандығын, сонымен қатар мектеп оқушылардың Қазақтың тарихы мен мәдениетіне, музейде өткізілген көрмелер мен іс-шаралар, акцияларға деген танымдық қызыңғушылықтарының артып келе жатқанын дәлелдейді. Сонымен, оқушыларды жан-жақты ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, отан сүйгіштікке үйретіп, тәрбиелеу мақсатында «Есік» қорық-музей қызметкерлерінің атқарған жұмысы алдағы уақытта бұдан ары жаңа бағытта дамып, толыққанды жетілдіруді басты назарда болады деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұражайдың білім берудегі орны // Алматы-ақшамы. 2014. №106. 8 б.
2. Қайназарова А.Е. Музейное дело в Казакстане (2-пол.XIX – нач. XXвв). – Алма-Ата,1995.
3. Ахметжан Қ.С. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі музейлердің әлеуметтік-мәдени функциялары // Музей және қоғам. Дөңгелек үстел отырысына қатысушылар баяндама жинағы.– Астана, 2006. – 13−16 б.
4. Амаргазиева А.Ж. «Есік» қорық-музейіндегі білім беру бағдарламаларындағы көп тарапты қадамдары Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәденимұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары II – бөлім, 28–29 сәуір 2017 ж. – Алматы, 2017. – 347-349 бб.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІН ДАМЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

ҚАЛДЫБЕКОВА Ақтолқын Серікқызы
«Алпамыс Батыр»бөбекжай-балабақшасы
тәрбиеші
ОҚО, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы
Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін дамытуда жаңа технологияны қолдану жолдары туралы қарастырылған

Аннотация

В этой статье рассматриваются способы использования новейших технологий в разработке простых математических понятий дошкольников.

Бүгінгі бөбек – ертеңгі азамат – қоғам иесі. Балғын бөбектерге ең алғаш жол көрсетуші, бағыт беруші – балабақша тәрбиешілері. Өйткені білім мен тәрбие негізі баланың жеке басын қалыптастыру негізі балабақшада қаланады. Балаларға сандарды айту, түсіндіру, артық, кем, тең қатынастарын анықтауда салыстыру тәсілінің мәнін түсіндіру, сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Ұзындығы мен ені, биіктігі мен жуандығын салыстыру арқылы сөздік қорларын молайтып, математикалық ұғымдарын қалыптастыру. Балабақшадағы балалардың білімін зерттеу тәрбиешінің ең маңызды, негізгі

жұмыстарының бірі анықтайды. Зерттеу әр баланың жетістік көрсеткіштерін анықтауға көмектеседі. Зерттеу әдісін таңдау оның мақсатына байланысты. Стандарттан алынған тапсырмаларға сүйеніп, балалардың деңгейін жоғары, орташа, төмен деп аламыз. Әр тоқсан сайын және жыл соңында балалардың білім деңгейін тексере отырып балл қойылады.

- тапсырманы қатесіз өз бетінше орындаған бала
- тапсырманы үлкендердің көмегімен орындаған бала
- тапсырманы қатемен орындаған бала
- тапсырманы орындамаған бала

Балалардың танымдық іс - әрекетін дамыту, олардың құзіреттілігін қалыптастыруда зерттеу жұмыстарының маңызы өте зор. Көптеген зерттеулер балалардың көзқарасын кеңейтуде және қасиеттерінің дамуына әсер етеді. Балалардың ойлау қабілетін дамытуда математика пәнінің алатын орны ерекше. Оның әрбір жұмысы ой белсенділігін қажет етеді. Зерттеу балалардың ойлау қабілетін жетілдіретін жаттығу жұмыстарын жүргізуге көп көңіл бөлу керек. Олар әртүрлі математикалық логикалық есептер, сөзжұмбақтар, математикалық ребустар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, санамақтар. Енді соның ішінде математикалық логикалық есепке тоқталайық.
Бес бұтақты ағашта,
Бұтақ сайын бір алма.
Біреуін бер Маратқа,
Сонда қалмақ неше алма?
(4 алма)

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрдың бірі санамақ. Санамақтарды халық негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортадағы дүниені тану мен қатар халқымыздың атадан қалған салт дәстүрін де санау арқылы үйренеді, әрі дүниені таниды. Баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Атау ұйқастырып санау арқылы бала санауды үйренеді, әр санға ұқсас заттарды танып біледі. Қолданып жүрген санамақтарымнан мысал келтірейін.

Саусақтарды салалап,
Кел санайық санамақ.
Бірім – бірлік,
Екім – елік,
Үшім – үскі,
Төртім – түскі,
Бесім – бесік,
Алтым – асық,
Жетім – желке,
Сегізім – серке,
Тоғызым – торқа,
Оным – олжа,

Санамақты санадық

Енді сәл дем алалық.

Санамақтар әртүрлі мағынада болады. Осындай санамақтар арқылы балалардың тілін дамытып, санау қабілетін арттырамын. Санамақтағы әрбір сөзді, атауды есінде сақтаса, олар білімді, жеті атасын білетін, болашағынан үміт күттірер азамат болып өседі деп ойлаймын. Саусақ санау ойыны баланы сан үйренуге қызығушылығын арттырады. Осы санамақтарды бос уақытта, күннін екінші жартысында жаттату арқылы мағыналарына түсінік беремін. Санамақтар балаларға ұлттық нақышта тәрбие жұмыстарын жүргізумен бірге оларды мектепке даярлайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру тақырыбында зерттеу жұмысын жасадым.Зерттеу барысында қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруда санды тура санау, санды кері санау, цифрларды тануы, көлем, салыстыру, геометриялық пішіндер, кеңістікті бағдарлау, уақыт ұғымдарын төмендегі тапсырмалар арқылы зерттедім.

1 - тапсырма: 1 - ден 5 - ке дейін тура санау.

1. Суреттегі алмұртты дұрыс санап беру керек.
2. Суреттегі балапандарды сана.
3. Алма ағашының басындағы алманы сана.

2 - тапсырма: 5 - тен 1 - ге дейін кері санау.

1. Ауызша 5 - тен 1 - ге дейін кері сана
2. Суреттегі санды көрсетіп, 5 - тен 1 - ге дейін кері сана.
3. Сан қатарындағы жазылмай қалған санды жаз.

3 - тапсырма: Цифрларды тануы.

1. Суреттегі цифрларды дұрыс көрсетуі керек.
2. Цифрларды ретімен жаз.
3. Суреттегі цифрды ретімен сызықпен сызып қос.

4 - тапсырма: Көлем.

Көлемді сипаттап айта білу үшін мына тапсырманы пайдаландым. 1. Суреттегі нәрсенің көлемі үлкенін тап.

2. Суреттегі заттың қайсысы ауыр.
3. Қайсысы кіші екенін ата.

5 - тапсырма: Шамаларды салыстыру.

1. Қай ағаш биік?
2. Қайсы жануардың бойы қысқа?
3. Суреттегі екі жолдың қайсысы жіңішке?

6 - тапсырма: Геометриялық пішіндер.

1.Заттар қандай геометриялық фигураға ұқсайды? Геометриялық фигураны шаршының ішіне сал.

2. Қай пішін жоқ? Соның суретін сал.

3. Үйшік қандай геометриялық пішіндерден құрастырылған. **7 - тапсырма**: Кеңістікті бағдарлау.

1. Не қайда орналасқан?

2. Қыздың оң жағында не бар?
3. Суретте жоғарыда не бар?
4. Қайда жасырынған?

8 - тапсырма: Уақыт.

1. Мынау қай уақыт?
2. Мезгілдердің ішінен күз мезгілін көрсет.
3. Кешкі уақытты көрсет

Балалардың зейінін тұрақтандыру, қабылдауын және танымдық қабілетін жоғарылату. Оқу іс-әрекетіне, ойын әрекетіне белсенді қатысу шығармашылық ізденіске талпындыру жаңа әдіс- тәсілдерді қолдану. Мектеп жасына дейінгі балалар кішігірім математикалық терминдер, геометриялық пішіндердің атауларын (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және олардың элементтері (қыры, бұрышы) болатынын, қосу, алу тең ұғымдарын үйренеді. Осы тапсырмаларды өз бетімен орындау- шығармашылық жұмыс бастамасы. Келесі 4 деңгейді орындайтын оқушылар бірте–бірте дараланып шыға бастайды.Ал, 4 деңгей тапсырмаларын үнемі жеке карточкалар арқылы беріп отырамын. Бүгінгі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектепке дейінгі мекемелерде оқыту мәселесін де заман талабына сай,уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа технологиялармен қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр, сондықтан әрбір педагогтың алдына оқытудың жаңа технологияларын оқыту үрдісіне енгізу мақсаты қойылып отыр.

Балабақшаның басты міндеттерінің бірі бүлдіршіндердің ой-өрісін, іс-қимылын жан-жақты дамыту.Бұл кезең баланың іс әрекетінің қалыптасуымен дамуы қуаттылықпен жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын мезгіл. Бұл мезгілде балаларғаберілетін білім ең алдымен тәрбие мазмұны әлеуметтік сұранысқа сай жүзеге асырылуы тиіс.

Дамыта оқыту технологиясы. Білім беру жүйесін қайта құру балабақшадан басталатыны белгілі. Ал, білім беруді жақсарту педагогқа байланысты екендігі сөзсіз. Соған орай білім берудің жаңа технологияларын мақсатқа сай қолдана білу қажет. Мысалы: Ертегінің мазмұнын ашу барысында «Дамыта оқыту технологиясын» қолдансақ, ондаЛ.В.Занковтың дамыта оқыту жүйесінің негізгі мақсаты жеке адамның жоғарғы дәрежеде жан -жақты дамуы үшін негізін жасау. Дамыта оқытудың басты мақсаты- баланы оқыта отырып жан -жақты дамыту.

Жаңа технологияны жүзеге асыруда тәрбиешінің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамндығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз - балаға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.Математика сабағында баланың ой еңбегі мен қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыра білу керек:

-берілетін тапсырманың орындалуын білу және оны ұғыну керек ;

-есеп шығарудың әртүрлі жолдарын, тәсілдерін игеру керек;

-балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында ойын түрлерін пайдалану керек.

Осыайтылған әдіс- тәсілдердің бәрін жүзеге асыру оңай шаруа емес.Оған шығармашылық тұрғыдан ізденіс, шыдамдылық, жүйелі жұмыс жасай білу қажет. Ең алдымен осы уақыт ішінде технология бойынша жұмыс істеудің тиімді жақтарын айтатын болсам:

1. Әр бала өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады ;
2. Баланың жеке қабілеті айқындалады :
3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысады;
4. Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес, баланың ойлау қабілеті артады ;
5. Әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады ;
6. Бір сабақта есептің әр түрін шығарады.

Осындай жұмыстарды ойдағыдай атқару үшін тәрбиешінің балаға берер әсері болу керек. Мысалы: балаға сенім қалыптастыру үшін«сен білесің», «сенің қолыңнан келеді», « үйренесің» деген сөздер қажет. Баланың өз ойынан шыққан жетістігін жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеп отыру керек.

Оқу іс - әрекетті түрлендіріп өткізуде пайдаланатын технологияларды пайдаланамын

1. Оқу іс-әрекетті түрлендіріп өткізу
2. Басқа сабақтармен ұштастыру
3. Жарыс-сайыс, оқу іс -әрекеттер
4. Көрнекіліктер арқылы
5. Венн диаграммасы, логикалық ойындар
6. Тірек сигналы
7. Кубизм әдісі

Оқу іс-әрекетті түрлендіріп өткізу деген тарауда мысалы: іс- әрекетінің кіріспе бөліміне сол бүгінгі өткізілетін математикалық ұғымдарды немесе санға байланысты тақпақтар, санамақтар, жаңылтпаштар айтамын. Жұмбақ, ауызша есептер шығарту арқылы балалардың ойлау қабілеттерін арттырамын. Сабақ ортасында балалар шаршамау үшін сергіту сәтін жүргіземін.

Жарыс-сайыс сабақтарды пайдалана отырып,түрлі ойындар өткізу балалардың ақыл -ой еңбегін ерекше қажет етеді. Математика сабақтарында балаларды екі топқа бөліп, жарыс -сайыс сабақтар өткіземін. Әр топқа ат қою.Әр топұпай жинаған сайын балаларға жұлдызшалар беру. Жылдың соңына қарай балалармен «Кім тапқыр», «Ойланғын, таппай қоймағын» атты жарыс сабағын өткіздім. Бұлсабаққа ата -аналарды да қатыстыруға болады. Іс-әрекетінде логикалық ойындарды ойнағанда, балалардың ойлау қабілетін арттыру. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл -ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады.

Венн диаграммасы.Бір -біріне жуықтау термин сөздерді, ұқсастығы мен айырмашлығын талдау. (ересектер, мектепалды даярлық топта қолданады)

Тірек сызбасы деген тарауыда тақтаға іліп талдау жасау арқылы балаларды ойлау қабілетін одан әрі дамыту.Кубизм әдісі - текшенің алты қыры

арқылы термин сөзді талдау, кубиктегі бейнеленгенсуретке қарап, өз ойларын жеткізу.

Қорытындылай келе,әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны белгілі бір бағытқа жетелеу, ұстаз парызы. Шығармашылық жаттығулар балалардан тек қана математикадан білім емес күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жағдайға байланысты білімді талап ететін тапсырмалар.

1.Оқутудың қай түрін қолдансақ та ең бастысы – балаға деген сенім, баланың өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйене отырып, оған деген сенімді арттыру.

2. Жаңа технологияның талаптарына сай тәрбиешіге арналған әдістемелік кітаптар және балалардың жазылуына жаңа типтегі оқулықтар қажет.

3. Бұл айтылғандар жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін әлі толық ашпайды. Оның басқада талай тиімді тұстарын күнделікті ұстаздық тәжірибемізден анықтай беретінімізге сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т. Кенжебаев, М. Абдиров «Мектепке дейінгі педагогика» Алматы, 1985ж
2. «Бала мен балабақша» журналы №1, 2011ж
3. «Отбасы және балабақша» №1, 2005ж
4. Мектепалды даярлық журнал №1, №2, №3 2004ж
5. «Балақай» республикалық журнал №1, 200

ДУАЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ – МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ – ИННОВАЦИЯДАҒЫ ЖАҢАША МАЗМҰНЫ

БАЛМАНОВА Шолпан Жибекалиевна
Қазақстан
Арал көпсалалы колледжінің арнайы пән оқытушысы

Аңдатпа

Мақалада Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнайтын жыл сайынғы Жолдауларында техникалық және кәсіптік білім беруге баса маңыздылық беріп, кәсіптік білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономикалық қажеттіліктермен өзара байланыстырылуы міндеттелгендігі айтылған. «Қазақстан-2050 - Мәңгілік ел» стратегиясында техникалық және кәсіптік білім беру саласында дәл қазіргі кәсіби оқыту жүйесі енгізіліп отырғандғы.Осы орайда еліміздің экономикалық өсуі біздің ең маңызды міндетіміз екендігі, өндірісті, білім мен ғылымды біріктіру, инновациялық – индустриялық кластерлерді дамыту жөнінде, білім беру жүйесін жаңғырту, техникалық және кәсіби мамандарды даярлаудың жаңа тиімді жүйесі жайында баяндалған. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 мәңгілік ел » стратегиялық Жолдауын, Қ

Р «Білім туралы» Заңын Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа алынып, еңбек нарығы сұраныстарына жауап беретін, бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлауды жетілдіруді, нақты кешенді шараларын белгілеу, педагогикалық үрдісті инновациялық идеялармен қамтамасыз ету жөнінде айтылған.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнайтын жыл сайынғы Жолдауларында техникалық және кәсіптік білім беруге баса маңыздылық беріп, кәсіптік білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономикалық қажеттіліктермен өзара байланыстырылуы міндеттелген. «Қазақстан-2050 - Мәңгілік ел» стратегиясында техникалық және кәсіптік білім беру саласында дәл қазіргі кәсіби оқыту жүйесі енгізіліп отыр. Осы орайда еліміздің экономикалық өсуі біздің ең маңызды міндетіміз өндірісті, білім мен ғылымды біріктіру, инновациялық – индустриялық кластерлерді дамыту. Сондықтан елімізде ғылым саласының шешуші реформалары, білім беру жүйесін жаңғырту жүргізілуде, техникалық және кәсіби мамандарды даярлаудың жаңа тиімді жүйесі жасалды. Білім берудің негізгі басты мақсаты мен нәтижелілігі – білім алумен бірге, біліктілік дағдыларына қол жеткізе отырып, заман талабына сай ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан, өз Отанының патриоты, жан –жақты дамыған білімді , өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға беретін, функционалдық сауаттылығы қалыптасқан жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі мақсат – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 мәңгілік ел » стратегиялық Жолдауын, Қ Р «Білім туралы» Заңын Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, еңбек нарығы сұраныстарына жауап беретін, бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлауды және колледждердің тұрақты дамуын басқаруды жетілдіру, нақты кешенді шаралар белгілеу, педагогикалық үрдісті инновациялық идеялармен қамтамасыз ету, әрбір студенттерге түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан – жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Жаңа педагогикалық технологиялар студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Жаңа технологияны қолдану, оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Айтып отырған жаңа технологиялардың негізгі қағидаларына мыналар жатады:

-Жеткіншектің танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

-жеткіншектің өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;

-оқушының танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;
-әр студенттің оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту;
-барлық студенттердің дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;
-оқу үрдісін студенттің сезінуі.

Осы орайда студенттердің ойлау қабілетін арттыру, сол қабілетін белсенді ету, мәңгілік еліміздің еңселі, білімді де білікті азаматы етіп қалыптастыру – басты мақсатымыз.Жеткіншектердің білім алуға деген қызығушылықтарын арттыратын жүйелі іс-әрекеттер қалыптастыруымыз қажет. Ол жүйе мына төмендегідей болып келеді:

-Шығармашылықпен жұмыс істеуге арналған тапсырмалар.
-Әртүрлі анықтамалармен жұмыс істеуге дағдыландыру.
-Ғылыми әдебиеттерді оқуға баулу.
-Интернет, телеарна мен мерзімді баспасөздерде берілген соңғы жаңалықтармен таныстырып отыру.
-Қызықты тәжірибелерді, сапалы есептерді көбірек қолдану.
-Оқытушының айшықты, өмірден алынған дәйектерді сабақта қолдануы.

Қазіргі жаңа технологияны меңгеруде мұғалім жан-жақты білімді болуы қажет. Бүгінгі күнгі мұғалім:

-Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
-Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
-Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
-Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
-Білімді, білікті, іскер, шебер болуы керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу.Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы - өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Білім барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған.Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады.Осының бәрін ескере отырып, Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарды көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту, дуальды оқыту.Еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде де білім беруді ғылыми-теориялық негіздері жан-жақты зерттеліп, техникалық және кәсіптік білім берудің әлемдік тәжірибесінде әлеуметтік серіктестікті жүзеге асырудың тиімді жолы ретінде Германияның қос бағытты білім беру – дуальдық жүйесі қолданылуда.

Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен кәсіби білімді тікелей игеруге бағытталған, іс- тәжірибе сағаттарын оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін бәсекеге қабілетті білікті мамандарды дайындаудың түйіні- қазіргі кезде білім берудің дуальды жүйесі деген атпен белгілі болып, кейбір мамандықтар бойынша дуальдық жүйемен оқытудың алғашқы қадамы эксперимент түрінде жүргізіліп жатыр.Колледжде дуальды оқыту жүйесімен оқытылатын студенттерді өндірістік және кәсіптік іс-тәжірибеден өткізу үшін қазіргі заман талаптарына сай құрал - жабдықтары, диагностикалық және компьютерлік құралдармен толық жабдықталған базалық мекемелер мен кәсіпорындар таңдалып алынды. Болашақ мамандарды бәсекеге қабілетті тұрғысынан дарлаудың негізі – теорияда алған білімін өндірістік іс-тәжірибемен ұштастыру болып табылады.Студенттердің білімі, біліктілік дағдысы осы үрдісте ғана шыңдалып, іс-тәжірибеде алған білімін қолдана отырып, өзін жетілдіре біледі. «Адамға бір пайыз талант беріледі, ал қалған тоқсан тоғызы еңбекпен кедеді» -дегендей, дуальды оқытуда еңбек нарығында сұранысқа ие білікті маман даярлауда оқу орны өндірістік мекемелер, шағын және орта кәсіпкерлік нысандармен тығыз байланыста болуы тиіс.Себебі студенттердің тәжірибеден өтіп, өз таңдаған мамандығының қыры мен сырын меңгеруіне ғана емес, оқудын бітірген соң жұмысқа орналасуына да ықпалын тигізеді.

Осындай мақсатпен Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал көпсалалы колледжінде 1201000 « Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету», 1504000 «Ферма шаруашылығы», 1304000 «Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру», 0511000 «Маркетинг» , 1401000 «Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану» мамандықтары бойынша дуальды оқыту жүйесін эксперимент түрінде оқытуға мекемелермен үш жақты шарттар жасалынды. Осыған орай, техникалық және кәсіптік білім беру стандартын негізге ала отырып, оқу орны әлеуметтік серіктестік негізінде студенттерді өндірістік және кәсіптік іс – тәжірибеден өткізу үшін аудан орталығында орналасқан базалық мекемелер мен кәсіпорындар, атап айтқанда «Набат - 2000», «Арал Сарыбұлақ су құбыры», «Арал құрылыс қызыметі», «Аралтұз» Акционерлік қоғамы, Арал халыққа қызмет көрсету орталықтарымен үшжақты келісімшарт

(кәсіпорын – колледж – студент) жасақталып, кәсіпорын мамандарымен бірлесе отырып, өндірістік іс- тәжірибе жұмыстарының оқу бағдарламасы мен оқыту жоспарын қайта қарастырып, оқыту үрдісінің кестелері әзірленді, бекітілген оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлерін кәсіпорындарда кәсіби біліктілігі бойынша тағылымдамадан өткізу қолға алынып жатыр. Білім алушыларды кәсіби мамандыққа даярлау мақсатында өндірістік іс- тәжірибе сабақтарының белгілі бір бөлімін тікелей колледждің өзінде өткізу мүмкіндіктері де қарастырылып жатыр. Қазіргі пайдаланудағы автокөліктердің көпшілігі электроникамен жабдықталғандықтан, тетіктері мен механизмдері жүйесі электроникасыз жұмыс істемейді. Сондықтан

өндірістік іс – тәжірибе сабақтарында электронды құралдармен жұмыс істей білуді үйретеміз. Атап айтқанда «Набат - 2000», «Арал Сарыбұлақ су құбыры», «Арал құрылыс қызыметі», «Аралтұз» Акционерлік қоғамында негізінен жүк автокөліктерін пайдалану, техникалық және сервистік қызмет көрсету, ақаулылығын анықтау және жөндеу жұмыстарын жүргізеді.Мекемеде бөлшектеу – құрастыру, тексеру, ақаулылығын анықтауға арналған қажетті құрал – жабдықтарымен толық қамтылған. Жеңіл автокөліктерге сервистік қызмет көрсету және жөндеу жүргізетін колледждің автокөліктерге техникалық қызымет көрсету орталығы да қызмет жасайды. Мұнда Германия, Жапония, Ресей, Италия елдерінде жаңа үлгіде жасалынған автокөтергіш, компьютерлік геометрия, май, тежеу сұйықтығы, рульдік басқару майларын алмастыру, дөңгелекті теңеу, мотор тестері, сканер, осцилограф, мультиметр, АВС жүйесін анықтау, компьютерлік диагностика, т. б. құралдармен қамтылған. Өндірістік іс – тәжірибе кезінде студенттердің технологиялық үрдістерді дұрыс жүргізуіне, өндірістік міндеттері мен талаптарды дұрыс орындауына, кәсіби білікті маманның іс – әрекетін үйренуге, еңбекті ғылыми әдістермен жүргізуге, жұмыс істей білу қабілеттілігін арттыруға толыққанды мүмкіндіктер қарастырылған.

Дуальды білім беру үдерісі, ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің шығармашылық іскерлік сапаларын, коммуникатифтілігін, жұмысқа бейімділігін, рухани-адамгершілік мәдениетін және болашақ мамандардың сауаттылығын қалыпастырады. Оқу орны мен өндірістік кәсіпорындар арасында туындайтын кейбір жағдайдан шығудың бірден бір жолы бұл оқу орнында дуальдық жүйемен оқыту бағдарламасын пайдаланып, оны жетілдіру арқылы мамандардың барлық түріне арналған виртуалды стимулятор – тренажерларды және имитатор макеттерді жасап, іс – тәжірибенің бір бөллігін оқу орнының өзінде оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлерінің бақылау – басшылығымен орындап шығуға болады. Студенттер мұндай әдіспен таңдаған мамандығын толық меңгеріп кеткенше қайта – қайта орындап үйренуіне мүмкіндігі шектелмейді.Нәтижесінде, студент оқу орнында алған теориялық білімін іс – тәжірибе жұмыстарымен емін – еркін ұштастыра алады. Осылайша оқу орны мен өндіріс арасындағы қиындықтар оң шешімін табады, өндіріске деген тәуелділік азаяды.

Дуальды оқытудың эксперименттік жобасымен білім берудегі жеке ұсынысым:

-өндіріс орындары оқушыларға аса қауіпті аймақ болғандықтан студенттердің барлығын іс – тәжірибе жұмыстарына жіберу үшін жан – жақты таңдау жүргізілуі тиіс;

-Кез келген студент өзінің таңдаған мамандығы бойынша алған теориялық білімін іс- тәжірибемен ұштастыра алмауы, бірден өндіріске араласып кетуде оқушыға қиындық тудыратындықтан оны үнемі жіті назарда ұстау қажеттігі туындайды.

-еліміздің экономикалық дамуының бір жағына өз үлестерін қосатын шағын және орта кәсіпкерлер мен бизнес өкілдері табыс табу жолдарын үйрету;

-іс – тәжірибе жұмыстарын жоспарлағанда жергілікті кәсіпкерлер палатасы өкілдерімен тығыз байланыстар жүргізу;

-оқытудың үшінші жылын бітірген соң жұмысшы кәсібін алу туралы куәлік беру үшін кәсіби емтихан алуды ұйымдастыру;

-мамандығы бойынша біліктілігі мен қабілеттілігін іс – тәжірибелік тапсырмалар арқылы анықтауды жолға қою;

Дуальды оқыту жүйесі бойынша білім берілгенде, бәрімізге белгілі теориядан гөрі іс – тәжірибеге басымдық беріледі. Дуальды жүйемен оқытудың дәстүрлі оқытудан негізгі ерекшелігіне тоқталсақ:

-еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға кәсіптік техникалық колледждер ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші, өндірістік мекемелердің де жауапкершілігі артады.

-болашақ маманның өз кәсібін жетік меңгеруіне жағдай жасала түседі;

-бітіруші жас мамандарды жұмысқа ешбір қиындықсыз орналастыруда, тіпті оқуын бітірмей – ақ өндіріске жұмысқа орналасу мүмкіндігі болады;

-іс – тәжірибеден өткізуде жұмыс беруші өз талабын қоя біледі;

-өндіріске араласа отырып, қазіргі нарық экономикасы жағдайында бизнес өкілдерінің ісіне тікелей араласу мүмкіндігі, жеке кәсіпкер жұмысымен танысады;

-өндіріске енгізілген жаңа технология жетістіктеріне араласады;

-үйренуші теориядан гөрі іс – тәжірибеге көбірек жүгініп, таңдаған мамандығына бейімделе бастайды;

Қорыта келгенде дуальдық оқытудың Қазақстандық моделін (30 пайыз теория, 35 пайыз оқу орнында, 35 пайыз өндірістік практика) қалыптастырамыз. Нәтижесінде бітіруші мамандарымыз білімді, білікті, өндіріске бірден икемделіп және орналасып, жұмыс жасап кетуіне жол ашылады. Егер белгілі бір уақыт өткеннен кейін өндіріс орындарының жанынан бүгінгі дуальдық оқытудың талаптарын қанағаттандыратын лаборатория, шеберхана, алаң жасалып жатырса, Германиялық моделге көшу қиындық тудырмайды.Студенттер өндірістік іс- тәжірибе алаңына барар алдында теориялық біліммен жақсы қаруланулары тиіс.

«Адам мақсатына өзін – өзі жетілдіру арқылы жетеді», - деп Әбу Насыр Әл- Фараби айтқандай, ақпараттық технологияны игеру үшін ізденуге, білімденуге ұмтылу басты мұрат. Өскелең жас ұрпақ еліміздің тірегі, соғар мәңгі жүрегі болғандықтан Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында барлық жағдай жасалып Мәңгілік Елдің болашағын жарқын ету бүгінгі түлек, ертеңгі маман екенін ескере отырып, сол тұғыры биік, мақсаты айқын елдің болашақ жалғастырушылары білімді, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар мен азаматшаларды даярлау біздің қолымызда. Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата – бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз – егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын

жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ете білейік! Елдігіміз бен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін, дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// Егеменді Қазақстан. – 2015. №230.

2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Алматы – 2008 ж.

3.Республикалық педагогикалық – әдістемелік журнал. Колледж: кәсіби білім беру №2 (16), 2016.

5.Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010 -232 бет.

- развитие моделей межличностных отношений младших школьников в целях перевода их из отношений аморфного характера к структуре межличностных отношений на основе парных связей как устойчивых элементов структуры;
- замена диффузных эмоциональных связей, являющихся основой межличностных отношений учащихся начальной школы, устойчивыми содержательными связями в рамках учебной деятельности, а в последствии и за ее пределами путем интенсивного формирования учебно-познавательных интересов в процессе коллективно-распределительной деятельности;
- формирование устойчивой группы школьников - делового лидера детей обоего пола, как единой структуры межличностных отношений, объединяющей до 20% наиболее авторитетных учеников обоего пола (правило Паре), в целях вытеснения ценностей успеха в учении ценностями морально-этического плана;
- формирование класса как референтной группы для учащихся и основной микросреды, в которой происходит развитие личности младшего школьника.

Особой задачей развития социальной компетентности младших школьников является преодоление эгоцентризма как неспособности увидеть окружающий мир глазами другого человека. Эгоцентризм включает такие его виды, как:

- пространственный эгоцентризм (неумение различить левую и правую стороны у человека, стоящего напротив; неумение представить расположение предметов с другой позиции, чем та, с которой смотрит ученик; неумение ориентироваться в окружающем пространстве);

познавательный эгоцентризм (характеризует процессы восприятия, мышления и воображения: новый опыт рассматривается с точки зрения старого знания, что может препятствовать восприятию нового);

- моральный эгоцентризм (неумение понять, что другие люди могут иметь другие точки зрения на одно и то же явление);
- коммуникативный эгоцентризм (сосредоточенность только на своих переживаниях и проблемах).

Если руководствоваться теорией о ключевых компетенциях доктора педагогических наук Хуторского А.В., то одной из главных, которые учитель формирует в начальной школе, являются социальные компетенции:

- владеть знаниями и опытом выполнения типичных социальных ролей;
- уметь действовать в каждодневных ситуациях семейно-бытовой сферы;
- определять свое место и роль в окружающем мире, в семье, в

коллективе, государстве;

- владеть культурными нормами и традициями, прожитыми в собственной деятельности;
- владеть эффективными способами организации свободного времени;
- владеть элементами художественно-творческих компетенций читателя, слушателя, исполнителя, зрителя, юного художника, писателя.

Развитие социальных компетенций - процесс, который «не заканчивается однажды по причине их окончательнойсформированности, он не прерывается в течение всей жизни человека, так как в сферу его деятельности попадают новые, более сложные проблемы, требующие новых подходов к решению».

Список литературы:

1. Дроздова Н.П., Ефимова Е.Г.,Колесникова М.Ф. Активные методы обучения: учеб. -метод. пособие - СПб, СПб ГУ, 2002.-296с.

2. Полат Е.С. « Новые педагогическиеи образовательные технологии в образовательном учреждении», Москва, «Аркти», 2005г.

3. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. Авторская версия.- М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов. 2004.

ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНОГО СОЗНАНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ – НАДЁЖНЫЙ МОСТ К УВЕРЕННОМУ НОВОМУ БУДУЩЕМУ

НЕДЕЛЬКО Анна Александровна
КГУ «Средняя школа № 23»
Учитель начальных классов
СКО, город Петропавловск
Казахстан

Аңдатпа

Мақала «Рухани жаңғыру» қоғамдық санасын модернизациялау бағдарламасының ережелерін нақты іске асыруға арналған. Бастауыш сынып оқушыларының рухани сана-сезімін қалыптастырудың кейбір әдістерін қарастырады, олар оқудан тыс іс-шараларды дайындау мен өткізу туралы қысқаша баяндалады.

Аннотация

Статья посвящена практической реализации положений Программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру». В ней рассматриваются некоторые методы формирования духовного сознания

учащихся начальных классов, через краткое изложение подготовки и проведения внеклассного мероприятия.

«Казахстан вступил в новый исторический период. В этом году своим Посланием я объявил о начале Третьей модернизации Казахстана», - сказал Президент Республики Казахстан в своей статье - «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», о программе «Рухани жаңғыру».

Казахстан уже прошёл две стадии своего становления: модернизацию **экономики** и модернизацию **политики**. Теперь настало время **народа**, который должен быть сознательно готов к новым переменам, которые навязывает время и мировое сообщество.

После выхода статьи Нурсултана Абишевича Назарбаева, многие общественные деятели, государственные служащие, депутаты, и многие другие граждане Республики Казахстан, высказали своё **положительное** мнение о нововведениях.

На мой взгляд, в данной статье Назарбаева, прозвучали все ответы на вопросы казахстанцев, и даны прямые рекомендации, в которых мы все нуждались.

Данная программа позволит нам перейти на новый уровень модернизации не только сознания общества, но и модернизацию государства в целом. Она обращена именно к будущему нашего общества. Мы будем достигать огромных успехов тогда, когда «Рухани жаңғыру» будут обсуждать во всех коллективах, во всех учебных заведениях. Это не просто обращение к будущему поколению, а полноценная стратегия развития патриотического воспитания молодёжи, которым мы должны заниматься в урочное и во внеурочное время.

Нурсултан Абишевич сказал: «От малой Родины начинается любовь к большой – своей родной стране, к Казахстану». Поэтому надо начинать модернизацию духовного сознания с программы - «Туған жер».

Моё мнение - учить любить свою землю, язык и культуру необходимо с самого раннего возраста, когда только начинает формироваться сознание каждого юного казахстанца. Поэтому, необходимо начинать этим заниматься с начальных классов.

В качестве демонстрации своих педагогических идей, предлагаю краткое изложение подготовки и проведения внеклассного мероприятия, для практической реализации программы модернизации общественного сознания «Рухани Жаңғыру», в начальных классах.

Я начала свою внеклассную работу с серии классных часов, которые способствовали коллективному усвоению информации о нашей стране, о нашем городе. Классные часы позволили учащимся окунуться в историю, наполнили их сознание патриотизмом и гордостью за свою Родину. Ученики с увлечением находили дополнительную информацию по собственному желанию.

Темы классных часов: «Государственные праздники РК», «Великие люди РК», «Достопримечательности Петропавловска», и так далее.

После проведения серии классных часов, я организовала итоговое мероприятие – «Мудрость прошлого – золотой самородок настоящего», посвящённое программе «Рухани жаңғыру». Мероприятие проводилось в соревновательно-игровой форме.

Класс был поделён на команды, в которых был капитан (со свистком). Несколько учащихся, с несколькими родителями, были в жюри. Ведущий предлагал несколько блоков на выбор, каждый бок – это классный час из серии, который проводился ранее. В каждом блоке по несколько вопросов разной формы: узнать по картинке, понять по звукам, собрать из букв, разгадать кроссворд, и так далее. Командам нужно было выбрать блок, затем вопрос, после того, как команды посовещаются, капитан свистит в свисток, и команда отвечает. Если вопрос неверный, слово передаётся следующей команде.

По завершению мероприятия, жюри подводили итоги и награждали команды.

Я считаю, что подобного рода мероприятия, способствуют объединению наших сознаний, наших идей, наших знаний, наших мыслей, нашего прошлого с настоящим, и тем самым, формируется наше будущее.

Примечание

Список интернет – источников (программа «Рухани жаңғыру»):

1. http://www.akorda.kz
2. http://altynsarin.kostanay.gov.kz
3. http://24.kz
4. https://strategy2050.kz
5. https://365info.kz
6. www.nur.kz

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ВЕБ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПОРТАЛЕ КАЗАХСТАНА EDU-KZ.COM

НУРКАМАНОВА Мадина Аскаровна
Университет «Туран»
Старший преподаватель кафедры
«Компьютерная и программная инженерия»
город Алматы, Казахстан

НАУМЕНКО Виталий Валерьевич
Университет «Туран»
Старший преподаватель кафедры
«Компьютерная и программная инженерия»
город Алматы, Казахстан

ХВАЩЕВСКИЙ Николай Николаевич
Университет «Туран»
Студент 4 курса специальности
«Вычислительная техника и программное обеспечение»
город Алматы, Казахстан

ОСПАНОВА ГузяльАлимжановна
Университет «Туран»
Студентка 4 курса специальности
«Вычислительная техника и программное обеспечение»
город Алматы, Казахстан

Аннотация

Развитие дистанционногоонлайн образования в стране позволит обеспечить связь между учебными заведениями и обучающимися, родителями и начальными учебными заведениями, выбор востребованной профессии на рынке труда, поиск партнеров между учебнымизаведениями, повышение квалификации преподавателей и многое другое, о чем и пойдет речь в данной статье.

Аңдатпа

Елімізде қашықтан онлайн білім беруді дамыту оқу орындары мен білім алушылар, ата-аналар мен бастапқы білім беру мекемелері арасындағы байланысты, еңбек нарқында талап етілетін мамандықтарды таңдауды,оқу орындары арасында өзара серіктестер іздеуді, оқытушылардың біліктіліктерін арттыруды және көптеген басқа нарселерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және мақалада осы мәселе қарастырылады.

Развитие дистанционного онлайн образования в стране позволит обеспечить связь между учебными заведениями и обучающимися, родителями и начальными учебными заведениями, выбор востребованной профессии на рынке труда, поиск партнеров между учебнымизаведениями, повышение квалификации преподавателей и т.д.

Образовательный портал Казахстана на базе облачных технологий позволяет структурировать информацию об учебных заведениях и облегчил поиск информации. Родители ищут хороший детский садик или школу для своих детей. Люди после окончания школы занимаютсяпоиском и выбором высшего учебного заведения. После окончания университета многие хотят пойти дальше и продолжить обучение в магистратуре или на

специализированных курсах. Ложная информация сильно препятствует данной цели, так как на сайтах самих учебных заведений только положительная информация "что они самые лучшие во всем". Нет возможности сравнить учебные заведения между собой или посмотреть ТОП 100 лучших учебных заведений. Большинство справочных сайтов содержит очень мало достоверной и объективной информации – все ограничивается названием, адресом и номером телефона учебного заведения.

Использование навигации и её возможностей задают соответственно разные виды выводимых информационных страниц в основной части портала, при том пользователю будут доступны все модули и вертикальное меню, они не будут меняться при переходах на другие страницы, тем самым можно получить доступ к полному функционалу сайта с любой его страницы. Такой подход очень удобный и правильный с точки зрения юзабилити. Облегченный интерфейс и интуитивно понятная навигация портала позволит его использовать людям со слабыми знаниями и навыками работы с компьютером.

Интерфейс и навигация не должны вызывать какого либо дискомфорта во время использования, это очень важно для развития портала. Все эти правила должны учитываться и при создании мобильной версии или же при адаптации уже готового сайта под мобильные устройства.

Данная тема будет рассматриваться на примере моей собственной разработки образовательного портала находящегося в облаке на сервере во Франции edu-kz.com.

Общий вид интерфейса социально-образовательного портала представляет собойвеб-страницу которая содержит в себе:

Логотип портала, Модуль «Поиск», Мультиязычность, места для рекламы, Вертикальное меню с категориями, Слайдер, Модуль «Курсы валют», Модуль «Отзывы», Модуль «100 лучших заведений», Модуль «Обратите внимание», Модуль «Новости», Модуль «Случайные учебные заведения», Модуль «Продажи баннеров».

Сайт должен быть мультиязычным. Обычно в верхней части сайта располагается кнопка выбора языков например от google translate. Сайт поддерживает на данный момент 3 языка: русских, казахский и английский.

В левой части образовательного портала располагается вертикальное меню, отображающее категории сайта, состоящие из следующих разделов:

«Автошколы», «Академии», «Военные учебные заведения», «Детские дома», «Детские сады», «Детские лагеря», «Дошкольная подготовка», «Иностранные языки», «Институты», «Колледжы», «Компьютерные курсы», «Курсы и учебные центры», «Лици (училища)», «Музыкальные», «Научные организации», «Обучение за рубужом», «Религия», «Семинары, трененги», «Спортивные», «Танцевальные», «Университеты», «Ходожественные», «Школы», «Школы-интернаты», «Школы бизнеса», «Школы моделей», «Школы-гимназии».

При нажатии на любой подраздел вертикального меню откроется страница, на которой расположена интерактивная карта с маркерами учебных

заведений данной категории, ниже карты располагается список самих заведений с фотографиями и адресами. Пример карты представлен на рисунке 1.1



Рисунок 1.1 – Карта Алматы с автошколами

В каждой категории находится фильтр по параметрам. Пользователь может выбрать несколько наиболее важных для него критериев и скрипт сайта выведет только те учебные заведения, которые соответствуют данным требованиям. Данная функция взята с интернет магазина, где при выборе товара мы выбираем его параметры и характеристики.

Данный вид сортировки очень облегчает поиск учебного заведения, т.к запросы пользователя будут удовлетворены по всем критериям. Пример: Человек выбирает город, район города, среднюю стоимость обучения, уклон обучения, наличие столовой и интернета и другие параметры и получает все учебные заведения, которые соответствуют этим критериям. В круглых скобках на форме фильтрации указывается количество доступных учебных заведений с этими параметрами. Если нет ни одного заведения с определенным требованием, то оно не отображается для пользователя вообще и его нельзя выбрать.

На главной странице сайта отображаются последние оставленные отзывы. Также можно почитать все отзывы об учебных заведениях. Сами отзывы оставляются на странице самого заведения, там же можно посмотреть и все отзывы о конкретно об этом учреждении. Каждый комментарий проверяется модератором и отображается только после его одобрения в панели администратора. Пример отображения комментариев показан на рисунке 1.2.



Рисунок 1.2 – Модуль отзывов на главной странице образовательного портала

Модуль «Топ 100» на главной странице образовательного дистанционного портала выводит рейтинг лучших 100 учебных учреждений на основании оценок оставленных во время отзыва.

Карточка учебного заведения, она же личная страница учебного заведения состоит из названия, главной фотографии, дополнительных фотографий, краткого описания с адресом и телефоном, рейтингом, QR – кодом, кнопок сравнения, кнопки «Нашли ошибку», социальных сетей, полного описания, карты с местонахождением и отзывами.

За последние годы с развитием сети Internet в Казахстане появился большой спрос на интернет ресурсы и онлайн сервисы. Одновременно с увеличением количества электронных изданий и сайтов различных тематик, растет объемнедостоверной и устаревшей информации.

Разработанный дистанционный образовательный портал Казахстана позволит структурировать информацию об учебных заведениях и облегчить их поиск, а ТОП 100 лучших учебных заведений позволит сделать правильный выбор по необходимым критериям. На рисунке 1.3 изображена страница данного описываемого ресурса edu-kz.com с открытой страницей Университета "Туран".



Рисунок 1.3 – Страница сайта edu-kz.com с открытой карточкой учебного заведения Университета "Туран".

Список литературы

1. http://edu-kz.com
2. Керов Л.А. Разработка Web-сайтов и их размещение в сети Интернет: Учебное пособие, 2010. – 90 с.
3. Рулиене Л.Н. Гуманизация дистанционного обучения // вестник тюмгу. – 2012, №9. – С.116-121.
4. Крук Б.И., Журавлева О.Б. Видео в дистанционном обучении // международный журнал экспериментального образования. – 2013, №8. – С.28-33.
5. Захарова, И. Г. Информационные технологии в образовании : учеб. пособие для студ. высш. педаг-х учеб. заведений / И. Г. Захарова. - М.: Академия, 2005. - 192 с.
6. Полат, Е. С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования : учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина. - М. : Академия, 2007. - 368 с.

ЭЛЕКТРОХИМИЯЛЫҚ ТӘСІЛМЕН МЫС БРОМИДІН АЛУ

НҰРДІЛЛАЕВА Раушан Нұрділлақызы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті х.ғ.к., профессор м.а., Экология және химия кафедрасының меңгерушісі,
Түркістан, Қазақстан

СЕРІК Гүлзат Серікқызы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 6М060600-Химия мамандығының 2-курс магистранты,
Түркістан, Қазақстан

БАЕШОВ Әбдуәлі Баешұлы
Д.В.Сокольский атындағы жанармай, катализ және электрохимия институты АҚ
ҚР ЖҒА академигі, х.ғ.д., профессор, Алматы, Қазақстан

Аннотация

В предложенной работе разработан электрохимический способ получения бромида меди (I) путем поляризации постоянным и переменным током медного электрода в растворе бромида калия. Исследовано природа материала катода (медь, графит, титан) на процесс электролиза, и определены оптимальные условия образования бромида меди.

Аңдатпа

Ұсынылып отырған жұмыста калий бромиді ерітіндісінде мыс электродын тұрақты және айнымалы токпен поляризациялау арқылы мыс (I) бромидін алудың электрохимиялық тәсілі жасалды. Электролиз үрдісіне катод материалының (мыс, графит, титан) табиғаты зерттеліп, мыс бромиді түзілуінің тиімді жағдайлары анықталды.

Қазіргі уақытта өндірісте, түрлі өнеркәсіп салаларында, ғылым мен техникада пайдаланылып жүрген бейорганикалық заттарды алуда химиялық тәсілдермен қатар, электрохимиялық тәсілдер де кеңінен қолданылып жүр. Негізінен бейорганикалық қосылыстарды синтездеуде химиялық тәсілдерге қарағанда электрохимиялық тәсілдердің бірқатар артықшылықтары бар. Атап айтар болсақ, электрохимиялық тәсілмен заттарды синтездеуде қоршаған орта ластанбайды, электролиздің қарапайым бөлме температурасында өтуіне жағдай жасалынған, электролиз нәтижесінде улы газдар бөлінбейді және уақыт үнемдеуге мүмкіндік туындайды. Электрохимиялық тәсілдің ең маңызды ерекшелігі – электролизден кейінгі алынған өнімнің тазалығы және заттарды синтездеуге қажетті реагенттердің қолжетімділігі мен реактивтер шығынының аздығы болып табылады [1, 2].

Мыстың галогенді қосылыстары бағалы физика-химиялық қасиеттеріне байланысты кең қолданысқа ие. Мысалы, мыс бромиді химиялық өндірісте, әсіресе органикалық заттарды синтездеуде қолданылатын күшті тотықсыздандырғыш болып табылады және көптеген органикалық реакцияларда катализатор ретінде қолданылады [3, 4].

Мыс бромидін химиялық және электрохимиялық жолмен алу тәсілдері белгілі. Химиялық жолмен мыс бромидін алу процесі өте ұзақ және синтез күрделі механизммен жүреді [5].

Ресей ғалымдары Чернобаев И.П., Касаткина Л.А., Колесникова В.Г. мыс бромидін электрохимиялық жолмен тұрақты ток қатысында синтездеп алған. Алайда электролиз нәтижесінде бөлінген SO_2 газы улы және ол санитарлық-гигиеналық тұрғыдан жұмыстың қолайсыз жағдайын туғызады [6].

Алдыңғы зерттеулерімізде мыс электродын анодты поляризациялау арқылы мыс бромидін алу жолы зерттелген. Зерттеу нәтижесінде мыс электродын тұрақты токпен поляризациялағанда мыс бромидінің түзілуінің ток бойынша шығымына титан және мыс электродтарындағы ток тығыздықтарының, электролит концентрациясының, ерітінді температурасының және электролиз ұзақтығының тиімді жағдайлары қарастырылып, нәтижесінде мыс бромидінің түзілуінің ток бойынша шығымы 72% құрады [7].

Берілген жұмыста мыс бромидінің анодтық поляризация барысында түзілу жағдайына катод материалы табиғатының әсері қарастырылды. 2 М KBr ерітіндісінде анод ретінде мыс электроды, ал катод ретінде графит электроды қолданылды, электролиз кеңістігі катионитті мембрана арқылы бөлінді. Тәжірибе жұмыстары 100 мл термостатталған шыны электролизерде жүргізілді. Электролит электролиз барысында баяу жылдамдықта магнитті араластырғышпен араластырылды.

Мыс электродынан тұрақты токпен поляризациялағанда мыс бромидінің түзілуінің ток бойынша шығымына мыс электродындағы ток тығыздығының әсері зерттелді (1-сурет). Мыс электродындағы ток тығыздығы 300 А/м^2 тең болғанда ток бойынша шығым 81,8% көрсетті. Ал, ток тығыздығын одан ары жоғарылату нәтижесінде ток бойынша шығым төмендеді. Бұл құбылысты катодта қосымша реакция оттегі газының бөлінуінің жоғарылауымен немесе электролиз нәтижесіндегі электродтар өнімдерінің пассивтелуімен түсіндіруге болады.



i_{Ti} = 60 кА/м^2, [KBr] = 2 М, τ = 0,5 сағ, t = 20^{0}C.

1-сурет. Мыс (I) бромидінің түзілуінің ток бойынша шығымына мыс электродындағы ток тығыздығының әсері

Бұл жағдайда ток бойынша шығым жоғары мәндерді көрсеткенімен электролиз нәтижесінде мыс бромидімен қоса мыстың басқа да бейорганикалық қоспалары түзіліп, электролиз өнімі таза болмады. Сондықтан да,электролиздің дәл осы тиімді жағдайлары пайдаланылып, графит электродын титан сымымен алмастырып, айнымалы ток қатысында электролиз жүргізілді. Мыс электродындағы ток тығыздығы 400 А/м^2 тең болғанда ток бойынша шығым 26,1% құрады. Осы орайда айта кету керек, ток бойынша шығымның мәні төмен болғандығына қарамастан, электролиз өнімі ешқандай қоспасыз таза екендігі анықталды.

1-кесте. Мыс және титан электродын жұптастырып айнымалы токпен поляризациялағанда мыс бромидінің түзілуінің ток бойынша шығымы

i_{Cu}, А/м^2	100	200	300	400	500	600
ТШ (Cu^+), %	13,2	15,6	21,4	26,1	23,3	21,7

Алдын-ала жүргізілген зерттеу нәтижелерінде мыс электроды мен титан сымын жұптастырып 2 М KBr ерітіндісінде айнымалы токпен электролиз жүргізгенде мыс электродының еріп, мыс бромидінің түзілетіндігі анықталды, бірақ бұл кезде титан сымы үгітіліп, электролизді жүргізуде қиындықтар туындады. Сондықтан титанның үгітілуін болдырмас үшін айнымалы токпен поляризациялап мыс бромидін алу тәжірибелерінде титан электродын катионитті мембрана арқылы оқшаулап, зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Мыс электродын тұрақты токпен поляризациялағанда мыс бромидінің түзілуіне 2 мыс электродының әсері қарастырылды. Электродтар ретінде ауданы бірдей 2 мыс пластинкасы, ал электролит ретінде 2 М KBr ерітіндісі пайдаланылды. 2-суреттен байқағанымыздай, ток тығыздығы 400 А/м^2 болғанда ток бойынша шығым максимум (57,4%) мәнді көрсетті. Ал ток

тығыздығы жоғарылаған сайын ток бойынша шығым біртіндеп төмендей бастады. Мұны қосымша реакциялар үлесінің артуымен түсіндіруге болады.



i_{Cu} = 400 А/м^2, [KBr] = 2 М, τ = 0,5 сағ, t = 20^{0}C;

2-сурет. Екі мыс электродын тұрақты токпен поляризациялағанда мыс бромидінің түзілуі

Мыс бромидінің түзілу үрдісіне мыс және графит электродтарын тұрақты токпен поляризациялау арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілді (3-сурет). Мыс электроды – негізгі электрод, ал графит электроды қосымша электрод қызметін атқарып, электролит ретінде 2 М калий бромиді ерітіндісі қолданылды. Мыс электродын тұрақты токпен поляризациялағанда мыс бромидінің түзілуінің ТШ-на мыс электродындағы ток тығыздығының әсерін 100-600 А/м^2 аралығында зерттегенде, мыс бромидінің түзілуінің ток бойынша шығымы 60%көрсетті.



$i_{гр}$ = 60 кА/м^2, [KBr] = 2 М, τ = 0,5 сағ, t = 20^{0}C;

3-сурет. Мыс пен графит электродын жұптастырып тұрақты токпен поляризациялағанда мыс бромидінің түзілуі

Сонымен, мыс электродын тұрақты токпен поляризациялағанда мыс бромидінің түзілуінің ток бойынша шығымына катод материалы табиғатының әсері қарастырылды. Зерттеу нәтижелері бойынша мыс электродын титан сымымен жұптастырып, тұрақты токпен поляризациялағанда мыс бромидінің түзілуінің ТШ - 72%, мыс электродын графит электродымен жұптастырып,

тұрақты токпен поляризациялағанда ТШ - 60%, ал 2 мыс электродын тұрақты токпен поляризациялағанда ТШ сәйкесінше 57,4% құрады.

Әдебиеттер:

1. Нұрділлаева Р.Н. Мыс және мырыштың бейорганикалық қосылыстарын синтездеудің электрохимиялық тәсілдері. Монография, Шымкент, 2014. – 124 б.
2. Шульгин Л.Н. Электрохимические процессы на переменном токе. М.: 1974. -74 с.
3. Рипан Р., Четяну И. Неорганическая химия, 2-том, Издательство “Мир”, Москва, 1972. – 871 с.
4. Лидин Р.А., Молочко В.А., Андреева Л.Л. Неорганическая химия в реакциях. Справочник. Москва, 2007. - 637 с.
5. Под ред. Брауера Г.М. Руководство по препаративной неорганической химии.Издательство ИЛ., 1985.
6. Чернобаев И.П., Касаткина Л.А., Колесникова В.Г. Способ получения бромида меди (I). Инновац. Патент РФ., 1980.
7. Nurdillayeva R.N., Bayeshov A.B., Serik G.S. The elaboration of copper bromide synthesis by electrochemical method. Bulletin of NAS RK. In press.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР – БАЛАНЫҢ ОЙЫН ДАМЫТУДАҒЫ БАСТЫ ҚҰРАЛ

ОРАЗБАЕВА Мақпал Абдуманаповна
«Алпамыс Батыр»бөбекжай-балабақшасы
Педагог-психолог
ОҚО, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы
Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалададидактикалық ойындар - баланың ойын дамытудағы басты құрал жайында қарастырылған.

Аннотация

В этом статье рассматриваются дидактические игры являются основным инструментом развития детской игры.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының ой белсенділігін дидактикалық ойындар арқылы дамыту қажет болып отыр. Ал, дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті атқарады. Ойынның мақсаты- бағдарламада анықталған пәндер бойынша білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және бекіту, қайталау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, арттыратындай іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады.

Дидактикалық ойынды пайдалану жиілігін анықтап және шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез-келген сәтінде оқыту әдісінің құрамды бөлігіне айналдыруға болады. Бірақ ойын процесі мен оқу процесін бір-біріне етене ұластырып ұйымдастырған жөн. Бала ойын іс-әрекеті үстінде қандай да білімді игеріп жатқанын, ал оқу процесінің өзінде қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және оқу іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Осы шарт орындалған жағдайда дидактикалық ойын шын мәнінде оқушылардың ойын жетілдіре оқыту әдісі өз деңгейіне көтеріледі. Сынып проблемасын алуға негіз болып отырған бұл өзекті мәселеден мен де тыс қалған жоқпын. Алдыма келген бүлдіршіндерді заман талабына сай оқытып, тәрбиелеудің жолдарын іздестірдім. Қай ұстазды болсын алаңдататын бір жәйт ол баланың дербестік іс-әрекеті, сабақта баланың ойын дитактикалық ойындар арқылы дамыта білу қабілеті.

Баланың ойын дидактикалық ойындар жұмысына баулып, олардың ойынға белсенділіктерін, қызығушылығын дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мыналар:

1. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (құрастырмалы ойындар, қозғалмалы ойындар, сергіту ойындары тағы басқалар)

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытта жұмыс, қиялдау ой арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп ойнату,ойын балалардың ойлау қабілеттерін арттырады.

3. Әр бөлімінде халқымыздың ұлттық ойындарын қолданамыз.

4. Осы сабақтарды қызықты өткізу үшін математика сабағынан есеп шығару ойындары, әліппеден әріптер жайлы ойындар (әріптерді шапшаң тауып, орнын табу), дене шынықтыру сабағынан қимыл-қозғалыс ойындарын, яғни әр пәнге дидактикалық ойындарды қолдандым.

5. Венн диаграммасын, үлестірмелі карточкаларды, сөзжұмбақтарды, ребустар, дидактикалық ойындарды қолданып, сабақты қызықты жүргізумен балалардың сабаққа қызығушылықтарын,ойлау қабілеттерін қалыптастыру.

6. Мақал-мәтелдер, сөзжұмбақтар, жаңылтпаштар, сауалғылар қолдану арқылы балалардың тілін дамыту, ой-белсенділігін арттыру.

7. Мазмұнды суреттер бойынша әңгіме құрастыру, шығармашылық қабілеттерін, көз зерделерін, есте сақтау қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Бастауыш сыныптарда ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарды біліп, орындап отыруымыз керек:

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.

2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі оқушыларға әбден түсіндірілгені жөн.

3. Ойынға сыныптағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету керек.

4. Ойынның жүру барысында балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор. Ойын түрлері:

1.Ұлттық.

2.Дидактикалық.

3. Логикалық.

«Ақсүйек», «Қанталапай»,«Көкпар» , «Мың бір мақал», «Ғажайып алаң», «Сөз құрау», «Жұмбақ есеп», «Әріпті кубиктер», «Сергіту сәті».

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

-Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.

-Ойынға кірісер алдында оның жүргізулі тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.

-Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.

- Ойын үстіндешешім қабылдай білуіне , ойлана білуіне жетелеу.

- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
-Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.

Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Халық жасаған мұралар сан алуан. Солардың бірі ұлт ойындары.

Ұлттық ойынойнаубаланың салт – дәстүріне, әдет – ғұрпына деген сүіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен , ұнамды әдеттер – өзара қарым – қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды.Еңбек ету барысындаұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады.

Оқушының бәрә жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл – ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес.Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Ойынға тек ойын деп қарамайхалықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірген тамаша тәрбие құралы деп қарау керек.Ұлт ойындарыотбасы тәрбиесінен бастап, мектептегі жеке пәндерді оқыту барысында қосымша материал үшін, баланың сол пәнге қызығушылығын арттыру үшін пайдалануға болады.Сабақта ойын түрлерін пайдаланусабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны.Ойын түрлеріниңматериалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғурлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ойынмен ұйымдастырылған сабақбалаларға көңілді, жеңіл келеді. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі – грамматикалық ойынның түрлері**.**

Грамматикалық ойындар – арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді,ошы шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Балалардың ойлауын , қиялын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелермен ойнайтынойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар. Бір ойын түріойлауы мен қабылдауын жетілдірсе, ал екіншісі ойлау қабілетін, үшіншісі есте сақтау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар үстінде ойын түрлерін қолдану оқушылардың оқып, отырған сабағына қызығушылығын арттырады, түсінуге мүмкіндік туғызады.Қай елдің болсынөсіп өркендеуі өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелейбайланысты. Себебі қазіргі кезде әр адамның болашағы оның алған білімінің сапасы мен көлеміне қарай сарапқа салынады.Өмір ағымынатек білімі мен білігі жоғары адамдар ғана ілесе алады. Сондықтан оқу барысында қашанда баланың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту керек. Бастауыш сынып мұғалімдеріниңоқу – тәрбие жұмысының негізі саласысабақ.

Сабақ үстіндеоқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Негізгі бетбұрысоқушы білімнің сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижиені көре білу, яғни оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Олүшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет.Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшелігі әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға келеді. Ал ойын элементтерікез – келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашароқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен , белсенділікпен орындайды. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын , зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолданады.

Атап айтқанда,мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, көрнекілікпен бірге әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады.Бүгінгі күн талабы да біз мұғалімдерден осыны талап етуде. Оны жүзеге асырудың бірден – бір жолы – сабақ процесіне дидактикалық ойын түрлерін көрнекіліктер арқылы тиімді пайдалану. Сабақты дидактикалық ойындар арқылы көрнекіліктермен тиімді пайдалану, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын, танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың талабын ұштастырып, ой- өрісін кеңейтуге, іздену қабілеттерін дамытуға әсерін тигізеді.Оқушылардыңсабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан – алуан. Бастауыш сыныпта заттың түріне қызығушылық басым болады.Сондықтан олардыңөзіндік дара қабілетін дамыту керек.Орта буындағыоқушыларға өз бетінше іздену мақсатындағы жұмыстарды баріп, ойын түрлерін шығармашылық түрінде ұйымдастыру пайдалы. Сабақтағы ойын түрі – ұжымдық еңбек, сондай – ақ тәрбиелік мәні зор тәсілдерге жатады. Ойын барысмында оқушының қабілеті , іскерлігі көрінеді. Мұғалім әр оқушының жұмысын бағалауға мүмкіндік алады. Ойын оқушыны бірігіп жұмыс істеуге үйретеді, іздестіру, іздену дағдыларын қалыптастырады.Ойын арқылы сабақты қызықтырып, өмірмен байланыстыра отырған ұтымды.Сабақтатиімді қолданылған ойын түрлері – мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпентыңдап, жемісті, сапалы, меңгеруіне сенімді көмекші бола алады.

Ойын мен адам мәдениетінің өзарабайланысы ғылыми түрде анықталды.Олардың тұлғаныдамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтікфакторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа иновация болыптабылады. Ойын әрекетібалалардың бағалы өмірінің алғашқы күндеріненбастап – ақ маңызы зор.Ойын барысындабаланың адамгершілік қасиеттері , өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойындарды тиімді қолдану 1-4 сыныптарда өте тиімді деп ойлаймын, себебі тез жазу,оқу, мазмұндау дағдылары қалыптаспаған оқушыларды бірыңғай

жаттығу жұмысыжалықтырады, ал ойын керісінше пәнді сүюге, қызыға ықпал жасайды.

Сөзімді қорыта келе , оқушылардың қызығушылықтарын әр түрлі тәсілдермен арттыра түсіп, сол алған білімді сапалы игеріп, оны күнделікті тұрмыс - тіршілікте пайдалануға үйрету жәнеойлау қабілетінің дамуына , шығармашылық дағдыларын жетілуіне жол ашады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тұрғынбаева Б.А. , Шабденова Б.Ш. «Шығармашылық баспалдақтары.». Алматы 2003ж.
2. Қамалбекова .«Оқушылардың қызығушылығын ойын арқылы арттыру.» Бастауыш мектеп.2005ж.
3. М. Аманқұлова .«Бастауыш мектепте оқыту» 2007ж.
4. Журнал «Педагогика жаршысы »№4 2010ж , №3 2011ж
5. Журнал «12 жылдық білім» №4 2006ж
6. ЗұлпыхароваТ. «Оқушының ой - өрісін дамыту. ». Бастауыш мектеп №42004ж
7. Қайран Ә.Тәрбие құралы№2 2013ж №32014ж.

ТАЛАНТ ДАРАЛЫҒЫ ҚАЛАМГЕР ТУЫНДЫЛАРЫНДА (ТАЛАНТ ТАНУ, ДАРА ТҰЛҒА БАУЛУ МӘСЕЛЕСІ)

ҚЫДЫРШАЕВ Абат Сатыбайұлы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Мәдениет және өнер факультетінің деканы,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
БҚО, Орал қаласы
Қазақстан

ОРМАНОВА Құндыз Бейбітқызы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
II курс студенті
БҚО, Орал қаласы
Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада белгілі жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың шығармашылығы негізінде талант тану, дара тұлға баулу мәселесі тілге тиек етілген. Нәтижеде талант даралығы қаламгер туындылары негізінде айқындалатыны аңғартылады.Танымал қаламгер Р. Отарбаевтың ілгері жастарға берер ақыл-кеңестері сараланады.

Аннотация

В статье излагается о проблеме познания таланта, становлении личности на основе творчества известного писателя-драматурга Рахымжана Отарбаева. В итоге поясняется выявление индивидуальность таланта на основе произведении писателя. Анализируются совет известного писателя Р.Отарбаева молодежи.

Махамбет баба білім ордасы қашан да өзінің үздік дарынды түлектерімен мақтанады. Университетіміздің сондай озық талантты түлектерінің бірі – Рахымжан Қасымғалиұлы Отарбаев. Бұл – *«аспан асты, жер үстінде басы артық бақ та, сор да жоқ екен, Жаратқан ием бірінен жұлып алып екіншісіне беріп, жазған пендесін ақымақ қып, әуре-сарапқа түсіретін көрінеді, бар-жоғы сол»*деп ой өретін Рахымжан Отарбаев.

Рахымжан Отарбаевты біз бүгінде қазіргі қазақ әдебиетінің ел таныған көрнекті өкілі, бірегей дара жазушы-драматург, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің, Халықаралық Шыңғыс Айтматов атындағы сыйлықтың иегері, Махамбет сыйлығының лауреаты, академик Зейнолла Қабдолов медалінің иегері, Бейбітшілік қорлары Халықаралық қауымдастығы шешімімен берілген «Бітімгершілік жемісті қызметі үшін» Алтын медалінің иегері, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, Атырау қаласының құрметті азаматы ретінде білеміз.

Рахымжан Отарбаевтың Орал педагогикалық институтының филология факультетін тәмамдағанына, әр жылдары «Қазақ әдебиеті», «Жалын» газет-журналдарындағы қызметіне, елшіліктегі ерен еңбегіне, Маңғыстау облыстық телерадиокомпаниясының басшысы, Махамбет атындағы Атырау облыстық қазақ драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігіндегі сектор меңгерушісі, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Бас директоры, «Ақ Жайық» журналының директоры – Бас редакторы қызметтеріндегі ел мерейін үстем ету жолындағы өрелі істеріне тәнтіміз.

Бүгінгі таңда жазушының қайталанбас қаламгер қалпында қасиетті қаламынан туып, әр жылдарда жарық көрген *«Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Отверженный мир», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер», «Біздің ауылдың амазонкалары», «Айна-ғұмыр», «Шыңғыс ханның көз жасы», «Бас»,* т.б. сынды прозалық, драмалық шығармаларының, публицистикалық зерттемелерінің көптің қалаулы да таңдаулы, сүйіп оқыр, сүйсініп оқыр, тамсана, таңдай қаға, тағатсыздана оқыр рухани асыл дүниелерге айналғанына, аталмыш жүрекжарды туындыларының қазақ әдебиетінің, ел мәдениетінің саф алтын қорына қосылғанына қуанамыз. Бұған қоса, Рахымжан Отарбаевтың Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және қырғыз, татар тілдерінде кітаптары жарық көрген.

Жекелеген шығармалары түрік, араб, ағылшын, француз, италиян, моңғол, болгар, жаңа зеландиялықтар тілдерінде басылған. «*Бейбарыс сұлтан», «Бас», «Нашақор жайлы новелла», «Нұржауған-ғұмыр», «Сырым батыр», «Мұстафа Шоқай», «Жәңгір хан»* сынды пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

Бүгінгі таңда қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі Рахымжан Отарбаев шығармашылығы ғылыми-теориялық, сыни-сараптамалық тұрғыда талдау нысанына ілігуде. Жазушы шығармашылығындағы көркем бейнелер жүйесінің түзілуіне, мифтік ұғымдардың тарихи-генетикалық құбылуына ғылыми сараптама жасалуда. Бұл бағыттағы әдеби-теориялық талдаулар нәтижесінде қаламгердің шығармашылық келбеті, шеберлік қалпы ашылуда.

Жазушы Рахымжан Отарбаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі санаулы сарабдал суреткерлердің алғы сапында. Бұл ретте жазушы қаламынан туған туындыларға орай берілген оң бағалар - қолдарлық. Өз айтуы бойынша, бір шығармаға кіріссе, күндіз-түні байыз таппау жазушыға тән. Жазып жатқан кезде бір сөз қиыс кетіп, артық-кем соғып жатса, құдды бір кеудеге түскен жамау іспетті жан дүниесіне ауру болып жабысатындай. Сондықтан қалам иесі шығармадағы әр сөйлемінің бойынан қалыпты температурада қан жүріп тұруын, әр сөйлемінің кәдімгі өлеңнің келісті жолы сияқты болып өрілуін қалайтындай. Бұл ретте жазушы Рахымжан Отарбаев кредосы – «жазғасын соқыр көретіндей, саңырау еститіндей жазу». Бұл - өз тұсындағы ғибратты Ғабең (Ғ.Мүсірепов) қағидаты.

Асылы, адамның жан дүние құбылысының құпияларын айқара ашып, оның рухани-психологиялық сезім пернесін дөп басып, кәдімгі тіршілік көріністерін көркемдік шындық дәрежесіне көтеру кез келген талант иесінің пешенесіне жазылмаса керек-ті. Бұл тұрғыда жазушы Рахымжан Отарбаевтың сиқырлы суреткерлік сыры, көрікті көркемдік әлемі сан қырлы. Біз бұл ретте қаламгер шығармаларының көркемдік ерекшелігі ретінде жазушының бірегей стилі мен тілдік қолданыстарына, ондағы психологиялық астарлы желілерді баса айтамыз.

Зерттеушілердің талдамаларына орай таразыласақ, Рахымжан Отарбаевтың суреткер ретіндегі көркемдік әлемі өзінше бір қайталанбайтын құбылыс іспетті. Жазушы туындыларындағы эстетикалық алғы мақсатты көздей өрілген мәтіндердегі рухани қатынастардың сан-сапалы жүйесі өміри шындыққа жанасымды өрілген. Мәселен, Рахымжан Отарбаевтың «Бесқасқа беріштің хикаясы» атты повесі - қаламгер қаламынан туған бүтін бір ру белгісінің тарихын көркем шындықпен қабыстыра алған туындыгердің бірегей туындысы. Шығарма арқылы жазушының сан қатпарлы астарлы ойына, философиялық тұңғиық тереңдігіне тәнті боламыз. Туындыда жазушы келер ұрпақ қамынан, найзағайлы намыс отынан, кіршіксіз пәк перзенттік сағыныштан, кәдімгі аппақ адами махаббаттан туындар ауадай қажетті шешімдер сериалын ұсынғандай. Шығарма оқиғалары арқылы суреткердің қиял әлемінің жүйріктігін, нақты өмірді жарқын жүрекпен, көкірек көзімен түйсіне қабылдайтынын айқын аңғарамыз. Нәтижеде жазушы Рахымжан

Отарбаев табиғатқа жалаң қалыпта еліктемейді, бұған қоса жалпы жалғанның заңдылығы туралы қорытылған өзіндік ортақ көркем тұжырым жасайды. Қаламгер Рахымжан Отарбаев қилы қалтарысты өмір құбылыстарына әр алуан тағдыр жүйесі арқылы баға береді, сан тараулы оқиғалар арқылы ой-тұжырым түйіндеуге жетелейді, шығармадағы әр эпизодты көркемдік сүзгіден өткізе келе, оқырманның белгілі бір өзіндік көзқарасын қалыптастырады. Демек, Рахымжан Отарбаевтың суреткерлік сыры да, көркемдік әлемі де - жазушы танымындағы қоғамдық сана келбетіндегі өмір суреті.

Шығарма ішінде ұсағы мен ірісі, маңыздысы мен маңызсызы, күрделісі мен кездейсоғы болуы мүмкін. Жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Шыңғыс ханның көз жасы» повесі – қалыбы бөлек, жаңаша құрылымды, сөз саптауы ерекше, стилі сарабдал, ой өрілімі тұңғиық, көркемдік-талғамдық құны орасан зор, сан тараулы өзекті оқиғалы, тың ізденісті толғаудан туған, сапалық деңгейі, эпикалық мүмкіндігі тыңнан өрілген қазіргі қазақ прозасының озық үлгісі, шыңы іспетті туынды. Мазмұндық, пішіндік, стильдік салмағы дара туынды Рахымжан Отарбаевтың тегеурінді талант иесі екендігін жаңа қырынан танытады.

Аталған повестің оқиға желісіне өзек болған халық жадындағы аңыз оқиғалар қаламгер қолданысында мүлде жаңа қырынан қырлана танылып, басқаша бағытта таразыланады. Мәселен, шығармада жазушы Жошының өлімі туралы тарихи дерек пен аңыздардың бір шоғырын оқиғаға өзек қыла келе, ел аузындағы «ақсақ құлан» тіркесін «Асқақ Құлан» қалпында өзгертеді. Бұл тұста халықтық дастан-жырлар мен аңыздарды саралай келе, Жошы өліміне себепкер Қыпшақтан шыққан Асқақ Құлан есімді батыр екенін тұспалдайды. Ал туындыдағы Асқақ Құлан - бұрынғы-соңды қазақ прозасында ұшыраспаған тың образ. Аңызға имандай сенгіш бұқара халық Асқақ Құлан бейнесін жылдарды араға салып «ақсақ құланға» айналдырып алғаны ойға оралады. Бұл тұста да Рахымжан Отарбаевтың халық жазушысы ретіндегі ұлт мерейін асқақтатар алғы межесі айқын танылады.

Шығармада елдің көз жасынан сығып алынған бір кездегі ас та төк байлық жоқтық таптаған тұста көрген тырнақтай жақсылыққа татымайтыны айтылады, жарты әлемді билеген Ұлы қаһанның да жерді басқан екі аяқты пенде екені, оның да Көк Тәңір пешенесіне бұйыртқан жазмыш заңынан оза алмайтыны таразыланады.

Қысқасы, «Шыңғыс ханның көз жасы» – жазушының қиялы мен танымының кеңдігінің айдай айқын дәлелі болар көркем шығармасы. Туындыда белгілі бір тарихи кезең оқиғасы назарға ұсталғанмен, жазушы бүгінгі адамзат қоғамына тән көкейтесті мәселелерді нысана тұтады. Жазушы Рахымжан Отарбаев сөздің киесіне бас ие тағызым етеді. *«Сөздің киесінен қорқу керек, қалай-солай пайдалануға болмайды. Сөз – магия, содан қорықпай жазатындарға таңғалам»* дегені бар. Қысқасы, жазушы әрбір туындысына «бұл сөз – менің жаным дегейсің, бұл кітап – менің тәнім дегейсің» тұрғысында сөзге аса құрметпен қарайды. Жазушы Рахымжан Отарбаевқа сүйенсек, *«дүниенің бастауында сөз тұр, басқа еш нәрсе тұрған жоқ. Дүниені*

құрайтын да – сөз, тас-талқан қылып бүлдіретін де – сөз». Демек, Рахымжан Отарбаев – ауызы дуалы сөз иесі, сөз құдіретін күллі ұлт оқырманына танытушы.

Бүгінде Рахымжан Отарбаевтың кеудесін кере дүниеге келіп, ел ризығына айналған алтын туындыларына берілген баға да жоғары болуы күмән тудырмаса керек-ті. Әлемге әйгілі Шыңғыс Айтматов айтады: *«Рахымжан – интеллектуалды қазақ прозасының XXI ғасырдағы озық өкілі» деп.* Абыз Әбдіжәміл Нұрпейісов айтады: *«Рахымжанның әр жазғаны жүрекке жабар шындық» деп*. Ғибраты мол дүлдүл ақын Ғабу Қайырбеков айтады: *«Рахымжанның әр сөйлемінің өзі сұңқардай самғап тұрады» деп.* Қазіргі қазақ прозасының шашасына шаң жұқтырмас жүйрігі Дулат Исабеков айтады: *«Рахымжанның шығармаларында қаншама кейіпкер болса, соншама қайталанбас ғажайып образ бар» деп.* Сарабдал қаламгер Смағұл Елубаев айтады: *«Қазақ әдебиетінде Мүсіреповтың жолын жалғастырған бірден-бір жазушы – Рахымжан Отарбаев» деп.* Ел игілігі үшін жаралған, қыран сынды Шаханов Мұхтар ақын айтады: *«Рахымжан, дархан дарыным, Атыраудай ерке арыным. Бірге өткен асау жылдарда, Рухыңның күшін танырдым» деп.* Бір ғажабы – көңіл қуантуға тамызық болар бұ бағыттағы ойларды соза беруге болатындығы.

Сөз соңында көрнекті жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың университетімізге кезекті келісінде студенттерге қарата айтқан сөзінен үзік келтіруді жөн санадық. Сонымен жазушының ілгері жасқа айтқан бірер кеңесі төмендегіше өріледі:

развивающие: развивать интеллектуальные итворческие способности через приобщение к поэзии, литературному творчеству, лучшим образцам мировой художественной культуры;навыков чтения через популяризацию семейного чтения**,** интерес учащихся к исследовательской и самостоятельной работе; коммуникативные навыки учащихся, познавательную активность,создать условия для самовыражения, самореализации каждого членаколлектива; сплотитьколлектив для совместной творческой деятельности;

воспитательные: воспитывать бережное отношение к историческому и культурному наследию Отечества; интерес учащихся к изучению литературных произведений, биографии писателя, исторической эпохи;бережное отношение к книгам, к историческим ценностям.

Порой тексты художественных произведений напрямую связаны с биографией автора, поэтому немаловажную роль играет посещение музеев: подробный рассказ о жизни писателя или поэта, знакомство с музейными экспонатами, вещи, которые переносят в эпоху жизни писателя, учат ребят по-другому взглянуть на текст художественного произведения, увидеть существенные детали, более глубоко понять смысл книги.

Форма организации детей: групповая, индивидуальная.

Формы работы:литературно-музыкальные и историческиевечера, творческие встречи, авторскиепоэтические вечера,театрализованные постановки,читательские пятиминутки, конкурсы чтецов, экскурсии в музей…

Главные принципы построения программы проекта:

1) принцип историзма, научности, системности;

2) принцип опоры на творческий метод, стилистическую манеру писателя, поэта;

3) принцип доступности, толерантности.

Тип проекта: творческий

• *по сфере применения результатов*: культурологический, литературоведческий, социальный . • *по широте охвата содержания*: внепредметный, социальный • *по времени работы*: долгосрочный, продолжительный. • *по характеру контактов*: общешкольный, областной.

Результатом проектапланируется создание учебно-методического пособия по проведению занятий литературной гостиной, чтоможет быть и должно быть подспорьем преподавателямгуманитарного цикла и позволит усилить культурологический аспект в преподавании ряда разделов по литературе.

Чтение формирует сознание современного человека, закладывает основы мировоззрения, образования и получения профессиональных навыков. Кроме того, чтение является важнейшим элементом постижения культурных и национальных ценностей, фактором воспитания гражданской позиции и патриотизма членов общества.

Литература рассчитана на сопереживание, соразмышление, диалог.Предполагается – в границах объективного смысла произведения – возможность различных точек зрения и толкований. Существует достаточное многообразие форм методов и приёмов, но считаем одним из эффективных приёмов обучения и развития творческих способностей – общение. Именно умение общаться позволяет обучающемуся говорить, открываться, творить. Где же общаться? Конечно, на уроке! Но урок – это структура, это рамки учебной деятельности. Здесь большое значение играетЛитературная гостиная, цель которой создание оптимальных условий для раскрытия творческого, интеллектуального потенциала учащихся, формирования его личности.

Кружок «Литературная гостиная» призван способствовать решению одной из основных задач образования — обеспечение духовного, нравственного роста подрастающего поколения.

За основу работы взято традиционное понимание слова «гостиная», данное многими методистами, в том числе и Н Е Щурковой«это форма свободного общения, деятельность в которой определяется границами лексического значения слова комната, в которой принимают гостей. Это гибкая форма организационного общения, импонирующая подростку и юноше с их претензией на взрослость».

Здесь возможен разговор “на равных”, а значит - и создание условий для самораскрытия, саморазвития и самосовершенствования ученика.

Литературные гостиные проходят на основе краеведческого материала,

что позволяет школьникам глубже осмыслить и личность поэта, и его творчество. Ребята знакомятся с творчеством поэтов - земляков, изучают биографию поэтов, посещают школьный музей, библиотеки.

Всеформы работылитературной гостинойсвязаны с книгой, литературой. Через книгуучащиесяпостигаюттворчество не только поэтов и писателей, но и музыкантов, бардов, исполнителей, художников.

Дело книги - духовное собирание человека, попытка разгадать его тайну, загадку человеческой судьбы, опираясь на вечные критерии Свободы, Истины, Добра и Красоты. Наедине с книгой человек становится свободной личностью, независимой от воздействиясредств массовой информации.

Реализация проекта «Литературная гостиная» предполагает поиск, обработку и анализхудожественнойиметодическойлитературы,атакжемузыкальных произведений иинформации из СМИ.

Программа проекта состоит из следующих направлений:

-Диагностический этап (анкетирование, беседа – выход на проблему, тему);

- Подготовительный этап (формирование проектной группы, построение алгоритма деятельности, определение цели и задач, составление плана реализации проекта);

- Поисково-исполнительный этап (пошаговое выполнение запланированных работ, внесение по необходимости изменений в план проекта);

- План работы литературной гостиной;

- Презентация проекта (подготовка презентационных материалов, презентация проекта, оформление проектной папки, дальнейшее использование результатов проекта).

Благодаря проекту надеемсяактивизировать творчество учащихся, улучшить выразительность речи детей, повысить интерес к урокам литературы и истории.

На данный момент проект находится на стадии реализации.

Мы понимаем, что педагогическая технология —это совокупность,специальный набор форм, методов, способов, приемов обучения и воспитательных средств, системно используемых в образовательном процессе, на основе декларируемых коррекционных психолого-педагогических установок, позволяющей воздействовать на процессыразвития, обучения и воспитания ребенка. Этопомогает педагогам выстраивать стратегии коррекционного сопровождения каждого учащегося.

Литература:

1. Чистобаева А. Ю. Современные образовательные технологии в коррекционной педагогике // Международный журнал экспериментального образования. — 2009. — № 6

2.Евсюткина П. А. Инновационные коррекционные педагогические технологии [Текст] // Актуальные вопросы современной педагогики: материалы VI Междунар. науч. конф. (г. Уфа, март 2015 г.). — Уфа: Лето, 2015. — С. 183-185.

3 .Селевко Г. К. Современные образовательные технологии :учебное пособие. – М. : Народное образование, 1998. –256 с.

4. Скоркина Н. М. Литературные гостиные. (Тематические вечера для старшеклассников). –Волгоград : «Учитель – АСТ», 1999. – 96 с.

5. Загребельная И. Н. Литературные гостиные в 8 – 11 классах. – М. : Народное образование, 2004. – 36 с.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

СҮЙІНБЕКҰЛЫ Кәрім
Жамбыл медициналық колледжі
Жамбыл медициналық колледжінің 213 топ білімгері
Тараз қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада автор Елбасының Болашаққа бағдар «Рухани жаңыру» атты баяндамасы турасында түсінікті тілде жеткізген. Баяндаманың негізгі мақсаты мен орындалуы тиіс міндеттері турасында да айтылған.Автор мақалада еліміздің дамып өркендеп өсу жолында ендігі кезек жастардың қолында екенін жеткізе отырып,алдағы еліміздің жететін жетістіктері соның ішінде «Цифрлы Қазақстан» жобасы турасында да тілге тиек еткен.Егеменді еліміздің жастары үш тілді жетік білетін,компютер аппараттары мен жетік жұмыс жасай білу керектігін, жан-жақты сауатты болу маңыздылығын айтқан.Бәсекеге қабілетті,білімді жастар бүгінгі күннің талабында тұрғандығын сонымен қатар ел бірлігін ұстай алатын,сапалы білімді саналы тәрбиелі жастар Қазақстанның ертеңі болар нақты жеткізе білген.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.Біз жастар Қазастанның келешегі ретінде Елбасымыздың қолдауымен саналы түрде сапалы білім мен үздік тәрбиенің жетегінде келеміз.Біз осы оқып білгенімізді енді ұлтымызға көрсететін уақыт туды.Сол себепті де «Рухани жаңғыру» жастарға ел болашағын ойлайтын азаматтарға үлкен мүмкіндік әкелері сөзсіз.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен

ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі жақсы жағынан және қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Себебі, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, елбасымыз жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта еліміздің табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады… Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді.

Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір адамның кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы еліміздің қажеттілігі деп түсінемін. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім жүйесі әрдайым бірінші кезектегі орында тұруы міндет деп есептеймін.Ел мен елді теңестіретін тек білім ғана болса ол ұлт үшінде ең маңызды формула болып қала берері сөзсіз.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді» , -дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танимыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуымызға үлкен мән беріп отыр. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалғаны анық. Еліміз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде

оқытып, дайындады. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды еді. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген істер тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр дегім келеді.

Ал идеология мәселесіне келер болсақ, кестелі сөз, кесек ойлары көрініс тапқан ой-толғауында Президент елес идеологияларға ермей, заманға сай амал етуге үндейді: «Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмеске кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс». Мақалада көтерілген идеологиялар туралы кесек ой да ел басқару жүйесін жаңа өзгерістер биігіне бастары айқын деген ойдамын. Дәл осындай тәуелсіз Қазақстанды өркениет көшінің алдыңғы легіне апаратын жаңа бастамалар қашанда көпшіліктің қолдауына мен ықыласына бөленеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр.Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстарымның маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», - деп ел келешегіне үміт артамын.

Ендеше, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.
2.Егемен Қазақстан газеті.
3.Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздік белестері» кітабынан.

ФОРМИРОВАНИЕ ЭМОТИВНОЙ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

ТАШКЕНОВА Дана Казбековна
Северо-казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева
Магистрант Института языка и литературы, специальность: Иностранный язык: два иностранных языка (6М011900), 2 курс
город Петропавловск, Казахстан

Аңдатпа

Бұл мақалада бірінші курс студенттерде эмотивті шетелдік компетенцияны дамыту - маңызды шетелдік мәдениетаралық компонент ретінде қалыстырады. Зерттеудің эксперименталды кезеңінде студенттердің жұмысына қысқаша талдау жасалды, ол эмоциялық лексика жазбаша сөйлеуде өнімді дағдылар мен қабілеттердің жұмыс істеу деңгейін өлшеу мақсатымен өткізілді.

Аннотация

В данной статье рассматривается необходимость развития эмотивной иноязычной компетенции у студентов первого курса как важного компонента иноязычной межкультурной компетенции. Представлен краткий анализ работ студентов, выполненных в рамках экспериментального этапа диссертационного исследования с целью измерения уровня функционирования продуктивных навыков и умений употребления эмотивной лексики в письменной речи.

Общеевропейские компетенции владения иностранным языком предполагают, что студентам необходимо владеть обширным продуктивными и рецептивными лексическими навыками, понимать особенности выражения эмоций представителями другой лингвокультуры для достижения успешной межкультурной коммуникации.Как справедливо отмечает В. И. Шаховский «в современной лингводидактике актуальной задачей является разработка методики, которая научает выражать свои и чужие вербальные эмоции, а также управлять ими. ... Для этого необходимо учить правильным лексическим и грамматическим решениям в ситуациях эмоционального речевого поведения, в процессе семантизации собственных эмоциональных чувствований, самовыражения личности. Это поможет коммуникантам адекватно резонировать настроения речевых партнеров [5, с. 180-181]. Следовательно, стратегической целью овладения средствами эмотивной коммуникации в процессе обучения иностранному языку выступают формирование и развитие эмотивной компетенции обучающихся.

В качестве конечного результата обучения эмотивной иноязычной компетенции можно представить «сформированный индивидуальный иноязычный эмотивный лексикон (эмотикон)», с помощью которого

говорящий в полной мере демонстрирует свое внутреннее эмоциональное состояние всеми имеющимися языковыми и речевыми средствами [4, С. 20].

В научной литературе рассматривается обозначение и выражение эмоций единицами различных языковых уровней, однако наибольшим разнообразием обозначения эмоциональных переживаний обладает лексика. Лексические средства выражения эмоции являются неотъемлемой частью языковой картины мира любого языка и играют важную роль в лингвистике. Существуют различные взгляды на то, что входит в содержание понятия «эмотивная лексика». Мы, вслед за Л.Г. Бабенко, под термином «эмотивная лексика» понимаем совокупность лексики, выражающей и означающей эмоции[1, с.14]. В данной статье мы рассмотрим лексические средства обозначения фундаментальных эмоций на примере английского языка.

Стоит отметить, что списки эмоций в научных исследованиях обычно варьируются по числу. Известный психолог, К. Изард, к базовым эмоциям относит: 1) joy; 2) interest; 3) surprise; 4) sadness; 5) fear; 6) anger; 7) contempt; 8) disgust; 9) shame; 10) guilt [2, с. 84–90]. Из них “joy”, “interest” относятся к положительным эмоциям, эмоция “surprise” не имеет четко выраженного положительного или отрицательного знака, “fear”, “anger”, “contempt”, “guilt”, ‘shame’ к отрицательным. В основе теории базовых эмоций К. Изарда лежат следующие положения: 1) базовые эмоции образуют основную мотивационную систему человеческого существования; 2) каждая базовая эмоция обладает уникальной мотивацией и подразумевает специфическую форму переживания; 3) эмоциональные процессы взаимодействуют с перцептивными, когнитивными и моторными процессами и оказывают на них влияние [3, с. 54].

Руководствуясь классификацией, предложенной К. Изардом, был проведен эксперимент на базе Северо-Казахстанского государственного университета им. Монаша Козыбаева со студентами первого курса специальности Иностранный язык: два иностранных языка. В эксперименте приняло участие 29 человек. Эксперимент предполагал проверку знаний, навыков и умений употребления эмотивной лексики в письменной деятельности. Измерение уровня функционирования продуктивных навыков и умений употребления эмотивной лексики в письменной речи осуществлялось на основе задания следующего содержания:

Write about a situation when you were experiencing an emotion or emotions of joy/sadness/anger/fear/surprise/interest/disgust/shame/guilt/contempt and what you did when you experienced it/them in that situation.

При анализе письменных работ студентов мы учитывали степень разносторонностивыражения эмоции (-й) на лексическом уровне (умение выражать одну и ту же эмоцию разными лексическими средствами, умелое пользование синтагматическими связями слова),а также адекватность употребления эмотивных лексических единиц в контексте.

Наиболее популярная положительная эмоция, которая фигурирует в рассказах студентов это радость – *joy*. В ассоциативном поле радости 60

лексем, среди которых есть прилагательные (11), глагол (10), паралингвистическое выражение эмоций (2). Событийные ассоциации радости разнообразны: путешествие, победа на соревновании, рождение ребенка, поступление в университет, успешная сдача экзамена и т.д. Среди отрицательных эмоций лидирующие позиции занимают страх – *fear* и печаль – *sadness* соответственно. Такое распределение нам представляется также не случайным, так как во многих классификациях психологов достаточно легко выделяется ядро предлагаемых списков (радость, печаль, страх, гнев). Ниже представлена таблица, где указаны эмотивы, употребленные студентами, которые описывали эмоциональное состояние радости.

Таблица 1 – Эмотивные лексические единицы

Части речи	Лексические единицы
существительные	joy, fun
глаголы	to feel joy, to be glad, to be happy, to experience joy, to enjoy, to have fun, to have joy, to give joy, to be calm, to be pleased
прилагательные	funny, optimistic, happy, amazing, wonderful, beautiful, special, exciting, joyful, great, biggest
наречия	-
паралингвистическое выражение	to smile, to laugh

Теперь подробнее рассмотрим примеры реализации непосредственного языкового обозначения ЭС в работах студентов. Анализ письменных работ студентов показал, что больше половины представленных работ характеризуются наличием многочисленных повторов исходной номинации эмоции, т.е. студенты почти не использовали синонимы. Однако в некоторых работах содержится парафраз в форме предложения близкого к дефиниции описываемой эмоции. Что касается глаголов, то следует отметить, что подавляющее большинство студентов использовало одну из разновидностей глагольной номинации, а именно сочетание *to feel, to experience* с существительным или прилагательным, обозначающими собственно эмоцию, например, I felt joy/anger/fear/disgusted/sad/guilty. Студенты почти неиспользуют эпитеты, что лишает описания испытываемых ими эмоций выразительности и индивидуальности. Кроме того, трудно определить интенсивность переживания того или иного эмоционального состояния, поскольку обучающиеся ограниченно употребляют в своих рассказах наречия и, если используют их, то в основном традиционные: интенсификаторы so, very, really. Тогда как в словарном корпусе английского языка имеется большое количество специальных лексических единиц, сообщающих дополнительную информацию об эмоциональном состоянии (*excessively, utterly, terribly, awfully, slightly etc.)*. Носители языка, вербализуя ту или эмоцию, часто используют идиомы (*to tread on air, to feel blue, to lose one's rag*) или метафоричные выражения, которые в некоторой мере позволяют

проследить корреляцию между внутренним миром и внешней, бытовой жизнью человека и репрезентацию этих отношений в языке.

Таким образом, можно проследить общую тенденцию использования стратегии опоры, т.е. студенты используют номинации эмоций, представленных в списке, и подставляют в такие конструкции, как *I have fear, I felt anger, I experience joy*. Частотное использование предикативных синтагм, свидетельствует о том, что студенты недостаточно владеют всеми парадигматическими связями слова – синонимия, антонимия, гипонимия. Имплицитное описание внешних проявлений эмоциональных реакций человека, которые могут быть звуковыми, психологическими, двигательными не встречается в работах.

Итак, мы пришли к выводу, что студенты недостаточно владеют эмотивной лексикой иностранного языка, а также в их словарном запасе имеется пара слов на вербализацию отдельной эмоции.Следовательно, у студентов первого курса необходимо целенаправленно формировать эмотивную иноязычную компетенцию для выразительного и разнообразного выражения своих эмоций, передачи собственной эмоциональной оценки того или иного предмета. Для этого нами разрабатывается модель обучения эмотивной лексике, которая будет включать комплекс упражнений, направленный на развитие рецептивных и продуктивных навыков работы с эмотивной лексикой.

Список литературы

1. Бабенко Л. Г., Лексические средства обозначения эмоций в русском языке. Свердловск: Урал. ун-т. 1989. – 184 с.
2. Изард К. Психология эмоций. СПб: изд-во Питер, 2003. – 210 с.
3. Изард К. Психология эмоций / Перев. с англ. СПб:Питер, 1999. – 464 с.
4. Шаховский В. И. Категоризация эмоций в лексикосемантической системе языка. М.: ЛКИ, 2008. – 208 с.
5. Чернышов С.В. Механизмы иноязычной речевой деятельности и эмоции // Иностранные языки в школе. № 12. 2014. – С. 19-23.

ПРОФЕССИОНАЛЬНО- ЛИЧНОСТНОЕ САМОРАЗВИТИЕ ПЕДАГОГА КАК ПОКАЗАТЕЛЬ ИНДИВИДУАЛЬНОГО СТИЛЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

ТЕЛЕПНЕВА Надежда Николаевна
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова
Доцент кафедры «Педагогика и психология»
город Актау, Казахстан

Аңдатпа

Мақалада педагогтың кәсіптік қалыптасуындағы өзін-өзі дамыту жұмысының маңыздылығы қарастырылады. Жеке кәсіптік даму мәселесі тұлғаның өзіне деген дұрыс көзқарасы менөзін-өзі саналы, сапалы өзгерту арқылы талданған.Инновациялық педагогикалық қызмет жағдайында педагогтың жеке кәсіптік өзін-өзі дамыту қажеттілігі анықталған және негізделген.

Аннотация

В статье отражается важность механизма саморазвития в профессиональном становлении педагога. Проблемы профессионально-личностного развития проанализированы с позиции основного внутреннего механизма развития личности через позитивное отношение к себе, сознательное, качественное изменение самого себя. Выявлена и обоснована необходимость профессионально - личностного саморазвитияпедагога в условиях инновационной педагогической деятельности.

В последние годы возрастает число практически ориентированных исследований по проблемам саморазвития, самосовершенствования, самопознания, смысла жизни человека и вершин его профессиональной деятельности. Различные аспекты саморазвития отражены в исследованиях В.И.Андреева, А.И. Кочетова, О.М.Орлова, Б.Ф. Райского, Г.Н. Каптерева и др.

П.Ф.Каптерев считаетсаморазвитиечеловека - исходной основой всего педагогического процесса, рассматривая внешнюю природу и общество в качестве возбудителейсаморазвития, где берёт своё началопедагогический процесс.Учёныйделает вывод о том, что не передача важнейших культурных приобретений, асаморазвитиеличности выражает сущность педагогического процесса[2.с.170].

Чтобы соответствовать современным требованиям, быть участником процесса формирования личности ребенка,педагогу необходимо быть готовым и способным к активным, компетентным изменениям. В условиях внедрения новых образовательных стандартов, модернизации образования особую значимость приобретает проблема профессиональной подготовки специалистов, свободно владеющих своей профессией, конкурентоспособных на рынке труда.Важным фактором для реализации этих требований выступает профессиональное саморазвитие.

Профессиональное саморазвитие педагогов предполагает наличие у них сформированной профессиональной направленности на осуществление данного вида деятельности, способности к осуществлению профессионального саморазвития и развитость рефлексивных умений. Ученые отмечают, что у педагога есть три пути в определении перспектив своего развития: *путь адаптации, путь саморазвития и путь стагнации.*

1. Профессиональная адаптация понимается, с одной стороны как процесс вхождения индивида в профессиональную среду, усвоение профессионального опыта, а с другой стороны, - процесс активной реализации накапливаемых профессиональных знаний, как выбор оптимального поведенческого решения, предполагающего непрерывное профессиональное саморазвитие. Адаптация дает возможность приспособиться ко всем требованиям системы образования, освоить все виды деятельности, овладеть ролевыми позициями. Трудности профессиональной адаптации связаны с ограниченным видением сферы и путей профессиональной самореализации. Процесс профессиональной адаптации не прекращается с ростом педагогического стажа, он происходит постоянно, требуя от педагогов образовательных учреждений готовности к обновлению и приспособлению к новым условиям изменяющейся образовательной системы.

2.Саморазвитие. Профессионально-личностное саморазвитие педагогасложный процесс, включающий в себя рефлексию своих потенциальных, личностных и интеллектуальных особенностей. Создание программы самосовершенствования на основе самопознания «Я-концепции» - это своеобразный «проект самого себя». Профессионализм, безусловно, не просто приходит с опытом, он зависит ещё и от многого другого: мотивации педагога, содержания работы, интереса к делу, личных способностей и личностных свойств. Составление индивидуального плана и программы саморазвитияиграет в становлении педагога-профессионала немаловажную роль, дает возможность личности на основе выбора определять свой образовательный путь, удовлетворяя потребности в образовании, в получении квалификации в избранной области, в интеллектуальном, физическом, нравственном развитии с учетом сформированности интересов и склонностей, спроса на рынке труда, самооценки возможностей. Реализация намеченного плана напрямую связана с навыками самоорганизации и саморегуляции.

Саморазвитие позволяет постоянно самосовершенствоваться, изменяться, в конечном итоге полностью реализовать себя как профессионала. Современная образовательная ситуация объективно требует становления педагога субъектом собственного профессионального развития. В связи с этим, В. А. Сластенин профессиональное саморазвитие рассматривает как процесс интеграции внешней профессиональной подготовки и внутреннего движения, личностного становления человека. Внешняя профессиональная подготовка задает содержание, формы, профессиональной рефлексии, а внутреннее движение обеспечивает энергию, реализацию личностный смысл профессионального саморазвития. Внешняя подготовка и внутреннее движение являются составляющими процессами профессионального саморазвития[4, с.365].

С возрастомобостряется проблема несоответствия между Я-реальным и Я-идеальным, и в связи с этим, возможны не только возрастные противоречия, возрастные кризисы, но и «кризисы взлёта», развития профессионального сознания, что особенно важно в процессе профессионально-личностного

саморазвития педагога. Наиболее полно процесс саморефлексии, самоанализа и самооценки с психологической точки зрения описал Беспалько В.П. [3,с.103].

Автор выделяет четыре основных компонента профессионального самосознания:«актуальное Я»; «ретроспективное Я;«идеальное Я;«рефлексивное Я», «актуальное Я» является центральным элементом профессионального самосознания учителя и основывается на трех других. По отношению к «ретроспективному Я» дается система критериев оценки собственного профессионального опыта и достижений. «Идеальное Я» дает перспективу личности и обусловливает саморазвитие в профессиональной сфере. «Рефлексивное Я»обеспечивает объективность самооценки.

3.Стагнация наступает тогда, когда учитель останавливается в своем развитии, живет за счет эксплуатации стереотипов, старого багажа и т. п. В результате профессиональная активность снижается, возрастает невосприимчивость к новому, утрачивается даже то, что когда-то позволяло быть на уровне требований. Р. А. Ахмеров выделил негативные факторы, осложняющие процесс профессионального становления педагога. Прежде всего, к таким факторам относятся кризисы[1,с.140].

Кризис нереализованности. Человек начинает думать: «Моя жизненная программа не выполнена», «Жизнь не удалась», «Не повезло». Он не видит свои достижения и успехи или недооценивает их и в своем прошлом не усматривает существенных событий, полезных с точки зрения настоящего и предстоящего.

Кризис опустошенности. Возникает, когда в настоящей жизни слабо представлены актуальные связи, ведущие от прошлого и настоящего в будущее. Человек чувствует, что «выдохся» и не способен на осуществление задуманного.

Кризис бесперспективности. Возникает, когда по тем или иным причинам в сознании слабо представлены потенциальные связи событий, планы, мечты о будущем. Человек, обладая активностью, имея определенные достижения и ценные личные качества, все же затрудняется в построении новых жизненных программ, не видит для себя путей самоопределения, самосовершенствования.

Таким образом, мы полагаем, что профессионально-личностное саморазвитие педагога - это внутренний процесс самоизменения системы, под воздействием собственных противоречий, это процесс качественного,сознательного изменения его личностной сферы, показательиндивидуального стиля профессиональной деятельности.

Список литературы:

1. Ахмеров Р.А. Биографический тренинг при кризисах середины жизни // LifeLine и другие новые методы психологии жизненного пути.- Москва: «Прогресс» - «Культура», 1993.- с.140-151.

2. Власова Е.А. История становления проблемы процесса саморазвития. - М.: Фолио, 2007. - 232 с.
3. Маркова О.И. Профессиональное саморазвитие педагога. - Киев.: Высш. школа, 2004. - 123 с.
4. Сластенин В. А. М.: Издательский Дом МАГИСТР-ПРЕСС, 2000. - 492 с.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӨМІРІНДЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

МАНДАЕВА Айжан Ерикбаевна
Павлодарский государственный педагогический университет
Студент
город Павлодар, Казахстан

ТЕМІРЖАН Арайлым Болатқызы
Студент
город Павлодар, Казахстан

МҰХИДЕН Айсана Марленқызы
Студент
город Павлодар, Казахстан

Аңдатпа

Мақалада болашақ мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттері бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалады. Авторлар педагогикалық құзыреттілікке ие болашақ мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін, оның ішінде, олардың кәсіби дайындықтарын жетілдіруді қалыптастыруға қатысты мәселелерді қарастырады

Аннотация

В данной статье дан анализ научно-педагогической литературы по лидерским качествам будущего учителя. Авторы рассматривают вопросы, касающиеся формирования лидерских качеств будущих учителей педагогической компетентности, в том числе и вместе с совершенствованием их профессиональной подготовке.

XI ғасыр педагогы – рухани дүниесі мен ақыл – өрісі терең дамыған, эстетикалық талғамы мен адамгершілік сапаларды бойына сіңген, көп тарапты әлеуметтік, тарихи білімдермен сусындаған, ақпараттық технологиялармен қаруланған, теориялық білімдері іс-тәжірибеге бағытталған жаңашыл, стратег, бәсекеге қабілетті маман болуы тиіс. Осыған орай болашақ мұғалімдерді,

соның ішінде болашақ мұғалімдерін даярлауда олардың кәсіби педагогикалық құзыреттіліктерін жетілдірумен қатар көшбасшылық сапаларынқалыптастырудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ұйымдастырушылық қабілеті мен көшбасшылық қасиеті бар студенттер арасынан белсенді жастарды, сондай-ақ әлеуметтік жобаларды іске асыру аясында жастар ұйымдарының жетекшілерін даярлау көзделуі де болашақ маманның көшбасшылық қабілетін қалыптастырудың қажеттілігін арттыра түседі [6.12]. Бағдарлама бірнеше мақсаттар мен міндеттерден туындап отыр, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаты: қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [2]. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежедеболуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субьект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты.

Көшбасшылық сапа болашақ мұғалімнің студенттік жылдарында өзін таныту құралы тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге өмірдің қатаң күтілмеген қиындықтары жағдайларына жүйелі бірізділікпен әлеуметтік бейімделуі үшін де аса маңызды болып саналады. Оның үстіне көшбасшылық сапа болашақ мұғалімнің өмірде тез өзгеріп отыратын іс-әрекетті жағдайындағы бәсекелестікке қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік туғызады. XX ғасырдың елуінші жылдары жүргізілген көшбасшылықты анықтаудағы әлеуметтік-психологиялық зерттеулер көшбасшылықтың ішкі және сыртқы механизмдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Көшбасшылық қабілет – көшбасшыға тән адами қасиеттердің, мінез құлықтардың, интеллектуалдық білімдер мен көшбасшылық қабілеттердің, ұйымдастырушылық іскерліктер мен коммуникативтік дағдылардың жиынтығы. Мұндай сапалар адамға көшбасшылық функциялар мен қойылған міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз ете алады. Көшбасшылық

сапаны бірнеше тұлғалық сапаларға бөлектеуге болады, оларды қалыптастырып, дамыта келе, кез келген адам көшбасшы бола алады [1.97]. Қазіргі қоғамдағы жоғары білім берудің көп қырлы құрылымы, еліміздегі жоғары оқу орындарының халықаралық білім беру жүйесіне кіріктірілуі, олардың сол қоғамның талаптарына сай даму мәселелері білім беру саласына жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуді қажет етуде. Бүгінгі оқыту-тәрбиелеу саласында ендіріліп жатқан жаңалықтардың барлығы арнайы даярлықты талап етеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің көшбасшылық қабілетін қалыптасуына мүмкіндік жасау заман талабы.

Осыған орай педагогикалық жоғары оқу орындарының алдында оқушының ұлттық сана-сезіммен, рухани мәдениетімен сабақтасқан отаншылдық ұстанымдары берік, ғылым негіздерімен қаруланған өзіне сенімді көш бастай алатын жеке тұлға болып қалыптасуын жүзеге асыра алатын кәсіби дайындығы жоғары деңгейдегі мамандар даярлау жолдарын қарастыру міндеті тұр [8.243]. Соның ішінде болашақ мұғалімнің өзін-өзі жүзеге асыруын, өзін-өзі дамытуын, батыл, шешімпаз, топқа ықпал ете алатын қабілеттерін дамытуға бағыттау керек. Осыған байланысты, педагогикалық жоғары мектепалдында педагогикалық міндеттерді өз бетінше шешуге қабілетті педагог дайындау міндеті тұрғаны айқын. Олар төмендегі педагогикалық міндеттерді шеше алатындай болуы керек:

-рефлексивті-талдау (тұтас педагогикалық үдерісті, оның элементтерін, туындаған қиындықтарды талдау және қорытынды жасау т.б.);

-жобалау-болжау (тұтас педагогикалық үдерісті құру, жоспарлау, нәтижені және алынған шешімдердің салдарын болжау); [3.86].

-ұйымдастырушылық-әрекеттік (оқу-тәрбие үдерісінің әртүрлі нұсқаларын іске асыру, педагогикалық қызметтің әр алуан түрінің сәйкестігі);

-бағалау-ақпараттық (педагогикалық жүйенің даму болашағы туралы ақпарат жинау өңдеу, сақтау және оны бағалау);

-түзету-реттеу (педагогикалық үдеріс ағымын түзету, қажетті коммуникативтік байланыстар орнату, оларды реттеп отыру және қолдау) [3.87].

Бүгінгі таңдағы қоғам өмірінің барлық саласындағы өзгерістер білім беру саласына да ықпал етуде. Мектептегі білім беру ісі заман талабына сай болу үшін педагогикалық ғылымдардың жетістіктерін өз тәжірибелерінде қолдана білетін, шығармашылықпен ойлайтын, өзінің кәсіби қызметіне талдау жасап, дамыта алатын мұғалімдер қажет. Жоғары оқу орындарының алдында тұрған маңызды міндет осы талаптарға сай мұғалімдер дайындау болып отыр.[7.79]. Жасалған талдау негізінде мұғалім тұлғасын алып қарасақ, оның оқыту мен тәрбиелеу ісін ұйымдастырушы ғана емес, балаға серік, дос, сырлас, кеңесші, жетекші, көшбасшы қызметін де атқаратынын білеміз. Ол үшін оның өзіндік пікірі, қоршаған ортаға оң көзқарасы қалыптасып, таным қабілеті жоғары деңгейде дамыған болуы қажет. Оқушы тұлғасын қалыптастыруға бағдарланған білім беру мұғалім тарапынан әр оқушының өзіндік жақын даму аймағында дербес қабілетін дамытуға түрткі болу, оларды алған білімін кәдеге

асыратын практикалық әрекеттерге баулу, оқушының қолынан келетін істерін қолдау сияқты қиын проблемаларын шешуге көмектесу арқылы жүзеге асады. Осы арқылы оның кәсіби әрекеті қалыптасады. Көріп отырғанымыздай, білім берудің жаңа жүйесіне көшуде мұғалімдердің сыртқы форманы ғана басшылыққа алмауы үшін оның философиясын ұғыну маңызды шарт. Өйткені, оқытудағы басты мақсат – оқушыға таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіктеріне сай пайдасын асыра білу [4.54].

Нәтижесінде болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұнында олардың бәсекеге қабілетілігін дамытуына, қоғамды игі өзгерістермен дамытуға үлес қоса алатын жас ұрпақты тәрбиелеуіне қажетті тұлғалық, кәсіби сапаларды соның ішінде көшбасшылық қабілетін қалыптастыру қажеттігіне көз жеткіздік. Олай болса «мұғалім көшбасшы қандай болуы қажет?» деген сұрақ туындайды. Осы сұраққа жауап беру мақсатында **«мұғалім көшбасшы»** түсінігін анықтауды жөн санадым. Бұған себеп, біріншіден осы ұғым біздің зерттеу мәселеміздің негізгі түйінді сөзі, екіншіден, мұғалім көшбасшы термині қазақстан ғылымында әлі қалыптаса қойған жоқ. Бұл түсінікті «мұғалім көшбасшы» деп алуымызға басты себеп, көшбасшы сөзі мұғалімнің анықтауышы тұрғысынан қолданылмайды, бұл біріншіден, екіншіден – көшбасшының мұғалім арасынан шыққандығына және көшбасшылықты мұғалімдік қызметте көрсетуіне мән беріледі, үшіншіден қазақстан ғылымында қолданысқа енген «саяси көшбасшы» тіркесінің ұстанымы сақталады [2.61].

Педагогикалық мамандықтың басқа мамандықтардан ерекшеленетін ең басты айырмашылығы – бүкіл мамандықтар табындағы орындаушы тобына жатумен қатар мамандықтың басқарушы тобына да жататындығы. Өйткені мұғалім сынып оқушыларын оқытып, тәрбиелеп, дамытып қана қоймай, сол сыныпты басқарады. Осы тұрғыдан мұғалім оқушының рухани дүниесін қалыптастыруға, зияткерлік, эмоционалдық және физикалық тұрғыдан даму үдерісін басқаруға, оқушының жеке қасиеттерінің дамуына ықпал етуге міндетті. Демек, мұғалім осы айтылғандары нәтижелі жүзеге асыру үшін көшбасшы болуы қажет, көшбасшылық қасиеттерге ие болуы керек. Мұғалімнің басқа әлеуметтік топ, қоғамдық топ мүшелерінің арасынан суырылып шығатын көшбасшыдан айырмашылығы, оны мектеп басшылығы тағайындайды. Ал ұқсастығы, қазіргі демократиялық қоғамда мұғалім өз сыныбының көшбасшысы бола алмаған жағдайда, ол мұғалімге оқушылар қарсылық білдіруі мүмкін. Бұл жағдаят мұғалімінің көшбасшылық сапаларын меңгеріп қана қоймай, оларды дамыту қажеттілігін дәлелдейді [5.28].

Мұғалім осы рөлдерді өзінің қызметімен қатар атқара алғанда ғана көшбасшы бола алады:

Мұғалім көшбасшы – стратег. Стратегиялық қырағылыққа, бағыттылыққа ие тұлға. Оның атқаратын қызметіне топтың даму саясатын, болашағын алдын ала болжап білу, ұзақ мерзімді жоспарлар жасау, дұрыс тактика таңдау енеді.

Мұғалім көшбасшы – сарапшы. Осы функцияны атқару тұрғысынан көшбасшы нақты ақпарат беруші немесе білікті маман ретінде сипатталады. Сынып оқушылары, ата-аналар, мектеп әкімшілігі, ұжым мұғалімге осы тұрғыдан қатынас жасайды. [2.37].

Мұғалім көшбасшы – үлгі өнеге. Көшбасшы топтың басқа мүшелері үшін мінезқұлықтың үлгісі болып табылады,яғни олардың кім болатынын және нені жасауы тиістігінің көрнекі көрсеткіші болып табылады.

Мұғалім көшбасшы – мадақтау мен жазалаушы. Көшбасшы топ мүшелерінің іс-әрекетін бақылау мақсатында мадақтау мен жазалау жүйесін қолданады. Көшбасшы әрбір топ мүшесінің іс-әрекетінің жеке мотивациясын, әрбір топ қатысушысына қатысты мадақтау мен жазалаудың өлшемін білуі тиіс. [2.38].

Мұғалім көшбасшы – жаңалық жаршысы. Көшбасшы жаңалыққа жанықұмар, жаңалықашушы, новатор. Бұл оқушылардың алдында оның көшбасшылық тұлғасының жоғарылауына әкеледі.

Мұғалім көшбасшы – дүниетаным өзгертуші. Көп жағдайларда лидер топтық дүниетанымды, көзқарасты құрайтын құндылықтар мен нормалардың дереккөзі болып табылады.

Мұғалім көшбасшы – тәрбиеші. Топ мүшелерін жан-жақты тәрбиелейді, олардың ізгі, игі қабілеттерін шығармашылық тұрғыдан дамытады, жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі.

Мұғалім көшбасшы – әдіскер. Көшбасшы – үйрету, оқыту шебері. Әдістің барлық түрімен қаруланған, инновациялық технологияларды меңгерген.

*Мұғалім көшбасшы – данышпан.*Көшбасшы білімге құштар, білімпаз жан. Топ мүшелерінің алдында мол білімділікті, терең танымдылықты танытады. Шешен сөйлейді [2.39].

Бүгінгі күнге дейінгі мұғалім даярлайтын оқу бағдарламаларына үңіле қарасақ, мұғалімдерді көшбасшы тұрғысынан емес, тыңдаушы тұрғысынан даярлауға басымырақ көңіл бөлінген сияқты. Өйткені олардың тұлғалық құзыреттілігін арттыруға қарағанда оларды бақылауға көбірек мән берілген.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Bogardus E. Leaders and Leadership. -New York, 1934. - P. 138

2. Fairholm G.W. Values Leadership. Toward a New Philosophy of Leadership: N.Y., 1991. 74-80 p.

3. Евтихов О.В. Тренинг лидерства. - СПб.: Речь, 2007. - 256 с.

4. Дилтс Р. НЛН: навыки эффективного лидерства. - СНб.: Нитер, 2002.224с.

5. Кудряшова Е.В. Лидерство как предмет социально-философского анализа: автореф. докт. филос. наук. – М., 1996. – 50 с.

6. ҚР-да білімді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы ҚР Президентінің 2010 ж. 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.

7. Менегетти, А. Психология лидера / пер. с итальянского А.Пиколаева. - Изд. 2-е испр. и доп. - М.: МГУП, 1999. – 144 с.

8. Питер Ф. Друкер. Рынок: как выйти в лидеры: Практика и принципы. Букчембэр: Интернейшел,1992.- 332 с.

ВЛИЯНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ

ТЛЕУБЕРДИЕВАЖанара Кенжегалиевна
Бұл жүйе гиперболалық болып табылады және келесі характеристикаларға ие.

$$\frac{dx}{dt}=U-\sqrt{\frac{g\omega}{B}};\frac{dx}{dt}=U+\sqrt{\frac{g\omega}{B}}.$$

$U>\sqrt{\dfrac{g\omega}{B}}$ болатындай каналдарды қарастырайық, онда екі характеристика да «кетушілер» болады.Осыған байланысты және есеп қойылымына сәйкес (2) теңдеулер жүйесін келесі шекаралық шарттармен шешеміз:

$$\begin{cases} U=U_0, \quad H=H_0 \quad егер \quad t=o, \quad 0\le x\le L, \\ U=U_1(t), \quad H=H_1(t), \quad егер \quad x=0, \quad t>0, \end{cases} \quad (3)$$

бұл жерде $U_1(0)=U_0$, $H_1(0)=H_0$ және толқын өрісінің жетіп бару ұзындығы U орташа жылдамдықпен келесі теңдеумен байланысты

$$\frac{dl}{dt}=U(l,t), \quad (4)$$

$0\le l(t)\le L$, L – канал ұзындығы, $l(0)=0$ бастапқы шартпен шешіледі.l ұзындығына сәйкес келетін уақыт – толқын өрісінің l қашықтыққа жету уақыты. (3) шартта ағынның орташа жылдамдығы мен тереңдігі Шези формуласымен байланысты, яғни $U_0=C_0\sqrt{R_0}i_0$, мұнда C_0, R_0 – Шези коэффициенті мен гидравликалық радиус H_0 су тереңдігіне сәйкес келеді. Осыған ұқсас $U_1(t)$ $H_1(t)$ арқылы өрнектеледі, ал $H_1(t)$ уақыт бойынша келесі заңға сәйкес өзгереді:

$$H_1(t)=H_0+a_0(1-e^{-\gamma_0 t})$$

мұнда a_0 – су өткізу құрылмасының ашылу дәрежесі; γ_0 - ашылудың жылдамдық дәрежесі.

(2), (3) есепті шешу үшін алдымен өлшемсіз шамаларға көшеміз:

$$U^*=\frac{U}{U_{XAP}}, \quad H^*=\frac{H}{H_{XAP}}, \quad x^*=\frac{x}{L}, \quad t^*=\frac{U_{XAP}{}^t}{L}, \quad (5)$$

және қарапайым итерация әдісін қолдана отырып сызықтық емес мүшелерді сызықтыққа айналдырамыз, кейін $\vec{Y}=\begin{pmatrix} U^* \\ H^* \end{pmatrix}$ векторын енгізіп есепті векторлы – матрицалы түрде жазамыз.

$$A_*^{(s)}\frac{\partial \vec{Y}}{\partial t^*}+B_*^{(s)}\frac{\partial \vec{Y}}{\partial x^*}=\vec{D}_*^{(s)} \tag{6}$$

$$\begin{cases} \vec{Y}=\vec{Y}_0 & егер \quad t^*=o, \quad 0\le x^*\le 1, \\ \vec{Y}=\vec{Y}_1(t), & егер \quad x^*=0, \quad t^*>0, \end{cases} \tag{7}$$

мұнда $S=0,1,2....$ - итерация нөмірі. $S=0$ болғанда белгісіздердің бастапқы мәндері, яғни $t=0$ болғандағы мәндер қабылданады. Хар индекс деп характеристикалық шамалар белгіленген, $H_{хар}=H_0+a_0$, $U_{хар}$, $H_{хар}$ арқылы Шези формуласы бойынша сипатталады.

(6),(7) есеп шекті айырмалар әдісімен шешіледі [3,4]. Бұл кезде симметрияланған туындылары бар екі қабатты төрт нүктелі айқын емес схеманы пайдаланамыз. Есептеулер толқын өрісінің каналдың соңғы қимасына жеткен кезде тоқтатылады, (5) формулалар бойынша өлшемді шамаларға қайта оралып, U орташа жылдамдық пен H су тереңдігінің өзгерістерін табамыз. Бұл функцияларды біле отырып Q су мөлшері мен q фильтрацияға кеткен шығынды анықтаймыз. Әрі қарай (4) теңдеуін Рунге-Куттаның төртінші ретті дәлдік әдісімен шешіп жету ұзындығын анықтаймыз, демек, толқынның берілген қашықтыққа жету уақытын да.

Нәтижеде толқын өрісінің жету уақытының, су деңгейінің және фильтрацияға кеткен шығынның өзгерулері ағыстын әртүрлі параметрлеріне сәйкес анықталған.

Көлденең қиманың әртүлі формалары үшін есептеу нәтижелерін салыстыра келе (аудандары бірдей болғанда) ең жақсысы болып, яғни толқын өрісінің берілген қашықтыққа жылдам жету мағынасында ең жақсы болып көлденең қиманың параболалық формасытабылады, яғни параболалық форма кезінде ағысқа кедергі ең аз болады.

Канал түбінің көлбеулігінің жоғарылауымен және кедір-бұдырлық коэффициентінің төмендеуімен фильтрациялық шығыназаяды,яғни орташа жылдамдық өсіп фильтрацияға кедергі жасайды.

Есептеулер нәтижелері тәжірибелік жұмыстар қорытындыларымен сапалық жағынан сәйкес келеді және ауытқу 14% аспайды.

Әдебиеттер

1. Железняков Г.В. Пропускная способность русел каналов и рек. –Л.: Гидрометеоиздат, 1981.-311с.

2. Кучмент Л.С., Демидов В.Н., Мотовилов Ю.Г. Формирование речного стока. – М.: Наука, 1983.- 216с.

3. Калиткин Н.Н. Численные методы. – М.: Наука, 1978.-512с.

4. Кюнж Ж.А., Холи Ф.М., Вервей А. Численные методы в задачах речной гидравлики. – М.- Л.: Гидрометеоиздат, 1985.-255с.

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

ШАМАХАЙ Жанар Шамахайқызы
Тұран-Профи
қалалық шаруашылық колледж
педагог-психолог
Астана қаласы,
Қазақстан

Аңдатпа

Девиантты мінез-құлықты балалардың дені өтпелі кезеңге сәйкес келетіндігі олардың азаматтық қалыптасуында әлеуметтік орта тарапынан болған мұқтаждықтарына көмектің дер кезінде көрсетілмеуінен туындайды.

Жалпы қоғам өмірінің барлық салалары көптеген өзгерістерге, бұрынғы мінез-құлық нормалары құлдырауға ұшырапжатқан кездедевиантты мінез-құлықмәселесі еліміздегіерекше өзекті мәселе болыптұр. Сондықтан жасөспірімдердің жат мінез-құлықтарымен күресу мәселесі жас мемлекетіміздің алдында тұрған күрделі мәселе болып табылады. Мектептегі педагогтар, психологтар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде сабақтан көп қалатын, тәртібі нашар, білім деңгейі төмен, ашуланшақ, ата-аналар мен ұстаздарды тыңдамайтын, бұзақылықтар жасайтын балалармен жиі кездеседі. Көбіне зерттеушілер мұндайоқушыларды «Қиын оқушылар», «Мінез-құлқында ауытқуы бар балалар», «Девиантты балалар» деп қарастырыпжүр. [4]

Девиантты мінез-құлық және қиын балалар ұғымына келетін болсақ, ол 1920-1930 жылдары пайда бола бастады. Бастапқыда ғылым саласында емес, күнделіктіөмірде қолданылып жүрді. Біраз уақыт ұмытылып, 1950-1960 жылдардың басында қайтадан қолданысқа енді.[1]

Жасөспірімдік кезең - ең қиын, әр түрлі бұзақылықтардың пайда болатын және сонымен қатар достық нормаларды игеруіне сәтті кезең болып табылады. Жасөспірімге тән қасиет - өзіндік тәуелсіздік, дербестік, басқаға бағынышты болмау. Сол себептен, өзінің күш-қуатын, жеке басының мән-мағынасын түсінуге ұмтылыс жасайды. Оны ұғынуға мүмкіндіктерді

мектептегі оқу-тәрбие мен еңбек процесіне қатыстарынан байқалады. Себебі, девиантты мінез-құлықты балалар типтік ерекшеліктеріне байланысты тіршілік қиыншылықтарына кезігіп, оны жеңіп шығуға ішкі жай-күйі жол таба алмай әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қорғалынбайды. Содан девиантты мінез-құлықты бала ешкімге керегім жоқ деген сезімге беріліп кінәны үлкендерге теліп айналасымен жан-жалдасуға, ұрыс-төбелеске бейімделеді. Қажеттіліктің орнын толықтырудың жолы – бос уақытын мақсатсыз пайдалану, мектеп тәртібін ұстамау, заң нормаларын бұзу, қылмыстық істер жасау . [6]

«Девиантты мінез-құлық және оның алдын алу жолдары» Девианттымінез-құлық деген не? Жасөспірімдік кезеңдегі девиантты мінез-құлық.Жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықтың алдын алу. Адам қайғысы – заман қайғысы. Девиантты мінез-құлық – жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын алеуметтік іс- әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары; қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез- құлқы. «Девиант» сөзі латынша«debiamio», яғни «ауытқу» мағынасын береді. Кең мағынасында девиантты мінез-құлық кез келген әлеуметтік ережелерден ауытқушылықты білдіреді.[1]

Девиантты мінез-құлықтың себебі, негізгі көзі неде? Девиацияны зерттеген көптеген ғалымдар девиантты мінез- құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Олардың пікірінше негізгі факторлар:жанұяда берекенің болмауы;ата-ананың “ерекше” қамқорлығы;тәрбие берудегі кемшіліктер;өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;өмірлік дағдының болмауы, айналасындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы; сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау; психоактивті заттарды жиі пайдалану;агрессиялық жарнамалың ықпалды болуы;мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамыуы;балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары; Зерттеулерге сүйенсек, қызуқанды мінез-құлық отбасы қатынастарында қалыптасады. Осы жағдайлармен қатар қызуқандылықтың дамуына алып келетін мына жағдайларды көрсетуге болады: -жиі болатын ата-аналар арасындағы ұрыс-жанжалдар; -ата-аналардың бірін-бірі және балаларын сыйламауы; -балаларға қарау мен бақылаудың болмауы; -жасөспірімдердің пікірін елемеу; -ата-аналардың тиісті жылылықты бере алмауы; -балалардың ар- намысына тию; -тәрбие жүйесінің сапасыздығы. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады:

1. балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;
2. оның жағымды қасиеттеріне сүйену;
3. оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;

4. оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;

5. салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауыпсыз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану Девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру. [5]

Балаларда, жеткеншек жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықтың алдын алу үшін не істеуіміз керек? Бұл үшін ең алдымен балаға жастығынан дұрыс тәрбие беру керек. Баланың бойына әдептілік белгілерін сіңіру керек. Әдеп дегеніміз жақсы тәрбие, адамдармен жақсы мәміледе болу, көркем мінез, ар-ұяттылық, сыпайылық. Әдеп - ешбір ұры ұрлай алмайтын құнды қазына. Әдеп – адам мен жануарды ажырататын айырмашылық. Хазреті Омар: «Әдеп –ілімнен бұрын келеді»,- деген. Ибн Мүбәрәк: «Барлық ілімдерді білетін адамның әдебінде кемшілік бар болса, онымен көріспегеніме өкінбеймін, мұны өзіме зиян деп білмеймін. Бірақ әдепті адаммен көрісе алмасам өкінемін»,-деген. Қазақ халқыда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген нақыл сөз бар. Қандай тауып айтылған сөз. Тәрбие отбасынан басталады. Бала тәрбиесі өте қиын және де қызық. Егер балада девиантты мінез-құлық белгілері байқалса, ата-анамен ұстаз оның себебін анықтап, бірге жұмыс атқарулары қажет.[2]

«Адам қайғысы – заман қайғысы» деп текке айтпаған. Сондықтан да аға ұрпақ өмірде қиындыққа тап болған, тұра жолдан адасқан адамға қол ұшын берген. Осындай әділетті ұрпақтың сенімін ақтай отырып, ол бала болсын, жасөспірім немесе жасы үлкен кісі болсын ауыр күнінде жәрдем беру біздің адамдық парызымыз. Қәтелікке жол берген баланы кешіре білу, оның жағымды қасиеттеріне сүйену, балаға ілтіпатпен, ізгі тілектестікпен қарау, оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сене білу керек. Баланың азда болса жетістіктерін марапаттау,өз-өзіне болған сенімін арттыру және бағасын көтеру тәрбиенің бір бөлігі болып есептеледі. Біз, ата- аналар және ұстаздар баланың жан дүниесін түсініп, бірге жұмыс істесек, қоғамдағы арты өкінішке алып баратын оқиғалардың алдын алған боламыз. Қытай халқының: «Шешуі жоқ жағдай болмайды, тек дұрыс шешім қабылданбаған жағдай болады» деген аталы сөзін келтіре отырып, тәрбиеледе түзелмейтін бала болмайтынын, барлық балаларды тәрбиелеу мүмкін екендігін айтқым келеді. Біз перзенттерімізге дұрыс тәрбие беріп, салауатты өмір салтын ұстанып, ата-бабаларымыз киелі санаған салт- дәстүрден аттап өтпей, тіліміз бен дінімізді келешек ұрпаққа жеткізсек, адамдық және азаматтық міндетімізді атқарған боламыз.[3]

Осы мәселелерді ескере отырып біз балалар мен жасөспірімдердің тұлғасы мен мінез-құлқындағы жат қылықтардан арылту үшін төмендегідей жұмыстар жасалу керек деп ойлаймыз:
Ол үшін: “Менің отбасым ”, “Мен не үшін ата-аналарымды жақсы көремін (сыйлаймын)”, “Мен бос уақытымды қалай өткіземін? ” деген тақырыптарға

шығарма жаздырып, содан көп нәрсені білуге болады.Үшіншіден, істелген жұмыстың бәрі алдын-ала, терең , жан - жақты ойластырған болуы керек.

Жасөспірімдік шақта балалардың қызығушылығы арта түседі, әлде бірдеңеге бейімделгіш келеді, мінезі ерекшеленіп, өзінің өмір жолына көз жіберіп, ой елегінен өткізуге тырысады, оқудың мәнін, мақсатын түсініп, ұжымдағы өз орнын білгісі келеді. Жасөспірімдер мен жастардың жат қылықтарға әуестенуінің негізгі себебі: білімінің төмендігі, мәдениет деңгейінің жеткіліксіздігі, ең бастысы, қызығушылықтың шектеулілігі, қоғамдық пайдалы іске деген ниеттің жоқ болуы. [7]

Девиантты мінез-құлықты көбіне жасөспірімдер арасында кездестіреміз. Себебі жасөспірімдік кезең - ең қиын, әр түрлі бұзақылықтардың пайда болатын және сонымен қатар достық нормаларды игеруіне сәтті кезең болып табылады. Жасөспірімге тән қасиет - өзіндік тәуелсіздік, дербестік, басқаға бағынышты болмау. Сол себептен, өзінің күш-қуатын, жеке басының мән-мағынасын түсінуге ұмтылыс жасайды. Оны ұғынуға мүмкіндіктерді мектептегі оқу-тәрбие мен еңбек процесіне қатыстарынан байқалады. Себебі, девиантты мінез-құлықты балалар типтік ерекшеліктеріне байланысты тіршілік қиыншылықтарына кезігіп, оны жеңіп шығуға ішкі жай-күйі жол таба алмай әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қорғалынбайды. Содан девиантты мінез-құлықты бала ешкімге керегім жоқ деген сезімге беріліп кінәні үлкендерге артып айналасымен жан-жалдасуға, ұрыс-төбелеске бейімделеді. Қажеттіліктің орнын толықтырудың жолы-бос уақытын мақсатсыз пайдалану, мектеп тәртібін ұстамау, заң нормаларын бұзу, қылмыстық істер жасау. [8]

Тұжырым:

- девиантты мінез-құлықты балалардың қоғамда болуы әртүрлі әлеуметтік ықпалдардың және тәрбие институттарының қызметіндегі олқылықтардың нәтижесінде пайда болады;

- девиантты мінез-құлықты балалардың дені өтпелі кезеңге сәйкес келетіндігі олардың азаматтық қалыптасуында әлеуметтік орта тарапынан болған мұқтаждықтарына көмектің дер кезінде көрсетілмеуінен туындайды;

- кез- келген қайта тәрбиеленетін немесе қайта әлеуметтік ортаға қайтарылған бала реабилитациялық қамқорлықты қажетсінеді.

Қорыта айтқанда, девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: "әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды,бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбады" деген ой пікірге сүйене отырып,баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай,оларды қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп,ары қарай қалыптасып дамуына,әлеуметтенуіне көмектесу қажет. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық,жолдастық, туыстық,сүйіспеншілік,махаббат т.б) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында

девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан мектебі 2002 ж. №1
2. Мектепьегі сыныптан тыс жұмыстары. 2007 ж. №5
3. Миренский Б.А. “Семья и подросток” Ташкент. Укитувчи. 1991.
4. Шнейдер Л.Б. “Девиантное поведение детей и подросков”. 2005.
5. Акажанова А.Т. Девиантология. - Алматы, 2009. – Б.8.
6. Балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы психологиялық және педагогикалық мәселе жөнінде.-www.rusnauka.com/14_ENXXI_2014.
7.Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. - Алматы, 2010. – Б.196, 198, 201.
8.М. Жұмабаев «Педагогика» Алматы, 2008 ж.- Б 214, 224
9.Жасөспірімдердің ауытқушы мінез-құлқының негізгі түрлерінің психологилық сипаттамасы.-http://www.kazakh.ru/talk/mmes.phtml?

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ (1991-1997ЖЖ.)

БЕГИМБАЕВА Жибек Сагинбаевна
Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова
Кандидат исторических наук, доцент кафедры Отечественной истории и исторических наук
город Актобе, Казахстан

ШУРЕНОВА Айдана Шуренкызы
Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова
студентка 4 курса исторического факультета
город Актобе, Казахстан

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және дипломатиясының дамуы қарқыны жан жақты тарихи тұрғыда талданып көрсетілді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдан бастап дипломатиялық қатынастардың дамуы, сыртқы саясатының басым бағыттары қарастырылған.

Аннотация

Внешняя политика Республики Казахстан, как независимого государства начинается со времени провозглашения суверенитета. В этой

статье показана история формирования основных направлений и темпов развития внешней политики и дипломатии Республики Казахстан в первые годы независимости.

1991 жылғы 16 желтоқсанда «ҚР-ның Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңның қабылдануыменжаңа мемлекет құрылды.Президенттің өзін тәуелсіз елдің саяси көшбасшысы ретінде көрсеткен алғашқы мәселесі ядролық мұра туралы болды. 1991 жылғы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлық шығарылды, ал 1994 жылғы 5 желтоқсанда Будапештте ЕҚЫК-ның кеңесінде Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың депозитарийлері – Ресей, АҚШ, Ұлыбритания тарапынан Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігі туралы меморандумға қол қойылды [1, 326 бет].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы саяси қадамдарын жасаған елпрезиденті Н.Назарбаев ерен тұлғалы көшбасшылық қасиеттерге ие және өзін-өзі баламалы түрде бағалай білетіндігін айтып кеткен жөн. Өз бойында көшбасшылықтың ерекше дарынды, парасат-пайымы мол, емен-жарқын және дәстүрлі тұрпаттағы белгілерін тоғыстырған, мұныңөзі осындай дәрежедегі саясатшылардың арасында өте сирек кездеседі. Өзгермелі жағдайға тез бейімделеді. Стратегия мен тактиканышебер ұштастырады, келешек пен бір сәттік мақсаттар арасында қарама-қайшылықтар туа қалған жағдайда стратегиялық жоспарлауға басымдық береді [2, 23бет].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін өзінің көп векторлы саясатын қалыптастыра бастады. Қазақстан екі жақты қатынас орнатқан елдердің арасында Қытай Халық Республикасы болды. Қытайдың импорттың жалпы көлеміндегі үлесі 48%-ды құрайды. 1990 жылғы 23 қарашада Алматыда ҚР-сымен ҚХР-дың Шыңжан-Ұйғыр автономиялық районы (ШҰАР) арасында экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қойылды. Алматы-Үрімші әуе желісі ойдағыдай жұмыс істеді, 1991жылдан бастап Достық-Алашанькоу теміржол өткелі жұмыс істей бастады. Қытай жағының шақыруымен 1991 жылғы 9 шілдеден 16 шілдеге дейін Президент Н.Ә.Назарбаев бастаған Қазақ КСР-нің мемлекеттік делегациясының сапары болды. Сапардың қорытындысы бойынша үш келісімге қол қойылды, олар: «Қазақ КСР-і мен ШҰАР(ҚХР) арасындағы ынтымақтастықты дамытудың принциптері мен негізгі бағыттары туралы», «Достық (КСРО-Алашанькоу (ҚХР) шекаралық теміржол өткелін халықаралық туризмді дамыту үшін тиімді пайдалану туралы Қазақ КСР Үкіметі мен ШҰАР(ҚХР) арасындағы «Келісім», «Қазақ КСР Үкіметі мен ҚХР ШҰАР арасындағы Сауда келісімі» [3, 68бет].

1992 жылдың 24 ақпанынан 28 ақпанына дейінгі кезеңде Премьер-Министр С.Терещенко бастаған ҚР-сы Үкіметінің делегациясы ҚХР-ға ресми сапармен барды. Келіссөздердің нәтижелері бойынша 10 Келісім мен хаттамаларға және Үрімші қаласындағы хаттамаға қол қойылды, сондай-ақ ҚР-сы ҚХР арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шартты әзірлеуге жәрдемдесуге тиіс Бірлескен мазмұндамаға қол қойылды. Олардың арасында

ҚХР-дан Қазақстанға 6 миллион АҚШ доллары сомасындағы жабдық пен тауарлар жеткізу үшін мемлекеттік несие туралы келісім; сауда-экономикалық және ғылыми-теникалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай комиссиясын құру туралы келісім; автомобиль тасымалы мәселелері жөніндегі хаттама; теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастықты нығайту жөніндегі хаттама; әуе көлігін пайдалану туралы хаттама бар [3, 76 бет].

Қазақстанның Қытаймен энергетикалық ынтымақтастығының басталуына 1997 жылы ҚХР мемлекеттік кеңесінің премьері Ли Пэннің Қазақстанға сапары барысында негіз қаланды. 1997 жылы 24 қыркүйекте Қазақстан Республикасы мен ҚХР үкіметтері «Мұнай мен газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойды. 1990 жылы қазанда Алматыға Сингапур бизнесімені Джордж Ву келді, ол «Ист Коуст Рэкринейшнл сентер» және «Аэромарин Сингапур» компанияларының президенті болатын. Болған келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан Республикасының СЭБМ (Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі) мен аталмышфирмалар арасындағы Қазақстан Астанасында халық тұтынатын түрлі тауарлар сататын дүкендер ашуға Республика аумағында жаңа өндірістер құруға қатысты ниет туралы екі хаттамаға қол қойылды. Республикада Сингапур капиталы қатысатын екі БК – жарғылық қоры 200 мың сом, компьютерлік техника өндіру, сату және қызмет көрсету жөніндегі «Каз-Фер-Импекс» қазақ-сингапур-бангладеш БК, жарғылық қоры 100 мың сом, құрылыс материалдары мен халық тұтынатын тауарлар өндіретін «ЭКАС» қазақ-латыш-сингапур БК (Өостанай қаласы) тіркелді. Сингапур Республикасының аға министрі Ли Куан Ю-дің 1991 жылғы 18-26 қыркүйекте Қазақстанға келген сапары Қазақстан Сингапур қатынастарының дамуына үлкен серпін берді [37, 18-19 бет].

Қазақстанның Үндістанмен байланысының басталуына 50-ші жылдардың ортасында Үндістанның премьер-министрі Д.Нерудің қызы Индира Гандимен бірге келген сапары негіз қалады. 1989 жылдың 1991 жылға дейінгі кезеңінде біздің Республиканың ғылыми мекемелеріне Үндістанның 10 ғалымы мен маманы келді, онда бірлескен зрттеулер жүргізілді және ынтымақтастық мәселелері талқыланды [4;162].

Қазақ КСР СІМ Республикасының Мемлекеттік жабдықтау комитетімен бірге Иран Ислам Республикасының ИИРСІМ бас директоры Мұртаза Банк бастаған делегециясымен келіссөз жүргізді, ол Алматыда 1991 жылдың 1 масымынан 3 маусымына дейін ресми сапармен болды. Келіссөздің нәтижелері бойынша өзара түсіністік Меморандумына қол қойылды, ол келешекте екі ел арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою үшін іргелі құжат ретінде қызмет етті. Құжатта экономикалық және ғылыми ынтымақтастықтың, екі республика арасындағы мәден қатынсатрды дамытудың негізгі принциптері мен бағыттары атап көрсетілді және оларды өзара тиімді әрі тату көршілестік негізінде орындауға екі жақты ұмтылыс білдірілді [5, 210бет].

1991 жылғы желтоқсанда экономикалық істер жөніндегі мемлекеттік министр С.А.Али мырза бастаған Пәкістан ислам Республикасының

делегециясы Алматыда ресми сапармен болды. Сапар нәтижесінде өзара түсіністік туралы меморандумға және сауда- экономикалық ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қойылды [3, 65 бет].

Қазақстанға жеткізілім көлем бойынша ГФР екінші орын алды. Республиканың сыртқы сауда айналымында оның үлесі 1991 жылдың қорытындысы бойынша 6,8%-ға тең болды. Республиканың кәсіпорындары мен ұйымдары 1992 жылдың бірінші тоқсанында 754,7 миллион сомның тауарларынэкспортқа шығарды. Бұл кезеңде Қазақстан Германиядан жалпы сомасы 89,1 млн сомның тауарларын сатып алды.

1992 жылғы мамырда ҚР Президенті Н.Назарбаев АҚШ-қа ресми сапармен барды. Сапар және Дж.Бушпен келіссөз барысында екі ел арасында өзара түсіністік орнатуға жәрдемдескен құжаттарға қол қойылды, олар: «Жәрдемдесуді жеңілдету бойынша ынтымақтастық жөніндегі келісім», «Күрделі жұмсалымды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім» [6,183 бет].

1991жылы Қазақстанды 108 шет мемлекет таныды, 70 шет мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатылды. Алматыда 21 шетелдік елшілік ашылды, Қазақстанның дипломатиялық миссиясы Вашингтонда, Мәскеуде, Пекинде, Анкарада және Нью-Йоркте жұмысын өрістетті. 1992 жылы СІМ-нің қатысуымен принциптік сипаттағы көп жақты және екі жақты 13 құжат, сондай-ақ ағымдағы проблемалар бойынша 30 шақты келісім, мазмұндама меморандум жасасылды. Президент Н.Назарбаев Үндістанға, Пәкістанға, АҚШ-қа, ГФР-ге, Францияға, Иранға, Түркияға, Финляндияға жасаған жоғары мәртебелі деңгейдегі сапарларының Қазақстан егемендігін халықаралықтанылуын қамтамасыз ету тұрғысынан маңызы ерекше зор болды. Бір жыл ішінде 20 мемлекет және үкімет басшылары Алматыға ресми сапармен келді. Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Молдовамен, Беларусьпен, Армениямен, Тәжікстанмен шартпен келісім жасасылды. ТМД шеңберінде алдын алу дипломатиясының тетіктерін қалыптастыру қызметінің негізгі бағыттарының бірі болды. Республика Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндеі кеңестің қызметіне қосылды. Н.Назарбаев бастаған делегацияның ЕҚЫҰ-на мүше елдер үкіметтері мемлекет басшыларының Хэльсинкидегі кездесуінің жұмысына қатысуы шешуші іс- шара болды, оның барысында Хэльсинкидің қорытынды актілері принциптерінің Азияда қолданылуы жөніндегі Қазақстанның маңызды бастамасы ұсынылды, сондай-ақ біздің мемлекеттің басшысы Париждегі жаңа Еуропа үшін хартиясына қол қойылды [1, 131-132 бет].

Қазақстан Түркия өзара қатынастары неғұрлым белсенді түрде дамыды. Н.Назарбаевтің 1991 жылғы қазанда Анкараға ресмисапармен баруы аса маңызды оқиға болды. 1992 жылғы қазан-қараша айларында Н.Назарбаев Тегеранда ресми сапарда болды, оның барысында Қазақстанмен Иран арасындағы екі жақты ынтымақтастықтың принциптері туралы іргелі құжаттарға қол қойылды, олар: өзара түсіністікпен ынтымақтастық туралы декларация; сауда-экономикалық ынтымақтыстық туралы келісім; көлік

саласындағы ынтымақтыстық дамыту туралы хаттама; сауда экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкімет аралық комиссия құру туралы хаттама және басқа бірқатар хаттамалар. 1992 жылы Таяу және Орта Шығыстың 16 мемлекетімен дипломатиялық қатынас орнатылды.1991 жылы Қазақстан халықаралық валюта қорына, әлем банкіне, Еуропалық ұайта құру және даму банкіне, Азия даму банкіне, экономикалық ынтымақтыстық ұйымына кірді. 1992 жылы мамырда біздің Республика ЮНЕСКО-ға, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына мүшелікке өтті, басқа халықаралық ұйымдармен байланысты жолка қойды.

Әлемнің түрлі елдерінде Қазақстан Республикасының алғашқы елшіліктерінің пайда болуы Қазақстан үшін тарихи оқиға еді. Халықаралық қатынастар жүйесінің бастапқы қалыптасуы кезеңінде ҚР-ы СІМ орталық аппаратының негізгі күш жігері шет елдермен ынымақтастықтың саяси, сауда экономикалық, қаржылық, әскери, ғылыми техникалық және гуманитарлық құжаттарын шарттық құқықтық рәсімдеуге бағытталды [7, 21-22 бет].

XXI ғасырдың жаһандық проблемалары жалпы ғаламшарлық сипатта орын алды және біржақты өктемдік жолымен емес, барлық өркениеттердің мүдделі өзара іс қимылдар негізінде шешілуі мүмкін. Күн тәртібіне мынадай проблемелар қойлып отыр:

●Демографиялық проблема – түрлі бағыттардағы қарам қарсы векторларымен халықтың жалпы санының ұдайы өсуі;

●Экологиялық проблема – қоршаған ортаның ластануының арат түсуі және климаттың өзгеруі әсерінен минералдық, су, орман ресурстарының бірқатар түрлерінің келешекте сарқылуы;

●Технологиялық проблема – технологиялық артта қалудың күшеюі мен бәсекеге қабілеттілігінен айырылуы жағдайында өндірістің постиндустриялық технологиялық тәсілдері мен технологиялық уклады дамыған өркениеттер шағын шоғырының монополиялық өктемдігі,

●Экономикалық проблема – байлықтың «Алтын миллиард» өркениетінде шамадан тыс шоғырланып, адамзаттың қалған бөлігінде тұрмыстың деңгейі мен сапасы жөнінен шектен тыс кереғарлықтың орын алуы, ресурстарда трансұлттық корпороциялар (ТҰК) мен әлемдік жарты орталықтары арқылы қуатты елдердің сорып алуы;

●Геосаяси проблема – Батыс Еуропа өркениетінің қолдауы, өзге өркениеттер қарсылығының күшейе түсуі жағдайында солтүстік американдық өркениет тарапынан бір полялы дүниені тануға және жалпы ғаламшарда өкетемдік орнатуға тырысуы және оған қарсы тұрушы өркениеттердің бірі бірімен қақтығысына ұласу қаупі;

●Социологиялық мәдени проблема – ескі және жаңадан орныгып жатқан интегралдық құрылыстың тайталасы, «миды тазарту» мен қуатты ақпарат ағындарының күшеюі [1, 332-333 бет].

Жаһандану мен қайта өзгеріске түсу үрдістері пікір алысуды және әріптестікті талап етеді, мұның өзі XXI ғасырдың өркениеттік императивіне айналды, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының жаңа мыңжылдықтың алғашқы

жылын өркениеттер арасындағы пікір алмасу жылы деп жариялауы және 2001 жылдың 9 қарашасында өркениеттер ынтымақтастығының мақсатын, іс қимыл бағдарламасы мен тетіктерін айқындаған «өркениеттер арасындағы пікір алмасу үшін ғаламдық күн тәртібін» қабылдауы кездейсоқ емес.

Әлемдік қоғамдастықтың тәуелсіз жас мемлекетті мойындауы және Қазақстанның қазіргі заманғы дипломатиясының орнығуы оның мемлекеттігінің қалыптасып, нығаюымен, экономикалық реформаладың іске асырылуымен және Қазақстан қоғамының демократиялық құқықтық негіздернің құрылуымен тығыз байланысты. Қазақстанның сыртқы саяси қызметінің тұжырымдамалық негіздері тым қиындықпен қалыптасты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бұл үрдістің күрделілігі көбінесе мемлекет ішіндегі әлеуметтік экономикалық қиындықтарға ғана байланысты болмады, сонымен бірге жас мемлекеттің халықаралық қоғамдастықпен өзара іс қимылының тиісті заң жүзіндегі базасының болмауы мен де байланысты туындады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – Алматы: «Атамұра», 5 том, 2010. – 685б.
2. Бипкова О., Щенников В. Президент Казакстана Нурсултан Назарбаев (политический портрет). // Азия и Африка сегодня. – М., 1995.
3. Сырожкин К.Л. Казакстан – Китай: от приграничный торговли к стратегическому партнерству: Монография: В трех книгах Книга 1. В начале пути.- Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010.- 2336 с.
4. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік кіндігі. - Астана : «Елорда», 2001. - 304б.
5. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. - Алматы: Атамұра, 2003. - 256б.
6. Казакстан сегодня: монография / Под. Ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. - 416с.
7. Әмірбеков Ш., Сұлтанғұлова Ж., Мұқашев М. Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы/ Оқиғалар жылнамасы. - Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы»,2010. - 464с.

Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. - Алматы: Атамұра, 2003. - 336 б.

КҮЙ ТӨРЕСІ КӨКІЛ

НҰРСҰЛТАН А.Е
№2 Өнер мектебі домбыра пәнінің мұғалімі
Астана, Қазақстан

Қазақтың рухани әлеміндегі шоқтығы биік өнер саласы – күй туралы зерттеу еңбектерін аз деуге де, көп деуге де болмас. Қазақ өнертануының атасы – Ахмет Жұбановтың «Құрманғазы», «Дәулеткерей», «Ғасырлар

пернесі», «Замана бұлбұлдары» сияқты шығармаларынан бастап бүгінгі сүбелі туынды Ақселеу Сейдімбековтың «Қазақтың күй өнеріне» дейінгі аралықта талай еңбектердің болғаны рас. Алайда әр зерттеудің өзіндік ерекшелігі болады. Біреуінде тарихи шолу басым болса, біреуінде өмірбаяндық деректер молырақ, енді бірінде тақырыптық талдау жағы басым. Мұның бәрін ізденістің нәтижесі деп қараған жөн. Ұлттық өнертану ғылымы осылай бірте-бірте жүйеге түседі. Өнер саласында соңғы 15-20 жылдың көлемінде Қазанғаптың мұрасына деген қызығушылық арта түсуде. Оның негізгі себебі – Қазанғап күйлерінің сұлу сазға, мұң мен философияға толы терең мазмұнда жатқаны даусыз. Оның әр күйінен жеке адамның емес, бүкіл елдің жан күйзелісі, қайғы-қасіреті, бастан кешкен тарихы сезіліп тұрады. Солай десек те, Қазанғап күйлерінің жұртшылыққа кеңінен танылып, ұлттық ықыласқа көтерілуіне себепші болғандардың бірі де бірегейі белгілі домбырашы Сәдуақас Балмағамбетов екенін мойындаған жөн. Сәдуақас Қазанғап күйлерін қайта сөйлеткен, оның орындалу тәсілін жаңа сатыға көтерген ойлы да, шебер күйші, әрі домбырашы. Ел аралап жүріп, оның көптеген күйлерін іздеп тауып, жарыққа шығарды. Қазақтың күйлері кезінде нотаға түспеген, орындаушылардың жеткізуі арқылы тараған. Әр домбырашының орындаушылық ерекшелігіне, шеберлігіне, күйді түсінуіне байланысты күйлердің әр түрлі варианттары пайда болған. Сондықтан күй тарихын күйшілердің орындаушылық ерекшелігімен байланыстыра отырып, зерттеу оң құбылыс. Бір күйдің бірнеше вариантын естіп, салыстыру арқылы түпнұсқаны көзге елестетуге болады. Бұл тұрғыдан келгенде, осы уақытқа дейінгі ғылыми-зерттеу еңбектерде қазақтың күйлерінің шығу тарихының жиналуына, жүйеленуіне, жанрлық ерекшеліктерін саралауға, категориялық ұғымдар жүйесіне, поэтикасына (көркемдігіне) айтарлықтай мән беріліп келгені белгілі дәрежеде арнайы зерттеудің обьектісі болып келгені ақиқат. Алайда, бұл мақаламызға арқау болып отырған қазақтың дәстүрлі күй өнерінің жан-жақты қырлары мен күйлердің шығу тарихы жайында жол-жөнекей айтылған пікірлер болмаса, бұл тақырып осы уақытқа дейін арнайы зерттелген емес. Яғни осы уақытқа дейін қазақ музыкасының, дәлірек айтқанда, қазақтың күй өнерінің бір ғана қырына-күйдің таза музыкалық сипатына, қасиеттеріне баса назар аударылып келгені аңғарылады. Ал, күйшілік дәстүр, әсіресе күйшілердің орындаушылық ерекшелігінің табиғаты, күйлердің шығу тарихы әзірше жете зерттелген емес. Нәтижесінде небір кәсіби күйшілердің биік өнерінің жан-жақты зерттелмеуіне қоса, сол дәстүрлі күйшілер шеберлігінің өкше басар кейінгі ұрпаққа жұғысты болуы да ғылыми негізде қолға алынбай отыр. Бұл ретте, қазақтың күй мектептері үш топқа бөліп, олар Қазақстанның батысындағы, шығысындағы және орталығындағы күйшілік мектептер деп жіктейтін үрдіс бертін келгенше төбе көрсетіп келді. Соңғы кезде қазақтың күйшілік мектептерін бес топқа бөліп жіктеу әдісі қолданылып жүр. Қазақтың күйлерінің мұндай жіктелу түрін алғаш рет ұсынған белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбек болатын. Әзірше бұл жіктеуге қарсы уәж айтқандар болған жоқ.

Енді Көкіл күйінің шығу тарихына тоқталайық. Біз бұл мақаламызда қолда бар үш аңызын беруді жөн санап отырмыз

Күй - төресі Көкіл

Қазанғаптың шоқтығы биік күйлерінің бірі Көкіл күйінің шығу тарихы жөнінде көптеген аңыздар айтылады. Бұл күйдің аңызын Сәдуақас Балмағамбетов былайша баяндайды: “Қазанғап кештеу үйленіп, шаңырақ көтерген екен. Кеш үйленгендіктен де, баланы кеш сүйген. Бірінші сүйген сәбиі қыз болып, атын Ақшыбық қояды. Оны “Кекілім менің”, “Көкілім менің” деп әкелік мейіріммен ерекше жақсы көреді. Ақшыбық нәресте күнінде қатты ауырып қайтыс болады. Сонда Қазанғап қызының өліміне қатты қайғырып жоқтау ретінде осы күйді шығарған екен. Бұл күйін күйдің төресі “Көкіл” деп тартқан.

Көкіл күйінің шығу тарихының (екінші нұсқа) - Ел аузында “Көкіл” – аудың бір түрі көрінеді. Шынында да “Көкіл” күйі оқиғасына, рухына, сазына қарағанда мұңлы әуен секілді естіледі. Ол күйде:

Ақ шыбықты шырмаған,
Көкіл аудың айласы.
Ақшыбықты шырмаған,
Сұрқия ажал қайдасың?!!
Аумалы-төкпе өмір - ай!
Арманда өткен өмір - ай - деп тұрғандай.

Ақшыбық - Қазанғаптың жастай дүние салған қызы. Қазанғаптың Ақшыбық атты қызы болды дейді. Ақшыбық елдегі жайлаған сүзек ауруымен ауырып қайтыс болады. Жерлеп келгеннен кейін Қазанғап киіз үйдің төбесіндегі күлдіреуішінің қосылған жері торға ұқсайды екен. Тордың негізі-ау, аудың негізі тоқылып шығатын арқалықтарында укКөкіл дейтін жері болады екен. Ал сол ау деген нәрсе арқалыққа қосылады, табан қосылады. Содан ау болып Көкіл қосылады. Содан Қазанғап менің де Ақшыбығыма осындай Көкіл тап болды-ау, деп тартқан екен. Дерек: жырау Демеу Жолымбетов.

Көкіл (үшінші нұсқа). Күйге байланысты айтылатын аңыздың бірі Қазанғап күйлерінің шығу тарихы, күйшінің өмірі жайында, шәкірттері жөнінде баспасөз беттерінде мақалалар жариялап жүрген шалқарлық журналист Мұхамбетәли Есмағамбетовтің “Деректі әңгіме” атты мақаласында былайша баяндалады: “Қазанғап қосшысы Кәдірәлі екеуі Жем бойын аралап келе жатып, бір төбенің басына шыққанда, алдарынан бір жарық көрінеді. Әлгі жарықты бетке алып жүрген олар бір үйге кез болады. Сыртқа аттарын байлап аяқ суытып бойларын жылытып алу үшін үйге кіреді. - Жол жүрген жолаушы едік, боранна жүрісіміз өнбеді. Сосын ат басын осында тіредік. Менің атым – Қазанғап, қасымдағы қосшым Таласбай Ержанның Кәдірәлісі, - деп Қазанғап өздерін таныстырады. - Апыр – ау, бұл есік алдында жатқан итін домбырамен шақыратын, емшегі қатып қалған қара нарды идіретін Қазанғап па?! – деп таң тамаша болған үй иесі жолаушыларды жылы лебізбен қарсы алады. Қазанғаптың көзі терезе алдында ілулі тұрған домбыраға түседі. Жеңіл

қозғалып әлгі домбыраны алып қағып-қағып жібереді де, орнына қайта іліп қояды. -Тартыңыз, Қазеке, сөйлесінші кәрі шанақ, - деп отырғандар өтініш қылады. - Жоқ, бұл домбыраның иесі бар екен, оның рұқсатынсыз тартуға болмайды. Құлақ бұрауынан иесінің дүл-дүл екенін біліп тұрмын,-дейді күйші. -Оның иесі өзіміздің Ақжелең ғой. Жан дегенде жалғызым. Ұлым да, қызым да осы. "Әйтеуір, кішкентайынан домбыраға әуес болды. Кеше көрші ауылға келін түсіп, сонда кеткен еді, енді келіп қалар,- деген мезетте Ақжелең есіктен кіріп келеді. - Күнім, сен шайыңды ішіп болғаннан кейін мына келіп отырған қонақтарға өнеріңді көрсет. Бұл келіп отырғандар – атақты домбырашы Қазанғап пен оның шәкірті Кәдірәлі күйші, - дейді қызға әкесі. Шәй ішіліп дастархан жиналып болғаннан соң, кезек домбыраға беріледі. Ақжелең қос бұрымын сілкіп тастап, домбырасын қолына алады. Домбыраның ішегін бір қағады да:- Әке, мына домбыраны біреу ұстапты ғой, - дейді. Ыңғайсызданып қалған қыз әкесі Еспенбет: - Күнім, домбыраң сол орнында тұр, Қазанғап атаң дыбысын байқағаны болмаса, - дейді. Ақжелең домбыраның сабын оң қолымен, шанағын сол қолымен ұстап Қазанғапқа ұсынады. Қазанғап сонда байқайды. Қыз солақай екен, бұрауын теріс келтіріпті. Қыздың сезімталдығына риза болған күйші: - Жоқ, балам, жасым үлкен болғанымен, жолым кіші, домбыраның күйін бұзбайын, - деп Ақжелеңге домбырасын қайтарып береді. Сол кезде қыз домбыраны қолына алып ерекше сезіммен безілдете жөнеледі. Күй біткен кезде бүркітше қомданып, тұла бойын шабыт кернеген Қазанғап:- Бәрекелді, талабыңа нұр жаусын, бұл күйің қалай аталады? – деп сұрайды. - Сізге жайылған ақ дастархан үстінде туып отырған күй, атын өзіңіз қойыңыз, - дейді қыз. Сол арада сөзге Кәдірәлі араласып:- Ата өнерін қадір тұтқан өнерпаз қыздың өз атымен аталсын бұл күй. Аты "Ақжелең" болсын – дейді. - Болса болсын! – деп бәрі қауқаласып құптай жөнеледі. Енді күй кезегі Қазанғапқа келіп, ерекше шабытпен, өте аянышты бір күй бастайды. Отырғандар ойға батып, мұңға шомады. Кіші сағаға барып, бастапқы буынды қайталағанда, Ақжелеңнің көзіне жас үйіріледі. Күй әуені баяу баппен аяқталады. - Қазеке, сіз домбыраны тартқанда ерекше үн бітіп, адамша сөйлейді деуші еді, рас екен, елді тағы бір аласапыран күтіп тұрмаса болар еді, - деп қыз әкесі Еспенбеттің көңілі босайды. - Болып та қалар, биылғы жылдың бастауы жаман, айтуға аузым бармайды, осы домбыраға ерік бердім. Көкейімде жүрген Көкіл еді бұл күй, - деп ләм-лим деместен едәуір уақыт отырып қалады. Шынында да, бұл күй ел басына төнген ауыртпалықтың хабарын естірткендей еді. Сол жылы елді жұт жайлап, жұрт мол шығынға ұшырапты.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. (А.Сейдімбеков. «Күй шежіре». Екінші кітап.А.,1997.167 б).
2. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі.өАлматы: Жазушы, 1975-400б.
3. Жұбанов А. Ән күй сапары. – Алматы 1976 .
4. Жұбанов А. Қазақтың халық композиторлары. – Алматы 1967 .
5. М.Есмағамбетов. Күйші өмірінің соңғы кезеңін бейнелейтін «Домбырамен қоштасу» атты мақала // Парасат 1994 №8-15 б.

Мазмұны/Содержание

Абдужаббарова Алия Абдухаликовна..... 2
Ербатыр Б.Ө.,Сәбитбекова М.М., Утаргалиева Ш.Ш.
Молдашева Л.Ж., Қожабекова Ж.Қ..... 5
Акбалаева Мейрамкуль Жаксиликовна.....8
Акимбеков Бауыржан Тунгышбекович.....12
Алмагамбетова Хатира Арубаевна.....22
Арепьева Светлана Витальевна.....26
Ахметова Сауле Жумабаевна.....31
БаймагамбетоваАлия Ануаровна.....32
Балгарина Саржан Азишаневна.....36
Бектлеуова А.Р, Ахметова А.Б.....43
Бектлеуоваа.Р.,Бахаева А.Б.....48
Бимагамбетова Г.А.,Сахиұлы Б.....55
Бөкен Гүлназ Сайлаубайқызы.....61
Ваакс Александр Николаевич.....65
Ваакс Вера Александровна.....71
Глущенко Елена Анатольевна.....76
Гумарова Дина Катесовна.....80
Дүйсенова Т.Қ., Жаксибаева Ж.М.....85
Ержан Маусипа.....88
Ержігіт Айзада Нұржанқызы.....93
Жуманова Айшолпан Кенжебековна.....96
Зейнелова А.Е.,Суюндыкова Б.С.,Алькенова Б.К.....101
Ибрагимкызы.Ш.....104
Изгалиева Айгерим Жаскалиевна.....114
Иманбаев Азамат Капуханович.....119
Имаханова А.А.,Акаева М.А.....124
Исахова Несібелі Есиркеповна.....129
Калиева Ж.А.,Алтаева А.У.....134
Карипбаева Шынар Тоқтарқызы.....141
Әмет А.Ж.,Карынбаева М.Ж.....144
Кенжегалиева Айдана Женисовна.....149
Ким Е.О.,Адекенова А.Н.....152
Кинеев Архат Аргынович.....158
Кисанова Айгуль Булатовна.....159
Кубиева Нургуль Пангереевна.....164
Кульшарипова З.К.,Мустафина Р.С.,Жалмагамбетова Б. Ч.....169
Кульшарипова З.К.,Жакубалдина Б.Б.,Исабекова Б.Б.....174
Құрбанәлі Жазира.....180
Қалдыбекова Ақтолқын Серікқызы.....184
БалмановаШолпанЖибекалиевна.....189
КожамсугуроваА.С.....195
Қыдыршаев Абат СатыбайұлыА.С.,Маратқызы А.....199
Леньшина Евгения Олеговна.....204
Мажитова Алтыншаш Калижановна.....210
МалибаеваА.М.,Маханбетова А.Ж.,Бекмурзина А.Б.....217
Марина Ребенок.....220
Марушкина Наталья Ильинична.....224
МенденоваКуляшШиразетдиновна.....229
Міркемел Айнұр Мұратқызы.....234
Моисеев Евгений Сергеевич.....239

Морозова Фардана Яковлевна.....242
Мусапирова Жанар Толкымбековна.....247
Мустапаева МолдирАмировна.....252
Мустафина Лариса Михайловна.....257
Мухамбетиярова Кузбиби Аманбековна.....261
Мүслімова Сара Сағындық Қызы.....264
Элерт Надежда Викторовна.....268
Неделько Анна Александровна.....274
Нуркаманова М.А.,Науменко В.В.,Хващевский Н.Н.,Оспанова Г.А.....276
Нұрділлаева Р.Н.,Серік Г.С.,Баешов Ә.Б.....282
Оразбаева Мақпал Абдуманаповна.....286
Қыдыршаев А.С.,Орманова Қ.Б.....295
Оспанова Гульмира Бегалиевна.....297
Острянина Ирина Витальевна.....302
Плотебнева Кристина Валентиновна.....305
Просекова Римма Николаевна.....309
Пустовалова Л.П.,Жулдаспаева А.А.....315
Раимбаева Жанат Сапабековна.....318
РахматуллинаДаметкенБалгалиевна.....320
СавельеваЕлена Станиславовона.....326
Сайлиханова Мадина Айдаровна.....331
Сақыпова Д.С.,Медеуова Р.М.,Бектлеуова А.Р.,Умирзакова Ж.С.....336
Самарцева Александра Эдуардовна.....339
Сарсенова Эльвира Арстамбековна.....342
Сейфуллина Баян Сериковна.....347
Сулейменова Г.К.,Кыстаубаева К.С.....350
Сүйінбекұлы Кәрім.....357
Ташкенова Дана Казбековна.....360
Телепнева Надежда Николаевна.....364
Мандаева А.Е.,Теміржан А.Б.,Мұхиден А.М.....368
ТлеубердиеваЖ.К.,Аленова Р.А.,Сребродольская Я.С.....373
Топанова Г.Т.,Сергазина Ж.Ж.....378
Топанова Г.Т.,Калиева Ж.Т.....383
Тотанова Нүргүл Тотанқызы.....388
Умбетова Кункигаш Жайлановна.....393
Хайдарова Шахноза Зокиржоновна.....397
Худоёров А.Н.,Юлдашева М.А.,Хайдарова Ш,З.....402
Худоёров А.Н.,Юлдашева М.А.,Самсақова Х.Б.....406
Чаикова Адель Төлегенқызы.....409
Шаленова С.М.,Кощанова Г.Р.,Кулжагарова Б.Т.....412
Шамахай Жанар Шамахайқызы.....417
Бегимбаева Ж.С.,Шуренова А.Ш.....421
Нұрсұлтан А.Е.....426

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Авторлардың көзқарасы, ұстанымы сақталады.
Жинақтағы деректердің нақтылығына авторлар жауапты.
Олардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін.
Ғылыми басылымда жарияланған материалдар көшіріп басылған жағдайда сілтеме жасалуы тиіс.

«Білім-Образование-Education» РҒПО қарасты баспа орталығында беттеліп, басылды. Басуға 26.021.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 60х84/16. Қаріп түрі Times New Roman. Ризографиялық басылыс. Көлемі 10,75 шартты баспа табақ. Таралымы 50 дана.15000, Астана қаласы